



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30  
ЖЫЛ

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

**ОМАРБЕКОВ ЕСЕНГЕЛЬДЫ ОМАРБЕКҰЛЫНЫҢ  
75 жылдығына арналған «XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ  
ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ:  
ИННОВАЦИЯЛАР, ТӘЖІРИБЕ, ПРОБЛЕМАЛАР  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ»**

республикалық ғылыми-практикалық конференция

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

## **МАТЕРИАЛЫ**

Республиканской научно-практической конференции

**«ДОСТИЖЕНИЯ СОВРЕМЕННОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ XXI ВЕКА:  
ИННОВАЦИИ, ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ»,**

посвященная 75-летию кандидата ветеринарных наук, доценту

**ОМАРБЕКОВУ ЕСЕНГЕЛЬДЫ ОМАРБЕКОВИЧУ**



19 қараша 2021 ж.  
Семей




Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
КеАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент  
**ОМАРБЕКОВ ЕСЕНГЕЛЬДЫ ОМАРБЕКҰЛЫНЫҢ**  
75 жылдығына арналған  
**«XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ВЕТЕРИНАРИЯ  
ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ: ИННОВАЦИЯЛАР, ТӘЖІРИБЕ,  
ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ»**  
республикалық ғылыми-практикалық конференция

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**



## **МАТЕРИАЛЫ**

Республиканской научно-практической конференции  
**«ДОСТИЖЕНИЯ СОВРЕМЕННОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ XXI  
ВЕКА: ИННОВАЦИИ, ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ»**,  
посвященной 75-летию кандидата ветеринарных наук, доценту  
**ОМАРБЕКОВУ ЕСЕНГЕЛЬДЫ ОМАРБЕКОВИЧУ**

19 қараша 2021 ж.  
Семей

**ӘОЖ 619"20"(574)(063)  
КБЖ 48(5Каз)  
В39=М34**

**Главный редактор:**

**Б.А. Ердембеков** – Председатель Правления – Ректор, доктор филологических наук, профессор

**Редакционная коллегия:**

**А.С. Койгельдинова**, декан факультета ветеринарии и агроменеджмента, кандидат ветеринарных наук

**Е.П. Евлампиева**, руководить отдела по управлению научной деятельностью, кандидат биологических наук, и.о. доцента

**С.Д. Тусупов**, заведующий кафедрой ветеринарии, кандидат ветеринарных наук

**А.Н. Байгазанов**, и.о. профессора кафедры ветеринарии, кандидат ветеринарных наук, доцент

**Г.Қ. Әсетова**, преподаватель кафедры ветеринарии, магистр ветеринарных наук

**А.Қ. Сабырова**, преподаватель кафедры ветеринарии, магистр ветеринарных наук

**З.Т. Семейская**, специалист отдела по управлению научной деятельностью

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент Омарбеков Есенгельды Омарбекұлының 75 жылдығына арналған «**XXI ғасырдағы қазіргі заманғы ветеринария ғылымының жетістіктері: инновациялар, тәжірибе, проблемалар және оларды шешу жолдары**» республикалық ғылыми-практикалық конференция (Семей 2021 жылы, 19 қараша): Баяндамалар жинағы.

Республиканская научно-практическая конференция «**Достижения современной ветеринарной науки XXI века: инновации, опыт, проблемы и пути их решения**», посвященная 75-летию кандидата ветеринарных наук, доценту ОМАРБЕКОВУ ЕСЕНГЕЛЬДЫ ОМАРБЕКОВИЧУ. (Семей, 19 ноября 2021 года): Сборник докладов/гл. редактор Б.А. Ердембеков. – Семей: Университет имени Шакарима города Семей, 2021. – 188 стр. Казахский, русский, английский.

**ISBN 978-601-313-122-1**

В сборник включены доклады, представленные на пленарном и секционных заседаниях конференции, посвященной достижениям современной ветеринарной науки XXI века: инновации, опыт, проблемы и пути их решения. Рассматриваются актуальные вопросы, инновации, опыт и проблемы в современной ветеринарии. Материалы конференции будут полезны профессорско-преподавательскому составу высших учебных заведений ветеринарного и сельско-хозяйственного профиля, магистрантам и докторантам.

© Университет имени Шакарима города Семей, 2021

# 1 СЕКЦИЯ: ҚАЗІРГІ ВЕТЕРИНАРИЯДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР, ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛАР

## СЕКЦИЯ 1: ИННОВАЦИИ, ОПЫТ И ПРОБЛЕМЫ В СОВРЕМЕННОЙ ВЕТЕРИНАРИИ

ГТАХР: 68.41.41

**Қ.М. Қазақбаев, Н.А. Сұлтан, М.А. Амирова**  
Халықаралық Тараз инновациалық институты

### ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ҚОЙ ПСОРОПТОЗЫ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

#### SHEEP PSOROPTOSIS AND WAYS TO COMBAT IT IN ZHAMBYL REGION

Қазіргі кезде Жамбыл облысында қой өсіру тенденциясы жылдан-жылға жоғарылап дамып келеді, әсіресе фермерлерлік және жеке үй шаруашылықтарда. Оған әрине себеп бар, облыстың жеткілікті мал жайылым көлемі, өкіметпен әкімшіліктің қой шаруашылығын субсидиалап қолдауы және қой етінің ішкі және сыртқы нарықта тұрақты сұранысы бар.

Қой шаруашылығын ары қарай дамытуға тосқауыл қоятын барьердің бірі-осы жануарлардың паразитарлық аурулары. Осыған байланысты шаруашылық иелері қойлардың паразитарлық ауруларын емдеу және оның алдын-алуын білуі тиісті.

Қазан айының үшінші он күндігінде біз Жамбыл ауданының азаматының қойларының ауруына байланысты ветеринарлық көмек сұрауы бойынша, жеке шаруашылығында клиникалық және зертханалық зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Эпизоотологиялық мәліметтерді анықтау барысында және анамнез жүргізгенде мал иесінің айтуы бойынша қойлар қасынып жүндері түсе бастады және барған сайын ауыру өршіп бара жатқанын мәлімдеді. Осындай жағдай қыстауда бұрында болғаны белгілі болды. Қойлар «Алмалы» қыстауында орналасқан жалпы шаруашылықта әр түрлі тұқымды 280 қой, оның ішінде ересек 165 бас және осы жылы туылған 115 тоқты (қозылар) бар. Малдың бәрі бір қорада орналасқан.

Тексеру жүргізгенде отардан ауырып тұрған клиникалық белгілері бар 15 ересек және 9 бас тоқты бөліп алдық, бәрі биязды және жартылай биязды тұқымды қойлар 12 қой осыдан екі ай бұрын отарға жаңадан сатып әкеліп қосылғаны белгілі болды. Бөлінген қойлардың жалпы клиникалық зерттегенде жағдайлары төмен, арық, кейбіреулерінің дене қызуларын өлшегенде қалыпты жағдайдан 1-2 градус жоғары көрсетті. Аурудың бірінші және тұрақты белгілері қышу болып табылды. Жануарлар қышыған бөліктерді аяқтарымен қасып, немесе тістеп, қатты заттарға қасынады. Ары қарай осындай бөліктерде жүнді ұстаған кезде олар жеңіл қабатталады және өздігінен түседі. Аурудың даму шамасы бойынша қышу аллергиялық сипатқа ие болады, осы себептен қойлар кене жоқ сау бөліктерді қасиды. Қышу түнде, әсіресе жанбырдан кейін және құбылмалы ауа райында күшейетінін байқадық.

Жалпы клиникалық патологиясы бар 24 бас қойды екі топқа бөлдік. Бірінші жеті бас қойда қарқынды зақымдалған топ, бұлардың терісінде патологиялық өзгерісі бар кең жүнсіз бөліктері түзілген. Зақымдалудың біріншілік ошақтары жауырын, желке, бел, арқа аумақтарын таралған. Бұл жерлерде кенелердің көбеюі мен енуі үшін қолайлы жағдайлар табылады.

Кенелердің парзиттелген орындарында гиперемия, зақымдалған тері бөлігінің ісінуі және қабынуы туындалған. Үрдіс терінің үрпі қабатының және эпидермистің жасушалық серозды инфильтрациясының нәтежиесінде папулалардың түзілуімен сүйемелденген. Олардағы серозды сұйықтықтың жиналуы шетіне қарай, папулалар везикулаларға айналыпты.

Ірің микроорганизімдер енген кезде, соңғылары пұстулаға айналған. Везикула мен папуланың бұзылу шегі бойынша қасу нәтежиесінде, теріге лимфа, қабынған экссудат таралып, ол кеуіп, алғашында сұрғылт сары қышымаларға немесе қабыршықтарға, кейін қабықтың тығыз қалындап және консистенциясына айналғанын байқадық.

Зақымдалған бөліктерде патологиялық үрдістің дамуына байланысты түбіті түсе бастаған, тері серпімділігін жоғалған, қатпарланып, қалындаған. Үрдіс ылғалды ауа райы байланысты үш жануарда суланған экзема пайда болған. Инфазиялық үрдісі алғашында ошақты сипатта болып. Ары қарай кененің қоректену аумағының жаңа орындарға ену бойынша зақымдалу кеңейген, дененің әр түрлі бөліктерінде жаңа ошақтар пайда болған. Осы әлсіз қойларда көптеген ошақтардың бірігуінен дененің айтарлықтай беті тартыла бастаған. Аурудың генералзденген формасы кезінде, тері үсті арқылы токсинді өнімдердің организмге қарқынды сіңу нәтежиесінде терінің физиологиялық функциясы бұзылады. Ауру жануарларда лейкоцитоз, эозонофилия білінеді, гемоглабиннің мөлшері төмендейді, басқада гемодинамикалық жылжулар болады.

Екінші топтағы 17 бас қоймен тоқтыларда бірінші топқа қарағанда псороптоз ақырын және әдеттегідей емес дамыған. Қышу факторы әлсіз білінеді. Зақымдалған ошақтардағы жүні шатасқан және дымқылданғаны байқалады. Тері тығызсыз және экссудативті қабықты болып сәл қабынған. Жүнсіз ошақтар сирек кездеседі және көлемі кіші. Ауру, жүдеген қозыларда аурудың белгілері 1,5-2 айлығында пайда болады және олар әлсіз көрінеді.

Үшінші топты, бақылау топ деп есептеп клиникалық белгілері мүлдем жоқ аурмаған малды жатқыздық.

Жалпы клиникалық зерттегенде алдын-ала қой псороптозы диагноз қойылды. Осы болжамызды дәлелду үшін тері қырындысын микроскопиялық зерттеу нәтежиелері негізінде қойылды. Аурудың қоздырғышы – *Psoroptidae* тұқымдастығының *Psoroptes ovis* құртты кенелер болып табылды Кенелері өте ұсақ және терінің ішін, яғни эпидермис қабатында мекендейді.

Олардың морфологиялық мәліметтері, тері асты кенелерінің тұқымдық сипаттамаларына сәйкес келеді. Пішіні дөңгеленген, тұмсығы таға тәрізді, кеміруге бейім. Дене тұрқы 0,2-0,5 мм. Аяқтары қысқа, табандарында қоңырау тәрізді жабысқақтары бар. Сондықтан диагнозды эпизоотологиялық мәліметтері, ауру белгілері және микроскопиялық зерттеу нәтежиелері негізінде қойылды.

Қойлардың псороптозына қарсы негізгі емдеу әдісі, тері қабатын толықтай акарицидті сұйықтықпен қанықтыру болып табылады. Ол үшін жануарларды акарицидті эмульсиялы ванналарға жуындырады. Сонда инвазионды үрдіс таралу және қарқындылығы тоқталады, себебі жуындыру кезінде барлық тері қабаттарының жаппай дезакаризациясы қамтамасыз етіледі. Бірақ біздің жағдайда малды ваннаға шомылдыру мүмкіндік болмады себебі біріншіден ауарайының суықтығы, екіншіден шаруашылықта арнайы дезакаризациялық жуындыру шұңқырдың жоқтығы. Осы себептен біз емдеуге, бірінші және екінші топқа дустотерапия шараларын қолданадық, бір қырқылмаған қойға бірінші топқа 200 гр.дейін ал екінші топқа 300 гр. дейін дуст жұмсадық. Қауапсіздікке байланысты дустармен өңдеуді желден қорғалған шатыр астында арнайы құрал жабдықтар пайдаланып жүргізілді. Емдік нәтижені күшейту үшін жүйелік әсері бар аверсект препаратын тері астына ірі қойларға 1 мл., ал тоқтыларға салмағына қарай 0,5-1 мл. инъекция арқылы қолданадық. Үшінші бақылау тобына профилактикалық есеппен аверсект препаратын қолдандық. Қосымша қойлармен бір уақытта отарда бірге жүрген екі бас ірі қара малды және екі итті дустотерапия арқылы өңдедік.

Нәтижесін анықтау үшін он күннен кейін бақылау жүргіздік. Бірінші топтағы қойларда клиникалық өзгерістер жоқ тері таза бір қалыпты болып шықты. Екінші топта ауырған қойларда зақымдалған тері бөліктерде патологиялық үрдістің дамуы тоқталған, тері серпімділігі жақсарған, қатпарлары түсіп бір қалыпқа келген зақымдалған ошақтардағы жүні өсе бастаған. Осы себептен емдеу шаралары оң нәтижесі көрсетті деп есептейміз.

Профилактика ретінде шаруашылықтың қойларына, тері асты кенелерінің енуіне қарсы алдын алу шараларын жүргізуге төменгі тізім бойынша кеңес берілді.

1. Шаруашылыққа түскен қойларды ең бірінші карантиндейді, кейін акарицидті эмульсияларда жуындырады.

2. Көрші фермерлермен бірігіп қойларды шомылдыратын арнайы бетондалған ваннаны соғып, іске қосу.

3. Жылына екі рет көктемде және күзде қырқыннан кейін шаруашылықтың қойларын түгел акарицидті эмульсиялы ванналарға шомылдыру қажет.

4. Мал қораларды тазалау және толық дезакаризациядан жылына екі рет өткізу.

5. Қойларға арналған жайылым көрші шаруашылықтың жануарларымен араласып кетпеуі керек.

#### **Әдибиеттер**

1. Сабаншиев, М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары: Оқулық. / ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. – Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. – 480 б.

2. Шабдарбаева, Г.С. Ветеринариялық протозоология және арахноэнтомология: Оқулық. / ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. – Алматы: Print-S, 2011. – 279 б.

3. Сабаншиев, М.С. Ветеринариялық паразитология практикумы: Оқу құралы. / ҚазҰАУ. – Алматы: Айтұмар, 2013. – 232б.

4. Дәуітбаева К.Ә., Дәуітбаева Г.К., Сатыбалдиева Ж.С. «Омартқасыз зоология» – Алматы, 2011 – 376 б.

ГТАХР: 68.41.49

**Д.М. Муратбаев, З.К. Токаев**

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

### **СИЫРЛАРДЫҢ КӨБЕЮ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАҒДАЙЫН ГИСТОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

#### **RESULTS OF ASSESSMENT OF THE CONDITION OF THE REPRODUCTIVE ORGANS OF COWS BY HISTOLOGICAL EXAMINATION**

Жануарлардың өсіп-өну үрдісін ветеринариялық тұрғыдан қамту маңызды болып табылады. Өйткені, төлдегеннен кейінгі малдәрігерлік алдын алу шаралары, сиырлардың инволюциялық процестерінің барысын дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді және аналық бездерде фолликулогенезбенен бірге төлдегеннен кейін жыныстық циклдің тез қалпына келуіне ықпал етеді. Репродуктивтік көрсеткіштерді арттырудың жолы ретінде: акушерлік ауруларды ерте анықтау, тиімді емдеу, алдын алу және сүтті мал табындарын қарқынды репродукциялауды қамтамасыз ету мақсатында инволюциялық процестерді ынталандыру сияқты ветеринариялық іс-шаралар кешенін енгізу болып табылады.

Бұл жағдайды шешу мемлекет тарапынан инновациялық шешімдерді талап етеді. Әрбір шаруашылық алдында тұрған басты міндет – бұл аналық табынның өнім беруінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, сиырлардың көбеюі жасанды ұрықтандырудың тиімділігіне де байланысты. Атап айтқанда: шәует сапасы, шәуетті енгізудің оңтайлы уақытын анықтауды қамтамасыз ету, буаздықты ерте анықтау, акушерлік және гинекологиялық патологияларды дер кезінде анықтау маңызды болып табылады. Сиырлардың сүт өнімділігін 7-10 мыңға дейін арттыру аясында репродуктивті қабілеттілікті сақтау үшін кешенді толық азықтандыруды, тиісті күтіп-бағуды, терапевтік және алдын алу

іс-шараларын, жануарлардың биологиялық жайлылығын қамтамасыз ететін жоғары технологиялық тәсілдер жүйесін шешкен жағдайда ғана мүмкін екендігі дәлелденген.

Мал шаруашылығын өнеркәсіптік негізде ұстау технологиясы бір аумақта көп жануарлардың шоғырлануымен бірге, олардың қарқынды қолданылуын көздейді. Бұл өз кезегінде жануарлардың денсаулық жағдайы мен өсіп-өнуі, емдік және профилактикалық іс-шараларды уақтылы жүргізу арқылы ұйымдастыру қажеттілігін туындатады. Сондықтан көптеген ғалымдар акушерлік диспансерлеуді ұсынды [1].

Диспансерлеуге негізінде барлық мал басын жүйелі және тереңдетілген клиникалық, биохимиялық және арнайы профилактикалық тексеру жатады. Сонымен қатар, сиырлардың денсаулығы мен өнімділігіне әсер ететін сыртқы орта факторларын жою, жануарларды ұтымды азықтандыру, ұстау мен күту жүйесін ұйымдастыру жатады. Сиырлардың сүттенуі мен суалту кезеңдері және олардың төлдеу басталғанға дейінгі ұстау уақыты өте жауапты болып табылады. Бұл кезеңдер төлдегеннен кейінгі кезеңде жиі туындайтын төлдеуден кейінгі патологиялар мен асқынулардың алдын алуда маңызды.


Осыған орай, аурулардың себептерін анықтау және олардың бүкіл ағзаға және жыныс мүшелеріне әсерін анықтау-ветеринариялық медицина маманының негізгі міндеті болып табылады. Бұл тек қана жануарлардың жалпы клиникалық, ректалдық және қынаптық зерттеу нәтижелерін жан-жақты терең талдау, қанды зертханалардағы зерттеу нәтижелерін бағалау, жыныс мүшелерінен ақпаның жағдайын бағалау арқылы мүмкін болады [2].

Қазақстан мен басқа да елдердің көптеген зерттеушілері сиырлардың қысырлығы мен бедеулігі салдарынан төлдің 15-30% алынбайтындығы жөнінде өз зерттеулерінде көрсеткен [3, 4]. Бірақ, ұрықтанудың және сүт өнімділігінің төмендеуі, одан да маңызды болып табылады. Сиырлардың ұрықтануы 17-40%-ға, төлдеу және сүт өнімділігі 12-18%-ға төмендегені анықталған (В.П. Гончаров, В.А. Карпов, 1991) [5]. Жатыр, жұмыртқалық және жұмыртқақлетка жолындағы қабыну үдерістері бедеуліктің, әсіресе симптоматикалық формасының негізгі себептерінің бірі екені дәлелденген (В.П. Хомич және басқалар, 2003) [6]. Олардың қай жерде орналасқанына қарамай, жыныс ағзаларының морфологиялық және гистологиялық құрылымында патологиялық өзгерістер, көбінесе кілегейлі қабығында пайда болғаны айқын көрінеді (В.Л. Шнайдер, 2013; В.А. Яблонский, 2006) [7,8]. Осыған байланысты, сиырлар бедеулігін емдеу және алдын алу бүгінгі күні өте өзекті болып табылады.


Бұл жұмыс 2018-2020 жылдарға арналған ауылшаруашылық саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер жобасы (О.0879) аясында ғылыми-техникалық бағдарламасына бойынша: «Мал өсірудегі селекция әдістерінің тиімділігін арттыру»: «Сүтті ірі қара мал шаруашылығында өсірудің тиімді әдістерін дамыту» жобасы бойынша: «Оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтағы сиырлардың репродуктивті қабілетін арттыру» орындалды

Әдебиеттен бедеу сиырлардың ішкі жыныс ағзалары күйін ең анық нақтамасын (диагностика) дәлелдейтін гистологиялық әдістемелер екені аян, бірақ ол көп еңбек сіңіруді керек қылатындықтан шаруашылық жағдайында қолдану әлі мүмкін болмай отыр. Дегенменде, ішкі жыныс ағзаларын зерттеуге алынған 21 сиырда аналық без (жұмыртқалық), жұмыртқақлетка жолы және жатыр патологиясын анықтап, емдеу үшін өткіздік. Енді ғылыми-зерттеу жұмысы барысында бедеу сиырлардың ішкі жыныс ағзалары өзгерістерінің гистологиялық құрылымын сипатталық. Осы мақсатта акушерлік және гинекологиялық диспансерлеу барысында ұзақ уақыт бедеу болған сиырларды сойысқа жіберіп, ал ішкі жыныс мүшелерін гистологиялық әдістемелермен зерттелді. Ол үшін ішкі жыныс мүшелерінің келесідей бөлімдері алынды: жатыр мүйізі, жұмыртқа (жұмыртқақлетка) жолы, аналық жыныс безінің (жұмыртқалық) бөлшектері алынды.

Ішкі жыныс ағзалары ұлпаларынан таңдап алынған үлгілер құрылысында гистологиялық зерттеу барысында айқын ерекшеліктер бары анықталды (1 сурет ).




а – сірлі қабық; ә – сыртқы бұлшық ет қабаты; б – тамырлы қабат; в – тамырлар. Гематоксилін-эозин, х 40  
1 сурет – Жатыр мүйізінің артқы жақ бөлімінің (каудальды) бөлшегі




а – сірлі қабық; ә – ішкі бұлшық ет қабаты; б – тамырлардың топтануы. Гематоксилін-эозин, х 80  
2 сурет – Бедеу сиырдың жатыр мүйізі қабырғасының ортаңғы бөлімінің бөлшегі

Эндометрийдің эпителий асты (субэпителиальды) қабатындағы қан тамырлары кеңейген, эритроциттермен толы және көбінесе бір қабатты эндотелийден құралған (3 сурет).




а – тамыр қабырғасы; ә – эритроциттер. Гематоксилін және эозин, х 400  
3 сурет – Эндометрийдің көк тамыршалары (венула)

Эндометрийдің терең орналасқан бездері жартылай бұлшық ет қабығы ішіне кіре өседі, бір қатарлы цилиндр тәрізді эпителиймен жабылған (4 сурет), олардың ядролары қарқынды күлгін түске боялған.




а – миометрийдің терең қабаты; ә – эндометрийдің тереңдегі бездері. Гематоксилін-эозин х 40.  
4 сурет – Эндометрийдің терең қабатының бөлшегі



5 сурет – Эндометрийдің бөлшегі: а-терең қабаттағы бездер. Гематоксилін және эозин, х 400

Дәнекер ұлпадан құралған жатыр түтігінің байланыстары және мол секуляризацияланғандары жұмыртқалық (аналық без) байланыстарына дейін жалғасады (5 сурет). Жатыр түтігінің қабынуына (сальпингит) шалдыққан сиырдың гистологиялық құрылымы (6 сурет).






а – өсінділер негізі; ә – өсінділер эпителийі; б – өзекшелер; в – қатпаралар арасындағы саңылаулар;  
г – қатпарлар негізі. Гематоксилин және эозин, х 400.

6 сурет – Жатыр түтігі ампуласының қабырғасындағы бөлшегі

Аналық жыныс безі (жұмыртқалық) бір қабатты куб тәрізді эпителиймен жабылған, оның астында ақуыз қабығы болады. Аналық бездің ақуыз қабығы тығыз, ол түрлі бағыттағы құрылымдық талшықтардың 2-3 қабатынан тұрады. Оны төсейтін куб тәрізді эпителийдің кей жерлері зақымдалған не қираған. Ондағы дәнекер ұлпа, қыртысты қабатқа батқан, түрлі, әсіресе созылынқы формалы пердешелер құрады. Ми қабаты стромасының жанында сопақша пішінді ұсақ көктамырлармен тамырланған (васкуляризация). Олардың қабырғалары эндотелийдің бір қабатымен түзілген, ал қуысы эритроциттермен толған (7 сурет).




а – ақуыз қабығы; ә – септтер (пердеше); б – строма; в – фолликулалар; г – эритроциттермен толы көктамыр.  
Гематоксилин және эозин, х 40.

7 сурет – Аналық бездің қыртысты қабаты

Ақуыз қабықтың бойында орналасқан фолликулалар бос немесе олардың қуысында фолликулярлы эпителийдің кесектері, ал кейбірінде – аналық жасушалар болады.

Қыртысты қабаттың тереңдігінде жартылай фолликулярлы эпителийі бүлінген, жасушалары ретсіз орналасқан жеке екінші дәрежелі фолликулалар жайғасады. Олардан басқа, үлкен үшінші реттік фолликулалар құрылған, олардың қуыс жақ беті көп ядролы фолликулярлы эпителиймен жабылған. Қуысы бос фолликулалар кездеседі. Мұндай фолликулалар қатарында қан тамырлары орналасады. Жекеленген үлкен үшінші реттік фолликулалар үстінде ұзынша-сопақша формалы фолликулалар болады, оның қабырғасы да фолликулалық эпителиймен жабылған, олар бүкіл қуысты толтырады. Қыртысты және тамырлы қабаттардың стромасы тығыздалады. Осы қабаттардың шекарасында жеке үшінші фолликулалар жатады, олардың фолликулярлық эпителийлері ішкі бетінен жіктелген, ал қуысы қызғылт түсті ұйындымен толған, ол фолликулалы қабатқа тығыз жанасады немесе олардың шоғыры фолликуланың дәл ортасында жатады (8 сурет).



а – фолликула; ә – фолликуланың қабырғасы; б – фолликуланың ортасындағы түйдек, не шоғыр (конгломерат).  
Гематоксилин және эозин, х 400.

8 сурет – Фолликуланың бітеуөзегі (атрезия)

Бедеу сиырлардың жыныс мүшелерінің келесідей патологогистологиялық өзгерістері болды: эпителиалды жабыннан айрулымен сипатталатын эндометрия дистрофиясы және паренхиманың ұсақ жасушалық элементтерімен инфильтрациялаумен; қатпарлардың гипертрофиясы және шырышты қабықтың эпителиалдық қабатының гиперплазиясы жатыр түтіктерінің қан тамырларының ұюы (тромбылану); аналық без беткейлік фолликулдар санының азаюымен сипатталатын тығыздану анықталды

#### Әдебиеттер

1. Зверева Г.В., С.П. Хомин. Акушерська і гінекологічна диспансеризація у системі юфілактики неплідності та маститів у корів //Науковий вісник Національного аграрного університету. – К., 2000. – С. 21-33.
2. Некрасов Г.Д., Суманова И.А. Акушерство, гинекология и биотехника воспроизводства животных. – 2014. – с.101
3. Қалтаев Ш.Қ., Жукин Б.Д., Жоланов М.Н., Қойбағаров Қ.У. “Ветеринариялық акушерлік, гинекология және көбею биотехникасы”, Алматы, 2011 ж. – 166 б.
4. Givens MD, Marley MS, Riddell KP, Galik PK, Stringfellow DA. Normal reproductive capacity of heifers that originated from in vitro fertilized embryos cultured with an antiviral compound. *Animal Reproduction Science*, 2009; 113: 283-286.
5. Гончаров В.П., Карпов В.А. Профилактика и лечение гинекологических заболеваний коров. – М.: Росагропромиздат, 1991, – 192 с.
6. В. Т. Хомич [и др.]. Морфология сільськогосподарських тварин // За ред. В. Т. Хомина. – К.: Вища освіта, 2003. – 527 с.
7. Шнайдер, В. Л. Патологоанатомічні зміни внутрішніх статевих органів за гінеко-логічних захворювань корів // Наук. вісн. Луганс. НАУ. Серія Ветеринарні науки. – Луганськ: Елтон-2. – 2013. – № 53. – С. 150–153.
8. Яблонський, В. А. Ветеринарне акушерство, гінекологія та біотехнологія відтворювання тварин з основами андрології / В. А. Яблонський, С. П. Хомин, Г. М. Калиновський / За редакцією В. А. Яблонського та С. П. Хомина. Підручник. – Вінниця: НоваКни-га, 2006. – 592 с.

FTAХР: 68.39.13

**А.М. Мұқатаев, Ш.Қ. Сұлейменов, А.Қ. Сабырова, Г.Қ. Әсетова**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, aitbek\_mukataev@mail.ru

#### **ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ АҚБАС ТҰҚЫМДЫ СИЫРЛАРДЫ ГОРМОНАЛДЫҚ ПРЕПАРАТТАРМЕН КҮЙГЕ КЕЛТІРІП ҰРЫҚТАНДЫРУ**

#### **INSEMINATION COWS OF THE AKBAS BREED OF MEAD ORIENTATION WITH ADJUSTMENT WITH HARMONIC PREPARATIONS**

Соңғы жылдарда алдыңғы қатарлы мал шаруашылықтарында қолдан ұрықтандыру саласы өндірісінің ең маңызды саласы болып есептеледі. Қолдан ұрықтандыру жұмыстары қазіргі таңда қарқын алған сайын малмен айналысатын адамдарға көптеп кіріс беруде, әсіресе сүт бағытындағы ірі қара шаруашылықтарында. Халықты пайдалы азық-түлікпен тамақтандыру адам организміндегі ең маңыздысы – мал ақуызын пайдалану көбінесе малшаруашылығының дамуына байланысты анықталады [1].

Жануарлардың репродуктивті қызметін реттеу үшін соңғы жылдары көбінесе сергон, фоллимаг, кең гипофизарлық табиғатты арасында таралымға ие болған фоллитропин, ФСГ-супер, ФСГ-п және басқа көп қолданылады.

Фертагил, диригестран, сурфагон, супергестран және басқалары гонадолибериндерге жатады. Простагландин F2α өкілдері-эстрофан, динопрост, магэстрофан, энзапрост, ремофан, просольвин және басқалары. Сонымен қатар прогестерон, диамол және басқалары сияқты прогестиндер де жиі қолданылады деп хабарлайды А.Г. Нежданов және басқалары (2008) [2].

Ірі қара малдың репродуктивтік шамасын төмендетуді шақыратын этиологиялық факторлар құрылымында эндометрит, созылмалы жатырдың төлдеуден кейінгі баяу қалпына келуі, аналық бездердің овуляциясыз дистрофиясы, төзімді сары дене, аналық бездердің сарысулы ісігі, сонымен қатар осы аурулардың бірігуі ерекше орын алатындығы туралы көптеген ғалымдар ортақ пікірге келеді Нежданов А.Г., Лободин К.А., Богданова Н.Е. [53], Беляева, Н.Ю., Смолянинов Ю.И., Никоноров П.Н., Юшков Ю.Г., Донченко А.С., Топурия Л.Ю., Есказина А.Б., Селиванов, Г.О. [3].

Сиырлардың жаңғыртушылық қызметін ынталандыру репродуктивті аппараттың қызметтік жағдайын жоғарылатуға, жыныстық қызметтің қайта қалпына келтіруші және түзетуші үрдістеріне, қызметтік ауытқу себептерінің алдын алу мен болдырмауға, бедеулік ұзақтығының азаюына, және ізінше жануарлардың сүттілік өнімділігінің жоғарылауына мүмкіндік беертін күрделі биотехнологиялық тәсіл болып табылады. Ынталандыруға репродуктивті жүйенің айтарлықтай әсері биологиялық белсенді заттарды қолданудың ғылыми негіздемесіне ие [4].

### Зерттеу әдістері мен жабдықтары

Зерттеу жұмыстары 12.06.2021-26.06.2021ж.ж аралығында Шығыс Қазақстан облысы, "Шалабай" ЖШС шаруашылығында жүргізілді. Зерттеу жұмысында етті бағыттағы орташа жастары 2,5-5 жас аралығындағы, салмақтары 350-600кг болатын, 500 бас ақбас тұқымды сиырлары қолданылды. Сиырлар төмендегі схема бойынша күйге келтірілді (кесте 1).

1 кесте – Шалабай шаруа қожалығындағы қолдан ұрықтандыру жұмыс жоспары және схемасы

Жұм.к үн	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Күні	12.06	13.06	14.06	15.06	16.06	17.06	18.06	19.06	20.06	21.06	22.06	23.06	24.06	25.06	26.06
Сиыр саны 63	1 топ овсинх Сурфаг он 09:00						Эстроф ан 10:00		Сурфаг он Ұрық.у 16:00						
Сиыр саны 68		2 топ овсинх Сурфаг он 09:00						Эстроф ан 10:00		Сурфаг он Ұрық.у 16:00					
Сиыр саны 70			3 топ овсинх Сурфаг он 09:00						Эстроф ан 10:00		Сурфаг он Ұрық.у 16:00				
Сиыр саны 67				4 топ овсинх Сурфаг он 09:00						Эстроф ан 10:00		Сурфаг он Ұрық.у 16:00			
Сиыр саны 86					5 топ овсинх Сурфаг он 09:00						Эстроф ан 10:00		Сурфаг он Ұрық.у 16:00		
Сиыр саны 71						6 топ овсинх Сурфаг он 09:00						Эстроф ан 10:00		Сурфаг он Ұрық.у 16:00	
Сиыр саны 75							7 топ овсинх Сурфаг он 09:00						Эстроф ан 10:00		Сурфаг он Ұрық.у 16:00

Бірінші күні таңғы сағат 09:00 Сурфагон (синтетикалық гонодотропин – рилизинг гормонының аналогы) 10 мл бұлшық етке ектік. Бұл препарат инъекциядан 2-3 сағаттан кейін қанда лютеин (ЛГ) мен фолликулды ынталандыратын (ФСГ) гормондардың босатып, нәтижесінде организмге енген гонодолиберин стеройдогенез белсенділігі процесін өзгерте отырып, овуляция мен фоликулалардың даму процесін белсендіреді.

Содан кейін сурфагонмен бірге Е селен 10 мл препараттарын бұлшық етке ектік, антиоксидантты әсері бар, жануарлардың гормональды метаболиттік және иммундық статусын қалыпқа келтіріп, сиырдың ұрықтануына септігін тигізе отырып сервис кезеңін қысқартуға септігін тигізеді.

Схема бойынша 5 күннен кейін бшы күні таңғы сағат 10:00 Эстрофан 4 мл бұлшық етке ектік. Эстрофан гормональды препарат құрамындағы әсер етуші ретінде клопростенол болып табылады, ол аналық жыныс безіндегі сары денесін регрессиясына әсер етеді. Сондықтан прогестеронның, фоликуланы стимулдеу гормонымен Лютеин гормондарының деңгейін төмендетіп, әсерін тежейді. Ол фоликуланың өсуіне мүмкіндік бере отырып малдың күйітке келуіне септігін тигізеді. Ректалды тексеру барысында барлық сиырлардың жатыр мойынының көлемінің ұлғайғаны және жатыр мойынының бұлшық еттерінің босансығаны байқалды.

Схема бойынша сиырларды, таңғы 6:00 – дан бастап бөлек қамадық. Эстрофан енгізілгеннен 1 күннен кейін, сиырлар ректалды әдіспен асыл тұқымды "Малыш" атты бұқаның ұрығымен ұрықтандырылды. Одан кейін қайталап кешкі 18:00 қайтадан ұрықтандырылды.

#### **Зерттеу нәтижелерін талдау.**

Мал басын қарқынды көбейтуде, қолдан ұрықтандыру жұмыстарын жандандырып, сиырларды күйге келтіруде біз қолдан ұрықтандыру жұмыстарына 500 бас сиырдың салмағына, жасына, қоңдылығына байланысты таңдалып, жоғарыда аталған схема бойынша жасалдаған жұмысымыздың нәтижесі 78% көрсетті. Біз үшін өте жақсы көрсеткіш. Қараша айының 23,24 күндерінде ректалды әдіспен тексергенде 390 сиырда 4 айлық бұзау бар екендігі толық анықталды.. Малдардың дұрыс күйге келуі мен ұрықтануы сапалы ұрыққада байланысты деген тұжырымға келдік.

Сонымен қатар ақбас асыл тұқымды ірі қаралары жергілікті жердің климатына тез қалыптасқыш әрі төзімді болып келеді. Бұл тұқымның сапасын арттыруда қолдан ұрықтандыру жұмыстары көптеп жүргізілуде. Сонымен қатар арнайы әлінген сапалы ұрықтар қолданылуда, сиырларды гармональдық препараттармен күйге келтіріу маңызды жұмыстардың бірі болып табылды.

#### **Әдебиеттер**

1. Ауыл шаруашылығы министрі С.К.Омаровтың баяндамасы. Нұр-Сұлтан, 03.06.2020
2. Нежданов, А.Г. Эндокринные факторы в развитии метра овариопатий у коров / А.Г. Нежданов, В.А. Сафонов // Проблемы, задачи и пути научного обеспечения приоритетного национального проекта «Развитие АПК»: материалы Всероссийской научно-практической конференции. – Новочеркасск, 2008. – С. 84-86.
3. Богданова, Н.Е. Эффективность применения плацентарных и гипофизарных гонадотропных препаратов для восстановления плодовитости коров при гипофункции яичников: дисс. канд. вет. наук / Н.Е. Богданова – Воронеж, 2006. – 145 с.
4. Джакупов И.Т., Аубакиров М.Ш. УДК 619:618,1:636.082.435.5. Показатели Воспроизводительной функции коров в зависимости от способов осеменение. Журнал Ветеринарии 2015 – № 4 стр 33-34.

**Д.А. Абдрахманова**

НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана»,  
г. Уральск, [zapkazatu@wkau.kz](mailto:zapkazatu@wkau.kz)

## **ОРГАНОЛЕПТИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА МЯСА ПЕРЕПЕЛОВ ПРИ ДОБАВЛЕНИИ В ИХ РАЦИОН МИНЕРАЛЬНОЙ КОРМОВОЙ ДОБАВКИ**

### **ORGANOLEPTIC EVALUATION OF QUAIL MEAT WHEN ADDED TO THEIR DIET WITH A MINERAL FORAGE ADDITIVE**

**Введение.** Перепеловодство одно из самых рентабельных отраслей птицеводства, способной приносить больше прибыли. У этих птиц высокая скороспелость и для разведения не требуется значительных площадей. Особую ценность представляет перепелиное мясо, которое относится к диетическому продукту. Кроме того, перепела более устойчивы к заболеваниям и процент сохранности молодняка превосходит большинство других пород и кроссов домашней птицы [1]. Для нормальной жизнедеятельности организму перепелов необходимо постоянное поступление комплекса питательных и биологически активных веществ. Традиционным источником энергии в рационе перепелов является зерно злаковых культур (пшеница, ячмень, рожь, овёс). Оптимальный уровень энергии позволяет достигать показателей высокой продуктивности при меньших затратах корма и протеина. В настоящее время в птицеводстве отмечается дефицит высокопитательных кормовых ресурсов. Для снижения себестоимости продукции птицеводства с экономической точки зрения более выгодно использовать не только дешёвые местные зерновые культуры (пшеницу, рожь, ячмень и овёс), но и отходы мукомольного производства (пшеничные и ячменные отруби), а также низкоэнергетические кормосмеси [2].

Из проблем современного птицеводства при разведении перепелов наиболее распространенной является кормовой стресс и высокая чувствительность птицы к качеству кормов, которые способны вызвать нарушения в обмене веществ. Цель исследования - определить отклонения от нормы органолептических показателей мяса нескольких образцов. По результатам санитарного осмотра внутренних органов и мяса перепелов трех партий были отобраны тушки двух опытных групп и одной контрольной. Минеральная кормовая добавка, выбранная нами для исследования мяса перепелок, разработана из горной породы опоки, полученной из Таскалинского месторождения Западно-Казахстанской области. Окраска опок имеет зеленоватый цвет. Легкая, твердая, микропористая. Кремнистое вещество имеет коллоидно-микрозернистое строение и опал-халцедоновый состав. Согласно геологическим данным опоки залегают в палеогеновых и меловых отложениях, образуются в морских бассейнах за счет уплотнения и цементации диатомитов и трепелов [3,4].

В таблице 1 показаны результаты органолептической оценки образцов птицы.

Органолептическая оценка проводилась в испытательном центре НАО «Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана».

#### **Заключение**

Результаты органолептической, дегустационной оценки мяса птиц свидетельствуют о соответствии ГОСТ. Сравнительный анализ показал, что мясо птицы опытной группы мало отличается по органолептическим характеристикам от показателей контрольной группы. Определено, что внешний вид и цвет поверхности тушек у всех образцов беловато-желтый с розовым оттенком, а подкожной и внутренней жировой ткани – желтого цвета. Серозная оболочка грудобрюшной полости влажная, блестящая, без слизи и плесени. Мышцы на разрезе слегка влажные, но на фильтровальной бумаге отсутствует влажное пятно, розового цвета.

Консистенция мышц у опытной и контрольных групп плотная, упругая, при надавливании пальцем образующаяся ямка быстро выравнивается. Запах свойственный свежему мясу птицы, а прозрачность и аромат бульона прозрачный, свойственный свежей птице.

Таблица 1 – Органолептические показатели качества мяса и бульона перепелов

Наименование показателя	Группа			
	НД на методы испытаний	Контрольная I	Опытная I	Опытная II
Внешний вид и цвет: поверхности и тушки	ГОСТ 7702.4-74	Беловато-желтый цвет с розовым оттенком	Беловато-желтый цвет с розовым оттенком	Беловато-желтый цвет с розовым оттенком
Подкожной и внутренней жировой ткани	ГОСТ 7702.4-74	Желтого цвета	Желтого цвета	Желтого цвета
Серозной оболочки грудобрюшной полости	ГОСТ 7702.4-74	Влажная, блестящая, без слизи и плесени	Влажная, блестящая, без слизи и плесени	Влажная, блестящая, без слизи и плесени
Мышцы на разрезе	ГОСТ 7702.4-74	Слегка влажные, на фильтровальной бумаге отсутствует влажное пятно, розового цвета	Слегка влажные, на фильтровальной бумаге отсутствует влажное пятно, розового цвета	Слегка влажные, на фильтровальной бумаге отсутствует влажное пятно, розового цвета
Консистенция	ГОСТ 7702.4-74	Мышцы плотные, упругие, при надавливании пальцем образующаяся ямка быстро выравнивается	Мышцы плотные, упругие, при надавливании пальцем образующаяся ямка быстро выравнивается	Мышцы плотные, упругие, при надавливании пальцем образующаяся ямка быстро выравнивается
Запах	ГОСТ 7702.4-74	Специфический, свойственный свежему мясу птицы	Специфический, свойственный свежему мясу птицы	Специфический, свойственный свежему мясу птицы
Прозрачность и аромат бульона	ГОСТ 7702.4-74	Прозрачный, ароматный	Прозрачный, ароматный	Прозрачный, ароматный

### Литература

1. Гадиев Р.Р., Хайруллина Л.Ш. Влияние НУПРО на продуктивные показатели молодняка перепелов // Известия Оренбургского государственного университета. 2013. № 5. С. 153-155.
2. Бодрова Л.Ф. Результаты исследований качества продукции кур, получавших низкоэнергетические кормосмеси и рационы с разным уровнем обменной энергии // Ветеринарный врач. 2009. № 16. С. 50-54.
3. Камалов С.А., География размещения месторождений природных ископаемых Уральской области и их народнохозяйственное применение. – Уральск, 1992. – 139 с.
4. Баженов Ю.М. Технология бетона. – М.: Высшая школа, 2002. – 500 с.

**М.Ж. Байтанатов, Д.Т. Рахимжанова**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, Нұр-Султан қ.,  
[baimuhtar1997@gmail.com](mailto:baimuhtar1997@gmail.com)

## **ИТТЕР МЕН МЫСЫҚТАРДЫ КАСТРАЦИЯЛАУДЫҢ ЗАМАНУИ ӘДІСТЕРІНЕ ШОЛУ**

### **OVERVIEW OF MODERN METHODS OF CASTRATION OF DOGS AND CATS**

Қаңғыбас жануарлар, атап айтқанда иттер мен мысықтардың таралуы және көбеюі қазіргі уақытта өте өзекті мәселе болып табылады. Жануарлардың өздері үшін және адамдар үшін әртүрлі жұқпалы және вирустық аурулардың тасымалдаушылары көшедегі жануарлар болып табылады. Бұған қаңғыбас жануарлардың санын бақылауға және азайтуға бағытталған шаралар ықпал етеді. Оларға әдетте хирургиялық немесе химиялық кастрация мен стерилизация әдістері жатқызылады [1].

Біздің жұмысымыздың мақсаты – осы тақырыпқа бағытталған жұмыстарға талдау жүргізу және жануарларды кастрациялаудың әртүрлі әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау.

Жануарларды стерилизациялау бойынша операциялардың негізгі мақсаты – ұрғашыларда қажетсіз жүктілікті және еркек жануарларды агрессивті мінез-құлықты алдын алу. Кастрацияның басты артықшылығы – жоспардан тыс көбеюдің алдын алу. Мысалы, АҚШ-дағы жануарлардың баспаналарында эвтаназияланған мысықтар мен иттердің саны 1970 жылы шамамен 23,4 миллионнан 2000 жылы 4,5 миллионға дейін азайғанымен [2], бұл әлі де жануарлардың әл-ауқатының негізгі проблемасы болып табылады.

Көптеген жылдар бойы хирургиялық кастрация жануарлар стерилизациясын қамтамасыз ететін дәстүрлі «алтын» әдісі болып есептеленетін. Алайда, бұл процедураның бірқатар кемшіліктері бар, мысалы, жоғары құны, уақыт шығындары, операциядан кейінгі күтім мен емдеу қажеттілігі, операциядан кейінгі асқинулардың қаупі, аз мөлшерде қолдану, анестезия, медициналық жабдықтар, стерильді хирургиялық кабинеттің қажеттілігі, білікті малдәрігерлер, қалпына келтіру уақыты және кесілген операция орнын бақылау [3]. Сонымен қатар, бұл әдіс белгілі бір қарсы көрсетілімдерге ие. Жануарларды тым ерте немесе керісінше, тым жетілген жағдайда операция жасау ұсынылмайды, өйткені операциядан кейінгі асқинулардың ықтималдығы жоғары. Сонымен қатар, операция жануардың сарқылуына байланысты, сондай-ақ жүктілік кезінде өздігінен жасалмайды. Ерекшеліктер тек жатырды алып тастау үшін медициналық көрсеткіштер болуы мүмкін [4].

Кастрацияның хирургиялық емес әдістерінің ішінде радиациялық кастрация әдісі бар, ол жыныс аймағын радиоактивті изотоптармен сәулелендіруден тұрады. Ол біздің елде қолданылмайды, өйткені ол арнайы қымбат жабдықты қажет етеді [1]. Алайда, балама ретінде химиялық кастрацияның әртүрлі әдістері қарастырылды.

Олардың бірі – жануарға күріш дәнінің мөлшерінде имплантация чипін енгізу әдісі, онда дәрілік зат арнайы шприцте болады. Препараттың әсері 1,5 жыл ішінде 6 айдан кейін ғана белсендіріледі. Негізінен, бұл әдіс асыл тұқымды иттер мен мысықтарды өсіретіндерге, сондай-ақ хирургиялық араласуға немесе анестезияны ауыр түрде көтеретін жануарларға қолданылады. Химиялық әдістің жалғыз айырмашылығы – оны жүргізу кезінде ауырсыну болмайды. Жанама әсерлерден сирек кездесетіні бірі – ұма аймағында ыңғайсыздық пен қышу пайда болады, бірақ осы операциядан өткен жануарларда ауырсыну мен стресс кездеспейді [1].

Үлкен мөлшерде қолданылатын тағы бір бейорганикалық қосылыс – бұл кальций хлориді, ол жануарлардың бірнеше түріне: иттерге, мысықтарға және ірі қара малға қолданылатын стерильдеу құралы болып табылады. Әр түрлі концентрациялар мен дозалар сынақтан өткізіліп, олардың тиімділігін дәлелдеді.  $\text{CaCl}_2$  толық некрозға, фиброзға және ұрық жасушаларының болмауына әкеледі. Бразилияда бұл препарат жануарлардың әртүрлі түрлерінде, соның ішінде иттер мен мысықтарда сыналды. Орхиэктомиядан кейінгі

клиникалық және гистопатологиялық бағалау азооспермияға ұшыраған мысықтарда жақсы нәтиже көрсетті. Бірақ иттердегі нәтижелер бойынша, әрбір алтыншы ит шәует өндірісін сақтады [5].

1984 жылы Полтава шошқа ғылыми-зерттеу институты «Канафен В» препаратын патенттеді. Бұл препараттың құрамында таңбалаушы агент ретінде калий гидроксиді, натрий гидроксиді және фенолфталеин болды. Препарат еркектердің (қабандардың) аталық бездеріне инъекциялық ине ұрықтың ортасына жеткізіліп енгізіген. Аталық бездердің аздап ісінуі байқалды, бірақ бұл құбылыстар 3-4 күннен кейін жойылды. Зерттеулер бойынша, 5-7 айда аталық жыныс рефлекстері жойылды. Препараттың тиімділігі жоғары болды, дәрілік заттар сою өнімдеріне әсер етпеді және қолдануға қауіпсіз болды [6].

Иттерді, мысықтарды және күзендерге кәдімгі кастрациялауға балама ретінде Супрелорин препараты да қолданылады. Бұл белсенді зат деслорелині бар имплант, ол тері астына чиптеу кезінде әдеттегі чип ретінде енгізіледі. Импланттағы Деслорелин негізінде май болуына байланысты өте баяу еру қабілетіне ие (6 ай ішінде). Қажет болған жағдайда имплантат хирургиялық жолмен алынып тасталуы мүмкін. Супрелорин қауіпсіз дәрі болып саналады, сондықтан имплантатты енгізуге немесе қабылдамауға жергілікті реакция өте сирек кездеседі. Репродукциялық қабілетін толық қалпына келіу имплант әсер ету аяқталғаннан кейін 5-15 аптадан кейін пайда болады [7].

2015 жылы «Химкаст» атты бұқаларға химиялық кастрация жасауға арналған препарат шығарылды, бұл бордақыланған малдың жарақаттануының алдын алуға және салмақтың өсуіне ықпал етеді. Құрамында 40% натрий қышқылы, депонирлеуші зат ретінде глицерин және анестезиялаушы зат ретінде 2% лидокаин гидрохлориді бар, препаратты ұрыққа енгізеді. Авторлардың пікірінше препарат зиянсыз, улы емес, енгізген кезде алғашқы үш күнде ұрықтың аздап ауырсынуын тудырады, жануарлардың жыныстық белсенділігін сенімді түрде басады. Қазіргі уақытта иттерді химиялық кастрациялау үшін осы препаратты сынау дайындалуда [8].

Басқа өнертабысқа металл глюконатының және амин қышқылының сулы ерітіндісін енгізуі жатады. Препарат иттерге әр аталық бездің дорсальды-краниалды бөлігіне енгізіледі. Ерітінді жануардың физикалық қасиеттеріне және қайталама жыныстық сипаттамаларына айтарлықтай әсер етпестен стерилизацияға қол жеткізу үшін тиімді мөлшерде енгізіледі. Өңдеуден кейін жануар қайтадан табиғатқа жіберіледі. Мәлімделген әдіспен стерилизация кезінде аталық иесі қаңғыбас иттер популяциясының иерархиялық жүйесіндегі бұрынғы орнын сақтайды, бұл ұрпақ беруге қабілетті аталықтардың иммиграциясын болдырмайды және популяцияның санын азайтады [9].

Келесі өнертабыс [10] иттерге арналған *in-situ* гель технологиясын пайдаланатын хирургиялық емес кастрация инъекциясын сипаттайды. Инъекция хирургиялық емес кастрация үшін қолданылады, осылайша дәстүрлі хирургиялық кастрациядан туындаған үй жануарының ауырсынуын болдырмауға және үй жануарының иесінің психологиялық жайсыздығын айтарлықтай азайтуға болады. Бұл технология гонадотропин-рилизинг гормонының агонисі GnRH және *in situ* гелі арқылы инъекция арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен, белгілі бір уақыт ішінде жануардың репродуктивті қызметін бәсеңдетуі керек иелері үшін қолайлы.

Осылайша, химиялық кастрация жануарлардың көбеюінде әртүрлі мақсаттарда – кастрация үшін де, керісінше мақсатта - жүктілікті жоспарлау үшін де орын алады, сенімді және қауіпсіз. Үй жануарларының иелері жануарларда жыныстық гормондардың өндірісін уақытша тежейтін әдістерге барған сайын жүгіне бастады. Өйткені, бұл әдістің артықшылықтарына: төмен инвазивтілік және ауырсыну; іске асырудың қарапайымдылығы мен жылдамдығы; жануарды ветеринарлық клиникаға жеткізбеу ықтималдығы; қысқа мерзімде көбірек иттерді кастрациялауға мүмкіндік береді; ветеринариялық ресурстар шектеулі аймақтарда стерилизация әдісін ұсынады. Прогресс бір орында тұрмайды және жыл сайын жануарларды химиялық кастрациялау мен стерилизацияның жаңа әдістері жетілдіріліп келеді, бұл болашақта қаңғыбас жануарлар санының өсуін айтарлықтай азайтуға және тоқтатуға мүмкіндік береді.



## Әдебиеттер

1. Прыткова, Е.Е. Стерилизация бродячих собак и кошек // Е.Е.Прыткова, И.В.Борзыкина, О.В. Беляева // Успехи современного естествознания. – 2013. – № 8. – С.63-67.
2. Clancy EA, Rowan AN. Companion Animal Demographics in the United States: A Historical Perspective. In: Salem, DJ, Rowan, AN, editors. The State of the Animals II. Washington D.C., USA: Humane Society Press; 2003. – P. 9-26.
3. Неотложная хирургия: учебно-методический комплекс / П.М. Ляшенко П.М., В.А. Ермолаев, Е.М. Марьин, А.В. Сапожников. – Ульяновск: ФГБОУ ВПО «Ульяновская ГСХА им. П.А. Столыпина», 2013. – Ч.1. – 187 с.
4. McKenzie, BA. Evaluating the benefits and risks of neutering dogs and cats // [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу: <http://skeptvet.com/Blog/wp-content/uploads/2014/12/Benefiits-Risks-of-Neutering-in-Dogs-and-Cats.pdf>
5. Использование кальция хлорида в солевом растворе как метод нехирургической стерилизации у собак: оценка наиболее эффективной концентрации с наименьшим риском // [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу: <https://veter96.ru/zabolevaniya/zabolevaniya-reproduktivnoj-si/ispolzovanie-kalciya-xlorida-v>
6. Эндоскопическая диагностика различных патологий у мелких домашних животных / В.А. Ермолаев, А.В. Сапожников, Е.М. Марьин, П.М. Ляшенко // Материалы V Всероссийской межвузовской конференции по ветеринарной хирургии. – М.: МГАВМиБ, 2015. – С.20-23.
7. Головачев, Д.Б. Применение Супрелорина у домашних животных как альтернатива хирургической кастрации // Ветеринарная клиника «Агата» [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу: <http://www.agata.vet/articles/25-suprelorin.html>.
- 8 Патент РК № 2014/0711.1, 15.06.2015. Препарат для химической кастрации бычков // Патент Республики Казахстан № 30025, 15.06.2015 бюл. № 6. / Кухар Е.В., Курманов Б.А., Суминов А.А.
- 9 Патент РФ № 2010116777/15, 26.09.2008. Химический стерилизующий агент для регуляции численности взрослых самцов собак, содержащий глюконат металла и аминокислоту // Патент РФ № 2455000, 10.07.2012 Бюл. № 19. / Ван Минь.
- 10 Патент КНР № 201911363755.7, 26.12.2019. Безоперационная кастрационная инъекция для собак с использованием гелевой технологии in-situ // Патент КНР № CN111000798A, 14.04.2020. / Huang E., Zhong W., Qiu J., Xia F.

ГТАХР: 68.39.15

**Н.А. Заманбеков, Г.Б. Болатова, Ш.Б.Туржигитова, А.Оспанкулов**  
«Қазақ ұлттық агралық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ.,  
Nurtleu.Zamanbekov@kaznaru.edu.kz

### **ДӘРЛІК ӨСІМДІКТЕР ЖИЫНТЫҒЫНАН ДАЙЫНДАЛҒАН ТҮНБАНЫҢ БҰЗАУЛАР ҚАНЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫНА ӘСЕРІ**

### **THE EFFECT OF THE INFUSION MADE FROM THE COLLECTION OF MEDICINAL PLANTS ON THE DYNAMICS OF MORPHOLOGICAL PARAMETERS OF THE BLOOD OF CALVES**

**Кіріспе.** Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы жануарларының иммундық жағдайын барынша арттыру, өсіп-даму функциясын жақсарту, сонымен қатар олардан сапалы, әрі жетілген төл алу және де Республика тұрғындарын сапалы мал өнімдерімен қамтамасыз ету қазіргі кезде мемлекетімізде ең бір өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1, 2].

Ауыл шаруашылық жануарлар арасында, оның ішінде жас төлдерде тыныстану жүйесі аурулары жиі кездеседі, ол әрине, көптеген жағымсыз факторларға тікелей байланысты, атап айтқанда, күтіп-баптау ережелерінің тиісті деңгейде сақталмауы,

зоогигиеналық шаралардың дұрыс жолға қойылмауы, азықтандыруының тиісті талаптарға сәйкес келмеуі ж.б. [3, 4].

Ауыл шаруашылығы министрлігінің статистикалық деректерінің мәліметі бойынша тыныс алу жүйесі ауруларынан өлім-жітім 7-20%-ға дейінгі аралықты қамтиды.

Республика көлемінде және алыс-жақын шет елдерде жануарлардың тыныстану жүйесі ауруларын емдеу мақсатында көптеген дәрі-дәрмектер қолданылады, ал олардың басым көпшілігі әр түрлі топтағы антибиотиктер, сульфаниламидтік препараттар, нитрофурандар және басқа да антибактериалды дәрі-дәрмектер. Бұл дәрілердің басым көпшілігі шетелдік фармацевтикалық зауыттарда өндіріледі, сондықтан да олардың нарықтық бағасы да тым жоғары. Қазақстан аумағы әр түрлі шипалық қасиеті бар дәрілік өсімдіктерге өте бай [5, 6]. Міне біз осы тұрғыдан мал ауруларына экономикалық тұрғыдан тиімді, әрі экологиялық жағынан таза, дайындалу технологиясы күрделі емес дәрілік өсімдіктерді қолдануды мақсат тұттық

**Материалдар мен әдістер.** Ғылыми-тәжірибелік жұмыстары Алматы облысы Панфилов ауданына қарасты «Қойбағаров» жеке шаруа қожалығында жүргізілді. Тәжірибеге бронхопневмония ауруына шалдыққан Алатау тұқымына жататын 10 бас бұзау алынды. Бұзаулар бес-бестен 2 топқа бөлінді: тәжірибе және бақылау. Тәжірибе тобындағы бұзауларға андыз және дәрілік жалбызтікен өсімдіктерінен дайындалған тұнба 1:10 қатынасында тәулігіне 3 рет 70-100 см<sup>3</sup> мөлшерінде ауыз арқылы ішкізілді және қосымша бұлшық етке 2,0 мөлшерде тетравит поливитамині, вена қан тамыры арқылы 40% глюкоза ерітіндісі 5%-ды аскорбин қышқылымен бірге егілді және қақырық түсіргіш заттар (термопсис тұнбасы, муколтин) ішкізілді, ал бақылау тобындағы бұзауларға шаруашылық жағдайында қолданылып жүрген препараттар ғана беріліп отырды.

Зерттелінетін қан келесі кезекпен алынды: дәрі-дәрмектер мен тұнбаны қабылдағанға дейін және қабылданғаннан кейінгі 7, 14, 21, 28-ші тәуліктерінде. Қанның морфологиялық көрсеткіштерін зерттеу MS4 автоматты гематологиялық анализаторы көмегімен жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелері және талдау.** Тәжірибе жүргізу барысында алынған зерттеу нәтижелері препараттарды пайдаланғанға дейін екі топтағы бұзаулардың фондық көрсеткіштері шамамен бірдей болатындығын көрсетті.

Морфологиялық көрсеткіштердің өзгерістері зерттеу мерзімдерінде байқалады. Тәжірибе тобындағы бұзаулар қанындағы лейкоциттердің концентрациясы (WBS) 7, 14, 21 және 28-ші тәуліктерде бақылау тобындағыларға қарағанда, тиісінше, 9,1; 24,9; 31,3; және 35,8%-ға дейін, ал лимфоциттердің (LYM) мөлшері бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 14,9; 22,9; 33,5 және 41,2%-ға жоғарылағандығы байқалды. Моноциттердің (MON) мөлшері тәжірибе тобындағы жануарларда бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 10,6; 20,6; 44,1 және 34,5 %-ға көтерілді. Зерттеудің 7-ші тәулігінде гранулоциттердің концентрациясы тәжірибе тобында бақылау тобымен салыстырғанда 9,7 %-ға, ал 14, 21, 28-ші тәуліктерде 20,6; 27,2 және 31,5%-ға жоғарылады [P<0.001]. Зерттеу мерзімінің 7, 14, 21 және 28-ші тәуліктерінде эритроциттердің концентрациясы тәжірибе тобындағы жануарларда бақылау тобына қарағанда, тиісінше, 12,1; 14,5; 18,5 және 21,2%-ға көтерілді. Эритроциттердің орташа көлемі (MCV) тәжірибелік жануарларда бақылау тобына қарағанда көбірек болды.

Асқорыту бездерінің сөліндегі ферменттер азықтың құрамындағы күрделі органикалық заттарды (протеиндер, липидтер, көмірсулар), олардың қарапайым мономерлеріне ыдыратады. Қорытылған заттардың мономерлері – амин қышқылдары мен глюкоза ішек қабырғасындағы қан капиллярларына, ал глицерин мен май қышқылдары – лимфа капиллярларына сорылып сіңіріледі [6].

Қоянның құлақ түбі безі (*glandulae parotis*) үшбұрышты-квадратты ұзынша форма тәріздес келген. Түсі – ашық сұр-сарғыш. Тері астында орналасқан мүше.

Құлақ маңы безінің анатомиялық орналасуы:

- алдыңғы жағы төмен қарай – құлақ қалқаны түбі;
- бүйірлі беті - төменгі жақ тармақшасы;
- кері жағы – шайнау бұлшықет томпағы;
- үстіңгі жағы – жақ сүйегінің айдарлы өсіндісінің иірімі;
- астыңғы жағы – төменгі жақтың бұрышы;
- артқы жағы – самай сүйегінің емізік тәрізді өсіндісі.



А – дорсальді, В – вентральді жағы

Сурет 1 – 2 жастағы қоянның құлақ түбі безінің топографиясы,

Бұл без ауыз қуысына сілекей бөледі, күрделі көпіршікті – түтікше без, тығыз дәнекер ұлпалы капсула – құлақ түбі жайнау шандырымен (*fascia parotideo masseterica*) жабылған. Шандырдың тығыздығы біркелкі емес, яғни кейбір тұстары (бездің жоғары жағы мен медиальді беттері) жұмсақтау болып келеді. Ал капсула өз кезегінде бездерді бөліктерге бөліп тұрады. Оның өзегі ұртқа ашылады, салмағы 0,007 г.

Құлақ түбі безінің беткі және терең бөліктері бар. Бұған қоса дорсальді жағы (А), вентральді жағы (В), латеральді беті және медиальді беті болады. Айтып өткендей құлақ түбі безінің беті жұқа қабатты бөліктерден құралған және ол құлақ қалқаны қуысының латеральді жағында орналасқан. Құлақ түбі безінің беткейлік бөлігінің өзі екіге бөлінеді: ростральді тармағы (орналасқан жері – құлақ қалқаны қуысының ростральді шеті) және каудальді тармағы (орналасқан жері – құлақ қалқаны қуысының каудальді шеті). Ал бездің терең бөлігі құлақ қалқаны қуысының вентральді жағында орналасқан. Яғни құлақ түбі безінің шекарасы жақ асты безімен жалғасып кеткен. Ал вентральді жағы иек асты қос бұлшықеті және шайнау бұлшықетімен жалғасады.



Сурет 2 – 2 жастағы қоянның жақ асты безінің топографиясы

Жақасты безі ұзынша келген, көлемі жағынан екінші ірі безге жатады. Түсі ашық сарғыш-сұр келген. Формасы ұзынша-сопақша келген, таға тәріздес. Төменгі жақтың шайнау бұлшықетінің латеральді кеңістігінде орналасқан. Бұл бездің краниальді бөлігі құлақ маңы безінің вентральді тұсымен жалғасқан (біраз бөлігі құлақ маңы безінің астында қалады). Жақасты безінің де латеральді және медиальді беттері болады. Жақасты бездің де екі полюс бар – ростральді және каудальді. Екі беткі жағы – латеральді және медиальді. Төрт жағы – краниальді, каудальді, дорсальді және вентральді.

- ростральді полюсі бездің иек асты қос бұлшықетімен, шайнау бұлшықетінің латеральді бетімен және жақасты лимфа түйінінің каудальді жиегінде орналасқан.
- дорсальді полюсі құлақтүбі безі және жұтқыншақ безінің латеральді түйінін қамтиды.
- медиальді полюсі тіласты безінің бірөзекті тармақтың каудальді жиегімен жалғасып жатыр және де медиальді жағын құлақ түбі бұлшықеті көмкеріп жатыр.
- каудальді полюсі кеуде-бас бұлшықетінің емізік тәрізді бөлігінде орналасқан.

Жақасты безінің өзегі тілдің астына ашылады. Без күрделі альвеолярлы-түтікті тарамдалып келген. Ол аралас, яғни белокты-кілегейлі сілекей бөледі. Без тығыз дәнекер қабықпен қапталған. Салмағы 0,005 г.



Сурет 3 – 2 жастағы қоянның тіласты безінің топографиясы

Тіл асты сілекей безі бездердің ішіндегі ең кіші безге жатады. Бұл без тілдің түбіне қарай тілдің шырышты қатпарларының астында орналасқан жұп без. Яғни тілдің астындағы екі жаққа бөлінген бұлшықеттердің ортасында орналасқан. Сілекей безі күрделі альвеолярлы-түтікті тарамдалған ұзынша келген без. Сырты шырышты капсуламен қапталған, оның капсуласы аса қатты дамымаған, керісінше бөліктерге бөлінген дәнекер қатпарлары анық көрінеді. Оның өзегі тілдің екі жақ астына бағыттталып ашылады. Тіласты безі де аралас сілекей бөледі. Бездің салмағы 0,002 г.

#### Қорытынды

Қояндардың ас қорыту жүйесінің құрылымы мен қызметі тұтынылатын азықпен тығыз байланысты. Осыған байланысты ас қорудың индикаторларының бірі сілекей бездері болып табылады. Олардың морфологиясы қояндардың тіршілік ету және азықтану жағдайларына бейімделіп келеді. Яғни қояндардың шөпқоректілерге жататындықтарынан олардың өздігінен шөп пен жапырақтарды кеміруі процесі туғаннан кейін екі аптадан кейін басталатынын бақылау кезінде байқадық.

Қоянның постэмбриональді кезеңінде барлық сілекей бездері анатомиялық тұрғыда ерекшеленгенін және дефинитивті пішіндері қалыптасқандығы байқалады. Яғни: құлақ түбі безі үшбұрышты ұзынша формалы, ауыз қуысына сілекей бөлетін күрделі көпіршікті түтікше без. Тығыз дәнекерлі ұлпалы шандырмен жабылғандығын байқадық. Ал жақасты безі сопақша келген формада, төменгі жақтың шайнау бұлшықетінің латеральді кеңістігінде орналасқанын және өзегі тілдің астына ашылғанын көрдік. Ал ең кіші без, тіл асты безі тілдің шырышты қатпарларының астында орналасқан жұп без, сырты шырышты капсуламен қапталған, ал өзегі тілдің екі жақ астына бағыттталып ашылады.

#### Әдебиеттер

1. Биоморфология терминдерінің түсіндірме сөздігі/ – Алматы: "Сөздік-Словарь", – 2009. ISBN 9965-822-54-9
2. Жаңабеков К., Махашов Е.: Жануарлар анатомиясы. – Алматы, «Білім», – 1996.
3. Чекарова, И.А. Сравнительная морфология нижнечелюстной слюнной железы некоторых плотоядных/И.А.Чекарова, К.А.Васильев //Аграрная наука – сельскому хозяйству: сборник статей. В 3 кн. Международная научно-практическая конференция. – Барнаул: Изд-во АГАУ, 2006. – Кн. 2. – С.466-468.
4. Требухова, Е.Е. Анатомические особенности экстрамуральных слюнных желез марала, косули и пятнистого оленя в сравнительно-видовом аспекте // Актуальные аспекты экологической, сравнительно-видовой, возрастной и экспериментальной морфологии /

- Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 100-летию профессора В.Я.Суетина. – Улан-Удэ: Изд-во ФГОУ ВПО БГСХА, 2004. – С. 194-197.
5. Ступин, А.В. Топография, морфометрия и кровоснабжение скуловой железы у пушных зверей клеточного содержания и собак / А.В. Ступин // Проблемы ветеринарного образования и научных исследований в агропромышленном комплексе: сб. науч. тр. / ИВМ ОмГАУ. – Омск, 2004. – С. 258-261.
6. Ступин, А.В. Топография и кровоснабжение застенных слюнных желез у пушных зверей из семейства собачьих / А.В. Ступин // Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 100-летию профессора Вениамина Яковлевича Суетина (24-27 июня 2004 г.). – Улан-Удэ, 2004 – С. 163-166
7. Гончаров А.Г. Гистология нижнечелюстной железы крупного рогатого скота в постнатальном периоде развития /А.Г. Гончаров //Вестник ветеринарии. Научные труды Академии ветеринарной медицины. – Оренбург: ПМГ ВНИИМСа, 2002. – С. 57-60.
8. К морфологии подчелюстной слюнной железы млекопитающих / Н.В.Момот, Л.В. Лапшин, Ю.А. Момот, Л.В. Жилиякова, С.В. Терехова // Незаразные болезни сельскохозяйственных животных: Материалы международных научно-практической конференции терапевтов и диагностов. – Улан-Удэ: БГСХА, 2001. – С.180-181.

ГТАХР: 68.39.19

**К.Х. Нуржанова, А.Ж. Арынгазина, Д.Н. Жақашева, Ш. Дүйсембаева**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, aza938@yandex.ru

## **ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС, АБЕРДИН-АНГУС ТӨЛДЕРІНІҢ ЖӘНЕ БУДАН ТӨЛДЕРДІҢ (ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС X АБЕРДИН-АНГУС) ӨСІП – ЖЕТІЛУІ**

### **BREEDING OF YOUNG KAZAKH WHITE-HEADED, ABERDEEN-ANGUS AND CROSSBRED YOUNG (KAZAKH WHITE-HEADED X ABERDEEN-ANGUS)**

ШҚО Жарма ауданы «Шалабай» ЖШС абердин-ангус тұқымына жататын аталықтар мен қазақтың ақбас тұқымы аналықтар будандастырылып төл алынды. Мақалада таза тұқымды қазақтың ақбас сиыры тұқым малы, абердин-ангус тұқымы төлдері мен екі тұқымды будандастыру нәтижесінде алынған будан төлдердің өсу және даму көрсеткіштерін салыстыру.

Бұзаудың өсіріп-жетілдіруінің әрбір кезеңдегі ерекшелігін, олардың сыртқы орта жағдайына байланыстылығын білу, бұзауды бағып-күтуді, азықтандыруды дұрыс ұйымдастыру үшін қажет болады [1].

Төлдердің салмағын туылған кезінде, кейіннен әр ай сайын өлшеп отырады. Дене салмағы көрсеткіштері негізінде өсу жылдамдығын анықтайды. Өсу жылдамдығы белгілі бір уақыт аралығыда тірілей салмағының өсуімен сипатталады. Өсу жылдамдығын сипаттауда әдетте орташа тәуліктік салмақ өсімі пайдаланады.

Төлдердің өсу жылдамдығының тек биологиялық мәні жоғары ғана емес, сонымен қатар ол шаруашылықта маңызды орын алады. Мәселен, төлдер өсімтал тұқымнан болса, бордақылаудағы малдарың орташа тәуліктік салмақ өсімі жоғары болатыны белгілі [2].

Жануарлардың өсуі жасына байланысты өзгеріп отырады. Төлдердің өсу көрсеткіштері туылғаннан кейінгі бірнеше айларда жоғары болады, ал белгілі бір массаға жеткеннен кейін төмендейді, кейіннен салмақ қосуы тоқтайды. Осы ерекшеліктерді малдарды бордақылауды жоспарлаған жағдайда ескеру қажет. Өсу жылдамдығын салыстыратын болсақ, онда бұл көрсеткіш туылғаннан кейінгі бастапқы кезеңде жоғары болып, кейіннен төмендегенін байқаймыз [3].

Әдістемеге сәйкес төлдердің өсіп – жетілу динамикасы қарастырылды. Осы мақсатта таза тұқымды қазақтың ақбас сиыры мал тұқымына, абердин-ангус тұқымына жататын және

олардың будандарына жататын аталық төлдер мен қашарлардан құралған тәжірибие топтары құрылды.

Зерттеуге таза тұқымды қазақтың ақбас тұқымы, абердин-ангус тұқымы және абердин-ангус және қазақтың ақбас тұқымдарын будандастыру нәтижесінде алынған будандар алынды. Зерттеу төлдердің туылған мерзімінен 15 айлық жасына дейінгі уақыт аралығында жүргізілді. Оған төлдің туғандағы; 3; 6; 8; 12 және 15 айлығындағы тірі салмақтары, шоқтық биіктігі, тұрқының қиғаш ұзындығы, кеуде тереңдігі, кеуде кеңдігі, кеуде орамы, құйымшақ биіктігі, сербек арасының ендігі және сирақ орамы сияқты негізгі өлшем көрсеткіштеріне арқылы анықталды. Алынған дене өлшемдеріне байланысты дене индекстері есептелінді.

Қазақтың ақбас сиыры тұқымының түрі геррефорд тұқымынікіндей қызыл, әртүрлі ақ белгілері бар: басында, шоқтығында, кеудесінде, қарнында және аяғының төменгі жағында. Бұзауларының туғандағы тірілей салмағы онша үлкен емес, ұрғашылары – 27-28 кг, еркектері – 29-30 кг болады. Туылғаннан бастап енесімен күні-түні бірге болғандықтан, бұзаулары тез өсіп жетіледі. Бұзауларын 7-8 айға дейін енелеріне толық емізіп өсіргенде, еркек бұзаулары – 200-220 кг, ұрғашы бұзаулары – 180-200 кг, 18 айлығында еркек бұзаулары тиісінше – 400-500 кг, ұрғашы бұзаулары – 360-380 кг дейін жетеді.

«Шалабай» ЖШС абердин-ангус тұқымына жататын ірі қара мал қара ренді мүйізсіз. Денесі терең, әрі дөңгелек, аяғы және мойны қысқа. Иығы басы мен бірігіп кеткен, ал белі және сегізкөзі жақсы дамыған.

Жаңа туылған еркек бұқашықтары – 35-40 кг, ұрғашы бұзаулары – 30-35 кг салмақ тартады. 6 айлық төлдерінің салмағы 230-250 кг, 8 айлық – 290-320 кг жетеді. 3 жасар сиырлардың салмағы – 500-550 кг, ірі сиырларының салмағы – 650 кг, бұқаларының салмағы 750-800 кг.

Қазақтың ақбас тұқымы сиырларын абердин-ангус тұқымы бұқаларымен будандастыру жолымен алынған будан төлдерінің түсі абердин-ангус тұқымының түсіндей қара, қазақтың ақбас сиыры тұқым малын ікіндей басында, шоқтығында, кеу және қарын тұсында, аяғының төменгі жағыда ақ дақ белгілер бар.

Зерттеудегі аталық және аналық төлдердің туылғаннан 18 айлық жасына дейінгі аралықтағы тірілей салмағы 1 кестеде келтірілді.

Кесте 1 – Төлдердің тірідей салмақ көрсеткіштері, кг (n=12)

Жасы, ай	Жынысы					
	бұқашықтар			қашарлар		
	M ±m <sub>m</sub>	σ	C <sub>v</sub>	M ±m <sub>m</sub>	σ	C <sub>v</sub>
I топ						
0	28,1 ±0,34	1,69	6,01	27,4 ±0,31	1,45	5,29
3	89,8±0,47	3,32	3,70	87,8 ±0,34	1,72	1,96
6	180,3± 0,73	8,00	4,44	167,6 ± 0,49	3,58	2,14
8	221,3± 0,96	13,71	6,19	208,6 ± 0,79	9,34	4,48
12	317,8± 0,63	5,86	1,84	282,3± 0,86	8,39	3,20
15	389,5± 0,81	9,96	2,56	321,3 ± 0,48	3,51	1,09
II топ						
0	22,9 ±0,34	1,73	7,55	21,4±0,36	1,96	9,16
3	81,3 ± 0,45	3,09	3,80	75,5± 0,44	2,97	3,93
6	174,5± 0,44	2,44	1,40	152,4 ±0,56	4,70	3,08
8	212,7± 0,54	4,42	2,08	199,5 ± 0,67	6,75	3,38
12	304,4 ±0,59	5,34	1,75	263,6 ± 0,76	8,76	3,32
15	372,5 ±0,81	9,78	2,61	311,8 ± 0,62	6,18	1,89
III топ						
0	38,5± 0,59	2,29	5,95	36,1±0,59	2,31	6,39
3	111,5±0,25	0,91	0,82	99,9± 0,66	6,52	6,53
6	200,9± 0,44	2,97	1,48	180,5 ±0,63	5,91	3,37
8	240,4± 0,89	11,78	4,90	220,6 ±0,69	7,30	3,31
12	344,6± 1,08	17,79	5,16	309,6± 0,43	2,71	0,88
15	419,2± 2,73	10,59	2,53	360,6 ±1,02	15,54	4,31

1 кестеге сай будан бұқашықтардың туылғандағы салмағы қазақтың ақбас тұқымына жататын бұқашықтардың салмағынан 19,2 %, ал абердин ангус тұқымы төлдерінен 27,5% жоғары болды.

«Шалабай» ЖШС төлдер енесінен 6-7 айлық жасында ажыратылады. Будан бұқашықтардың салмағы қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарынан 9,1%, жоғары болса, абердин ангус тұқымы бұқашықтарынан 11,9 % жоғары болды. 12 айлық жасында қазақтың ақбас тұқымына жататын бұқашықтардың тірілей салмағы 317,8 кг болса, абердин ангус тұқымы төлдерінің салмағы 304,4 кг құрады, будан төлдердің салмағы сәйкесінше 344,6 кг құрады. Бұл көрсеткіш қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарынан 7,8%, ал абердин-ангус тұқымы бұқашықтарынан 11,7% жоғары болды.

15 айлық жасында будандар таза тұқымды қазақтың ақбас сиыры тұқым малына жаттын бұқашықтардан 7,1% жоғары боса, абердин-ангус төлдер 10,6% жоғары болды.

1 кестеде көрсетілгендей будан ұрғашы төлдердің туылғандағы салмағы қазақтың ақбас тұқымы төлдерінен 15,5%, ал абердин ангус тұқымына жататын ұрғашы төлдерінен 29,6% жоғары болды.

Будан қашарлардың 6 айлық жасындағы тірілей салмағы қазақтың ақбас тұқымы қашарларынан 9,8% жоғары болса, абердин ангус тұқымы қашарларынан 13,9% жоғары болды, ал 12 айлық жасында бұл көрсеткіш қазақтың ақбас тұқымы қашарларынан 15,4%, ал абердин-ангус тұқымы қашарларынан 8,8% жоғары болды.

15 айлық жасында будандарда таза тұқымды қазақтың ақбас сиыры тұқым малына жаттын қашалардан 10,9% жоғары боса, абердин-ангус тұқымына жататын қашарлардың тірілей салмағынан 12,5% жоғары болды.

Белгілі бір уақыт аралығында жануарлардың интенсивті салмақ өсімін, сонымен қатар тез жетілгіштігін- сойыс конциясына жететін жасын орташа тәуліктік салмақ өсімі арқылы көруге болады.

Зерттеудегі төлдердің абсолюттік және орташа тәуліктік салмақ өсімі төмендегі 2 кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Төлдердің абсолюттік және орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіштері

Жасы, ай	Жынысы			
	бұқашықтар		қашарлар	
	(n=12)		(n=12)	
	абсолюттік салмақ өсімі, кг	орташа тәуліктік қосымша салмақ, г	абсолюттік салмақ өсімі, кг	орташа тәуліктік қосымша салмақ, г
I топ				
0– 3	61,7± 0,46	685,3± 1,51	60,4 ± 0,13	671,2 ± 1,18
0 – 6	152,1± 0,74	845,3± 1,73	140,2 ± 0,48	778,9± 1,14
0– 15	361,3 ± 0,67	803,1 ± 0,99	293,9 ± 0,47	651,5 ± 0,69
6-15	209,2 ± 0,89	774,7 ± 1,72	153,7 ± 0,59	569,1 ± 1,14
II топ				
0-3	60,3 ± 0,49	669,5 ± 1,44	54,1 ± 0,51	600,7 ± 1,71
0- 6	151,7 ± 0,46	842,7 ± 1,09	130,9 ± 0,51	727,7 ± 1,19
0-15	352,1 ± 0,82	782,3 ± 1,22	290,4 ± 0,70	645,4 ± 0,98
6-15	208,5 ± 1,69	772,3 ± 3,2	159,4 ± 0,76	590,4 ± 1,46
III топ (будан төлдер)				
0– 3	73,1 ± 0,52	817,7 ± 1,67	58,3 ± 2,58	709,7 ± 2,29
0 – 6	156,3 ± 1,32	902,6 ± 2,01	144,4 ± 0,70	797,7 ± 1,56
0-15	380,7 ± 0,85	846,1 ± 1,27	324,5 ± 0,99	721,3 ± 1,43
6-15	218,3 ± 1,03	808,3 ± 1,98	180,1 ± 1,12	667,1 ± 2,16

2 кестеге сай барлық 3 топта да орташа тәуліктік салмақ өсімінің жоғары көрсеткіші туылғаннан 6 айлық жасына дейінгі аралықта байқалады. Будандарды қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарымен салыстығанда 6,3%, ал абердин-ангус тұқымына жататын бұқашықтардан 6,6% жоғары болып, абсолюттік салмақ көрсеткіштері бойынша қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарынан 2,7%, ал абердин-ангус бұқашықтарынан 2,9% жоғары болды.

6 айлық жасынан 15 айлық жасына дейінгі аралықта будан бұқашықтардың орташа тәуліктік салмақ өсімі қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарымен салыстырғанда 4,1, %, ал абердин-ангус бұқашықтарынан 4,4% жоғары болды.

Зерттеудегі қашарлардың да орташа тәуліктік салмақ өсімінің жоғары көрсеткіші туылғаннан 6 айлық жасына дейінгі аралықта байқалады. Будан ұрғашы төлдерде бұл көрсеткіш таза тұқымды төлдермен салыстырғанда жоғары, яғни, қазақтың ақбас тұқымы қашарларымен салыстырғанда 2,4%, ал абердин-ангус тұқымына жататын қашарлардан 8,8 % жоғары болып 797,7 г құраса, абсолюттік салмақ көрсеткіштері бойынша қазақтың ақбас тұқымы қашарлардан 2,9%, ал абердин-ангус бұқашықтардан сәйкесінше 9,3% жоғары болып 156,3 кг құрады.

Ал енесінен айырғаннан кейін (6 ай) 15 айлық жасына дейінгі аралықта будан төлдердің орташа тәуліктік салмақ өсімі қазақтың ақбас тұқымы қашарларымен салыстырғанда 14,6% және ал абердин-ангус тұқымына жататын қашарлардың орташа тәуліктік салмақ өсімінен 11,5% жоғары болып, 667,1 г құрады.

Малдың өсуі туралы толық мағлұматты тек оның салмағының өзгеруі негізінде алмайды, себебі өсіп келе жатқан ағза өз көлемін ұлғайтса да, қоректің уақытша жетіспеуі оның салмағы ешбір өзгеріссіз қалады. Осыдан басқа малдың өсу процесінде оның дене бітімі өзгереді, оның өзі осылайша оның тірі салмағында байқалмайды. Сондықтан малдың өсуін талқылауда оларды жүйелі түрде салмағын өлшеп қана қоймай, сонымен қатар дене бітімін өлшеу де қажет.

Бұқашықтардың 12 айлығы кезінде дене бітімінің жетілуін, яғни экстерьерлік ерекшеліктерін бақылау үшін дене өлшемдері алынды. Алынған мәліметтер төменгі 3 - кестеде көрсетілген.

Кесте 3 – зерттеудегі 12 айлық бұқашықтардың дене өлшемдерінің көрсеткіштері, см (n=8)

Дене өлшемдері көрсеткіштері	M ±m <sub>m</sub>	σ	C <sub>v</sub>
I топ			
шоқтығының биіктігі	117,9 ± 2,57	7,25	6,15
құйымшағының биіктігі	119,9 ± 2,81	7,92	6,61
кеудесінің тереңдігі	60,8 ± 2,14	6,03	9,92
кеудесінің ендігі	35,8 ± 0,85	2,40	6,70
сербек аралық ендігі	40,3 ± 0,98	2,76	6,85
кеудесінің орамы	161,1 ± 3,63	10,25	6,36
тұрқының қиғаш ұзындығы	125,4 ± 2,87	8,08	6,44
жілінішігінің орамы	18,5 ± 0,45	1,28	6,92
II топ			
шоқтығының биіктігі	115,6 ± 0,87	12,6	2,4
құйымшағының биіктігі	117,8 ± 0,78	7,35	2,1
кеудесінің тереңдігі	52,6 ± 0,83	3,44	2,8
кеудесінің ендігі	35,1 ± 1,14	2,05	9,3
сербек аралық ендігі	36,2 ± 0,81	2,29	7,7
кеудесінің орамы	131,4 ± 0,98	8,23	2,5
тұрқының қиғаш ұзындығы	126,3 ± 1,16	9,27	2,8
жілінішігінің орамы	17,6 ± 0,38	1,07	2,7
III топ			
шоқтығының биіктігі	128,8 ± 0,7	1,8	1,6
құйымшағының биіктігі	130,7 ± 0,7	1,7	1,4
кеудесінің тереңдігі	69,3 ± 0,7	1,8	2,8
кеудесінің ендігі	38,8 ± 0,9	2,3	6,3
сербек аралық ендігі	43,5 ± 0,9	2,4	5,8
кеудесінің орамы	176,4 ± 0,6	1,7	1,1
тұрқының қиғаш ұзындығы	136,9 ± 1,	3,2	2,2
жілінішігінің орамы	20,4 ± 0,5	1,6	7,2



3 кестеге сай жас төлдердің өсуі барысында 12 айлық жасында кеуде дамуымен дене бітімінің жетілуі айқын байқалады. Жас ерекшелігіне байланысты 12 айлық жасына жеткен кезде төлдердің бойының өсу қарқындылығы біртіндеп бәсеңдеп, еттік формаларының қалыптасына байланысты көлемі мен ені көлемінің ұлғайған.

Малдың сыртқы пішінін дене өлшемдері арқылы сипаттау үшін тұлғасының индесін анықтаудың маңызы зор. Дене мүшелерінің жеке өлшемдері олардың бір-біріне сәйкестігін, мал тұлғасының келісетіндігін дәл сипаттай алмайды. Осы жетіспеушілікті тұлға индексі толықтырады.

Зерттеуге алынған 12 айлық жастағы бұқашықтардың дене бітімінің индекстері 4 - кестеде берілген.

Кесте 4 – Зерттеудегі 12 айлық бұқашықтардың дене бітімінің индекс көрсеткіштері, % (n=8)

Дене бітімінің индексі	I топ	II топ	III топ
	M±m <sub>m</sub>	M±m <sub>m</sub>	M±m <sub>m</sub>
сирақтығы	48,6	52,9	46,3
тұрқы сипаты	106,5	113,4	106,1
кеуделілігі	57,9	66,7	56,4
дене еңселігі	101,9	103,7	101,5
дене жұмырлығы	128,9	117,8	131,9
сүйектілігі	15,1	15,8	15,7

4 кестеде сай будан бұқашықтардың кеуделілігі қазақтың ақбас тұқымы бұқашықтарының сирақтылық индексінен 2,6%, абердин-ангус бұқашықтарынан 15,4%, дене еңселілігі сәйкесінше 0,4% және 2,1% төмен болды. 12 айлық будан төлдердің дене жұмырлығы индексі қазақтың ақбас тұқымы төлдерінен 2,3%, абердин-ангус тұқымы төлдерінен салыстырғанда 10,6% жоғары болды.

#### Әдебиеттер

1. Аманжолов К.Ж. Технология производства и стандартизации говядины. – Алматы: ТОО «Жания-Полиграф», – 2013. – 316 с.
2. Шевхужев, А.Ф. Эффективность выращивания и откорма бычков симментальской и абердин ангусской пород при использовании разных технологий/ А.Ф. Шевхужев, Д.Р. Смакуев // Молочное и мясное скотоводство. – 2015. – № 1. – С.22-24.
3. Кибкало, Л.И. Мясная продуктивность бычков разных пород/ Л.И. Кибкало, Е.С. Кочелаева // Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии. – 2015. – № 1. – С.57-58

ҒТАХР: 68.39.13

**Е.Е.Билялов., Г.Н.Тойкина., А.Қ.Сабырова, Г.Қ.Әсетова.**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

### ІРІ ҚАРА МАЛЫН АСЫЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

#### A BRIEF HISTORY OF CATTLE BREEDING WORK

Ұлан байтақ қазақ елінің жері жалпы ауыл шаруашылығы оның ішінде негізінен мал өсіруге өте қолайлы аймақ болып келеді. Сол себепті де болар бұрынғы Кеңес одағының негізгі саясаттарының бірі ет өндіру үрдісін молайтуды көздегені аян. Сонымен қатар осы еттің арқасында шет елдердің технологияларының арқасында еліміздегі ауыр индустриялық өндірістер бой көтергені тарихи шындық дер едік. Жалпы негізгі мақсаттақ бет бұрсақ

тарихи деректерге қарағанда 1911 жылы қойнауы малға толы сайын даламызға өндірісшіл-көпес Амосовтың аяқ басқаны белгілі. Өздері әкелген бұқаларды жергілікті таналармен шағылыстыру ісін қолға алды. Бірақ көп кешікпей революция басталып, дүние астан-кестен күйге түседі де Амосовтың селекциялық жұмысы аяқсыз қалады. Осыдан кейін мал тұқымын асылдандыру ісіне тек Ұлы Отан соғысынан кейін ғана көңіл бөліне бастайды. Сондай-ақ біздің өңірдегі қазақ ақ бас сиыр тұқымының алғашқы тұяғы қазіргі Жарық ауылдық округіне тиесілі аумақта басталғаны да туралы әңгімелік деректер бар.

Бұл келешектік жұмыс нақты айтқанда 1950 жылдан басталады. Отандық селекцияның мақтанышына айналған қазақы ақбас сиырлар Англия мен Ургвайдан әкелінген «геррефорд» пен жергілікті сиырдың шағылысуынан пайда болған.

Қазақ елі ежелден мал өсірумен шұғылданып қана қоймай, одан алынатын өнімді өндірумен де кеңінен танымал. Кеңес үкіметі кезінде Қазақстан мал саны мен өндірілетін өнімінің көлемі бойынша Одақта үшінші-төртінші орынды иеленіп келген болатын, ірі қара саны 1990 жылы 9818 мыңға жеткен еді. Бұл соңғы 63 жылдағы жетістік еді. 1916 жылмен салыстырғанда 92%-ға көп. Ал. Енді сол мал соңғы 10 жылда (2001 –ші жылға дейін) 5 млн. 900 мыңға кеміп отыр. 2001 жылы 3,900 мыңнан сәл ғана астам болды.

***Мысалы 1897 жылғы халық санағында қазақ халқының саны 5 млн, жылқы осы шамада болған екен.***

1927 жылы Мәскеуде алғаш рет өткен мал тұқымын асылдандыру жөніндегі съезде ірі қараны жетілдіру жолдары көрсетіліп, жан-жақты талқыланды. Осы жылдың соңына қарай ірі қара саны 6,5 млн. асып та қалған еді. 1934-1939 жылдар аралығында Қазақстанға шетелден 15662 асыл тұқымды ірі қара әкелінді. Оның 13573-і бұқашық, 2099-ы қашар болды. Олар негізінен симменталь, швиц, геррефорд, голланд, қалмақ және қызыл сиыр тұқымы болатын. Мысалы, 1934 жылы Қазақстандағы барлық сиырдың 9,2 пайызы ғана асыл тұқымды бұқалармен шағылыстырылған болса, 1937 жылы ол 86,5 пайызға дейін көбейді. Бұл жұмыстар алғашқыда етті ірі қара стансасы, ал 1933 жылдан бастап Қазақстың мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты деп аталған мекеме қызметкерлерінің басшылығымен жүргізілді. Жергілікті сиырларды геррефорд бұқаларымен шағылыстыру арқасында 1950 жылы Қазақстың ақбас сиыры деп аталатын жаңа ірі қара тұқымы шығарылды.

Жалпылама шағылыстыру арқылы өсірілген асыл тұқымды ірі қара саны 1935 жылы 81 мыңдай ғана болса, 1950 жылы 2,4 млн-нан асты ал, ірі қараның жалпы саны 1951 жылы 4,454 мың болып, Кеңес өкіметі құрылғанға дейінгіден 608 мыңға кеміді, яғни оның 86,4 пайызын ғана құрады. Елдегі мал басының орны тек 1960 жылы ғана толды. Кейінгі әрбір он жылдықта ол 1 миллионнан аса көбейіп, ең бір шарықтағаны 1961-1971 жылдары болды. Ол кезде ірі қара саны 1742 мыңға жетсе, соңғы екі онжылдықта 1408 және 1125 мың болып, тоқсан екінші жылдан бастап қайта кеми бастаған.

Қазіргі таңда еліміздегі экономикалық әлеуметтік жағдайлардың жақсаруына байланысты – Кедендік одақ және Дүние жүзілік сауда ұйымына кіру мәселелері мен Ел басының 2011 жылғы Жолдауын жүзеге асыру мақсаты бойынша 2016 жылдың өзінде ет экспортын 60 мың тоннаға жеткізу жоспарланып және алдағы уақыттарда бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіру міндеттелінген болатын. Мысалы, 1899 жылы Ресейде бірінші өткен сары май көрмесінде Қазақстанның солтүстігі мен шығысынан әкелінген сары май сапасын Англия мен Даниядан келген фермерлер жоғары бағалап, өз елдерінде тоқтаусыз сатылуына жол салған.

Жалпы әлемде етті ірі қараны көп өсіретін бірден-бір мемлекет АҚШ болып табылады. Мұндағы фермерлік шаруашылықтар 140 миллион бас көлемінде сиыр өсіріп келеді.

Елімізде осы бағыттағы жұмыстар технологиясын мейлінше жетілдіру мақсатында 2000 жылдың 26 желтоқсанында мал тұқымын асылдандыру ісімен айналысып келген республикалық «Асыл» және Ақмола облысының «Ақмола Асыл» акционерлік қоғамдарының негізінде «Асыл түлік» республикалық мал тұқымын асылдандыру орталығы

құрылып қазіргі күнде табысты жұмыстар атқаруда. Оның алдында елімізде шығарылған жергілікті жерге бейімделген отандық ірі қара мал тұқымдарының ең жақсы аталық малдарын жинақтап, күтіп-бағып, тектік қорларды сақтау, сонымен қатар оларды шетелдік асыл тұқымды аталық малдар арқылы байыту, жоғары өнімді асыл тұқымды материалдар алу, онымен ішкі сұранысты қамтамасыз ету міндеті жүктелген.

Жұмыс нәтижелерінің деректеріне қарағанда 10 жыл көлемінде орталыққа ірі қараның 15 тұқымынан 243 бас өнімділігі жоғары аталық малдары әкелініп тиісті мақсатқа жұмсалынууда. Атап айтсақ, 243 бастың 97 басы отандық, 7 бас АҚШ-тен, 7 бас Германиядан, 125 Ресейден, 7 бас Украинадан әкелінді. Алынған бұқалардың 153 басы сүт бағытындағы, 66 басы аралас бағыттағы, 24 басы ет өндіру бағытындағы аталықтар. Олардың еселерінің сүт өнімділігіне келетін болсақ, отандық аталық тұқымның өнімділігі 5-7 мың литр, жақын шетелдерден алынған бұқалардың өнімділігі 8-9 мың, алыс шет елдерден алынған бұқалардың өнімділігі 10-15 мың литр.

Жоғарыда аталған малдарды күтіп бағу, ұрық өнімін алуға дағдыландыру және француз технологиясы бойынша асыл тұқымды (өнімді) материалды өндіру орталық мамандарының күнделікті жауапты жұмыстарына айналды. 10 жыл көлемінде орталықта 7,4 млн. доза өнім өндірілсе, оның 1,5 млн. дозасы ұрпақтарының сапасы арқылы тексеруден өтіп жақсартушы деген бағаға ие болған.

Егер мемлекет осы мерзім ішінде жоғарыдағы малдарды күтіп бағуға, ұстауға және өнім өндіру үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету мақсатында 1 миллиард 262 миллион 420 мың тенге қаржы бөлген болса, өндірілген өнім көлемінің 25 пайызының өзі ғана мемлекет берген қаржыны 100 пайызға, яғни толық қайтаруға мүмкіндік берген.

Атап айтсақ, отанымыздың асыл тұқымды өнімге деген ішкі сұранысы жылына 1 млн. доза көлемінде болса, 2011 жылы орталықтың ұрық сақтау қоймасына 6 миллион 161 мың доза ұрық жиналған. Мұның 730 мыңы бағалаудан өткен. Олардың 430 мыңы – сүт бағытындағы, 300 мыңы – ет бағытындағы мал алу үшін. Бұл дегеніміз малды қолдан ұрықтандыру үшін әр түрлі бағыттағы отандық өнімнің жеткілікті екендігін көрсетеді.

Орталық алғашқы 10 жыл көлемінде дистрибьютерлік орталықтарға, ауылшаруашылық құрылымдарына және жеке тұлғаларға малды өз төлі есебінен көбейту бойынша қызмет көрсету арқылы 2 млн 715 мың доза ұрықты облыстарға сатқан. Өнім сапасына наразы болған бірде-бір рекламация түспеген.

Ғылыммен техниканың жетіліп шарықтау шегінде тұрғанда бұндай жетістікке 1-2 жылдың ішінде жетуге болады деген сөз. Бірақ, мүмкіндіктерді саралауға болады. Мысалы, жануарлар түрлерінің тек (ген) қорын сұрыптап пайдалану, ауыл шаруашылығының биотехнологиясы, ветеринариядағы жаңа технологиялар, қауіпсіздік және азық өнімдерінің сапасы, экологиялық қауіпсіздік бөлімдері қарастырылып бұл жұмыстарды заманауи тұрғыда жетілдіруге болады. Мал басын өз төлі есебінен өсіру деген түсінік бар осы ұғымды кеңірек түсінсек аналық мал басын ұлғайту үшін шаруашылықта немесе үй ауласында жақсы тұқымды малдарды пайдаланғанымен өзара гендік байланыс зоотехникалық тұрғыдан толықтай ескерілмей жатады.

Гендік доминанттылықты болжау үшін (тектілік) ғылыми түрдегі зоотехникалық түсінік керек. Зоотехникалық жұмыста, генетикалық ұғымды морфогенетикалық доминанттылықты өзара байланыстыра отырып, талдау жасау барысымен түсіндіреді.

Сондықтан мал басын өз төлі есебінен өсіру үшін генетикалық тұрғыдан әдістемелік ұсыныс қажет. Бұл үшін ұрпақтық ізге болжамдық жоспар жасалынып, өнімдік көрсеткіштер тиімділігі анықталынуы қажет. Жалпы егеменді еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті артқан сайын мал шаруашылығын дамыту үшін мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлініп отыр.

### **Әдебиеттер**

1. Т.Телеуғали, С.Қырықбайұлы Мал дәрігерлік – санитарлық сараптау және мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы мен стандарттау негіздері. Алматы, 2008. – 58 б.

2. А.Ә.Төреханов, Ж.К. Каримов, Ш.Д. Даленов, Д.Қ. Найманов, Н.Ә. Жазылбеков. Ірі қара шаруашылығы. Алматы, 2006. – 145 б.
3. А.Нұржанова Сүт және сүт өнімдерін өңдеу технологиясы. Астана, – 2010. – 35 б.
4. Девяткин А.Н. Ірі қараны комплекстерде өсіріп, бордақылау. – Алматы: Қайнар, 2000. – 200 б.
5. Зарпуллаев Ш.Н., Жуманбаев А.С., Алиханов Ж. Интенсивное выращивание, откорм и мясная продуктивность некондиционного молодняка крупного рогатого скота //Научные основы развития сельского хозяйства на юге Казахстана: сб.науч.трудов ЮКИНИИСХ. – Алматы: Бастау, 2001. – 204-216с.
6. Кулиев Г.К. Рост и развитие скелета некоторых пород овец в отгонно-горных условиях Азербайджана. – Баку: Изд. АН АзССР, 2009. – № 3. – 59 с.
7. Левантин Д.А. Теория и практика повышения мясной продуктивности в скотоводстве. – М.: Колос, 2006. – 232-236 с.

ҒТАХР: 68.41.53

### **М. Нұрланқызы**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

## **БЕСҚАРАҒАЙ АУДАНЫНДА МАЛДАРДЫҢ ІНДЕТТІ АУРУЛАРЫ**

### **INFECTIOUS ANIMAL DISEASES IN BESKARAGAI DISTRICT**

**Зерттеу жұмысының мақсаты:** Бесқарағай ауданында малдардың індетті ауруларын анықтап, алдын алу шараларын жүргізу.

**Зерттеу тақырыбын таңдау себебім:** Өзім Бесқарағай ауданынан болғандықтан қандай індетті аурулар кездесетіндігін білу мақсатында.

**Зерттеу жұмысының болжамы:** Егер жоспарлы вакцинация жұмыстары уақытымен жүргізіліп отырса, онда малдардың ауруға шалдығуы сирек болады немесе мүлдем кездеспейді.

Бесқарағай зертханасында серология бөлімі бар. Онда серологиялық зерттеулер жүргізіледі. Серологиялық зерттеу- иммунитет реакциясына негізделген қанның сарысуында арнайы антидене немесе антигенді анықтау. Бесқарағай ауданында көптеген аурулар кездеседі: Бруцеллез, қошқардың жұқпалы эпидидимиті, лейкоз, хламидиоз және т.б

Бесқарағай зертханасында 2 ауру зерттеледі:

- Бруцеллез;
- Қошқардың инфекциялық эпидидимиті;

Бруцеллезді Бесқарағай зертханасында үш әдіспен зерттейді:

- Агглютинация реакциясы
- Комплемент байланыстыру реакциясы
- Розбенгал сынамасы.

Бруцеллез – Brucellum – созылмалы өтетін, іш тастау, шуы түспеу, эндометрит, орхит және жануарлардың жыныстық қабілетінің бұзылуы арқылы ерекшеленетін жұқпалы ауру. Бруцеллездің негізгі қоздырғышы бруцелла (Brucella) туыстастығындағы бактериялар тобы. Қоздырғыш туыстастығының атауы 1886 жылы бруцеллез қоздырғышын алғаш рет ашқан ғалым Д.Брюс атымен байланысты.

Бруцеллезді әр түрлі түлікте Brucella туыстығына жататын 6 түрге бөлінетін микробтар қоздырады.

1. B. melitensis – қой мен ешкі бруцеллезінің қоздырғышы және адам үшін зардапты.

2. *B. abortus* – ірі қара бруцеллезінің қоздырғышы.
3. *B. suis* – шошқа, солтүстік бұғы бруцеллезінің қоздырғышы.
4. *B. neotomae* – шөлейттегі егеуқұйрықта кездеседі.
5. *B. ovis* – қой үшін зардапты, қошқардың жұқпалы эпидидимитінің қоздырғышы.
6. *B. canis* – ит үшін зардапты.

Емі: Бруцеллезбен ауырған мал емделмейді, ол тез арада сойылып ет комбинатына жіберіледі. Ал ұсақ малдарды міндетті түрде өртейді. Иттерді ұйықтатады.

Бруцеллалардың 3 түрі адам үшін патогенді болып табылады:

1. *B. melitensis* – қой бруцеллезінің қоздырғышы;
2. *B. abortus* – ірі қара мал бруцеллезінің қоздырғышы;
3. *B. suis* – доңыз бруцеллезінің қоздырғышы. Бруцеллезбен зақымдану ет, сүт, мал терілері оның тағамдарын қолданғанда пайда болады. Көбінесе бруцеллезбен жануарлармен көп қатынаста болатын малшылар, сауыншылар мен мал, ет, сүт өнімдерін сатушылар ауырады.

Бруцеллездің адамға жұғу жолдары:

1. Ауру малмен айналысқанда микробтар адам денесіне қолдың кесілген, жарылған жерлері арқылы түседі.
  2. Қой қырыққанда, жүн түткенде, тағы басқадай жағдайларда, шаң-тозаң арқылы микробтар кісінің көзіне, аузына, дем алу жолдарына түседі.
  3. Ауру мал сүтін, етін шикідей, не шала пісіріп, ішіп жегенде, (тамақ қорыту жолы).
  4. Лабораторияда бруцелла микробтарымен жұмыс істегенде де ауру жұғуы мүмкін.
- Бруцеллезбен ауырған адамдар осы ауруға қайтадан шалдығуы мүмкін!!!

Даулау және күресу шаралары

Бруцеллездің алдын алу үшін ең басты шара – аурудан сау шаруашылыққа сырттан инфекция қоздырушысын әкелдірмеу мақсатында негізгі ветеринариялық-санитариялық талаптарды орындау. Мал табындарын тек қана аурудан таза шаруашылықтарда өсірілген сау жануарлардан құрайды және жайылымда, суарғанда, айдағанда бір-бірімен араласуына жол бермеу. Бруцеллез шыққан шаруашылықта індет ошағына карантин қойылып, сауықтыру шаралары жүргізіледі. Сауықтырудың ең тиімді әдісі ауру шыққан табынды түгелімен сойып, қораны мұқият дезинфекциялап, жаңадан сау мал әкелу.

Қошқардың жұқпалы эпидидимиті (Қарақаптал) – жұқпалы созылмалы түрдегі ауру, ең шылауының қабыну процессінен кейін ұлғаюы және қошқарлардың ұрықтандыру функциясының төмендеуімен, ал аналықтарда – іш тастаумен және тіршілікке қабілетсіз төлдің тууымен сипатталады.

Арудың қоздырғышы – *Brucella ovis*, қозғалғыш, спора құрамайтын бактериялар. Індеттің көздеріне – ауру жануарлардың іш тастаған төлдері шаранасымен бірге, жыныс мүшелерінің ағындылары, сүті, зәрі, нәжісі және спермасы жатады. Сау жануарлар негізінде ауру малдармен тікелей жанасқанда немесе ауру саулықпен шағылысқанда (әсіресе, қолдан ұрықтандыру жұмыстары аяқталғандағы шағылыстыру кезінде) ауру жұқтырады.

Диагнозды клиникалық, серологиялық және бактериологиялық зерттеулер негізінде эпизоотиялық деректерді ескере отырып қояды. Серологиялық зерттеулер ең тиімді тәсіл болып табылады. Жануардың тірі кезінде диагноз қоюға ең тиімді серологиялық зерттеу тәсілі. Оның ішінде: комплемент байлану реакциясы, комплемент ұзақ байлану реакциясы. Бруцеллезге қарсы ірі қараны 19 және 82 – штаммдардан даярланған вакциналармен, ал қойды 19-штамм және Rev-1 вакциналарымен егеді.

Қазіргі уақытта Бесқарағай ауданының Баскөл ауылдық округінде індетті аурулардың алдын алу үшін қан алу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Баскөл ауылдық округі ветеринарының айтуы бойынша, 2019-2020 жылдарында таза, яғни аурулар анықталмады. Бұрынғы 2014-2015 жылдары бруцеллез болған, бірақ халық және әкімшілікпен бірігіп тығыз жұмыс жасаудың арқасында бұл аурудан құтылды.

Қарағайлы ауылының «Балықбаев» ФҚ-ның басшысының айтуы бойынша, жыл сайын көктем айында мал өріске шыққан кезінде дезинфекциялық шараларын жүргізіп отырады.

Дезинфекция – инфекциялық аурулар ошағындағы инфекциялық және паразитарлық аурулардың қоздырғыштарын жою жөніндегі кешенді шаралар.

Қорытындылай келе, Бесқарағай ауданында кездесетін бруцеллез және қошқардың жұқпалы эпидидимиті індетті ауруларын анықтау, зерттеу, емдеу және де алдын алу шараларын жүргізудің маңызы зор. Себебі осы індетті аурулардың аудандағы мал шаруашылығына зияны және осы ауру белгілері байқалса онда ол тек жануарларға ғана қауіп төндіріп қоймай сонымен қатар осы жануарларды күтіп-бағатын адамдарға да жұғып, қауіп төндіреді. Сол үшін осы індетті ауруларды дер кезінде анықтап, тиісті шараларды дер кезінде қолданып отыру керек.

### Әдебиеттер

1. Справочник по инфекционным болезням, проф. Л.А. Тришкова, доц. С.А. Богатырёва
2. Справочник по дифференциальной диагностике инфекционных болезней. Под редакцией профессора А.Ф. Фролова, профессора Б.Л. Угрюмова, д-ра мед. наук Е.К. Тринус. Киев
3. Козлов М. П. Эпидемиология бруцеллёза в Предкавказье: автореф. дис. канд. мед. наук. – М., 1962. – 23 с.
4. “Қазақ Энциклопедиясы”, II-том
5. Резникова Л.С., Эпштейн-Литвак Р.В., Леви М.И. Серологические методы исследования при диагностике инфекционных болезней. – М., 1962.

ҒТАХР: 68.41.53

**А.Н. Байгазанов, Т.Н. Блейм, М.К. Нуркенова., Е.О. Омарбеков**  
НАО «Университет имени Шакарима города Семей», [Shakarim.vet@mail.ru](mailto:Shakarim.vet@mail.ru)

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУСЫЛ АУРУЫНЫҢ ЭПИЗОТОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГІ

#### EPISOOTOLOGICAL MONITORING OF FMD IN EASTERN KAZAKHSTAN REGION

Ящур – это острое высоконтагиозное заболевание парнокопытных и мозолоногих домашних и диких животных, проявляющееся лихорадкой, везикулярными (афтозными) поражениями слизистой оболочкой ротовой полости, кожи вымени, венчика, межкопытцевой щели, мякишей и сопровождающаяся нарушением движения; у молодых животных – поражением миокарда и скелетных мышц. Ящур относится к «трансграничным инфекциям», то есть к заболеваниям, способным к быстрому распространению независимо от национальных границ, имеющим большую экономическую значимость и влияющих на торговлю между странами и продовольственную безопасность. Для ящура характерна тенденция к широкому распространению [1,2].

Эпизоотологической особенностью ящура можно считать следующие факторы: многообразные пути передачи возбудителя инфекции и очень короткий инкубационный период, в результате чего ускоряется циркуляция вируса среди животных и быстро появляются новые источники возбудителя инфекции; большое число естественно восприимчивых видов домашних и диких животных; выделение большого количества вируса, высокоустойчивого к различным факторам внешней среды; наличие нескольких иммунологических типов и множества вариантов вирусов [3].

Множественность типов возбудителя ящура, разнообразный механизм передачи и широкий диапазон восприимчивых животных представляют собой основные проблемы борьбы с ящуром [4].

Система противоящурных мероприятий базируется на научно обоснованном прогнозировании эпизоотической ситуации, предусматривает зональный принцип их осуществления [5,6]. Приоритетными в системе являются общие ветеринарно-санитарные меры по предотвращению заноса вируса ящура, а в районах перманентной угрозы и в зонах высокой степени риска возникновения и распространения ящура наряду с ними предусматривается вакцино-профилактика [7].

В 2019 году было вакцинировано 20,000 голов крупного рогатого скота, в том числе в первом полугодии 11,500 голов, во втором полугодии 8,500 голов из Абайского, Бескарагайского, Глубоковского, Уланского, Зайсанского, Курчумского, Катон-Карагайского, Шемонайхинского районов, а так же из городов области – Усть-Каменогорск, Курчатов. Самое большое количество поголовья вакцинировано Курчумского – 4,0000 голов и Уланского 2,8000 голов. Относительное количество привитого поголовья на 2019 год составляет 7,3 % (рис. 1).




Рисунок 1 – Динамика вакцинации и ревакцинации крупного рогатого скота за 2019-2021 гг.

В 2020 году было иммунизировано 11,950 голов крупного рогатого скота вакциной против ящура сорбированной моно- и поливалентной (из вируса выращенного в клетках ВНК-21 тип А, О, Азия-1) разработчик ФГБУ «ВНИИЗЖ» г.Владимир. Относительное количество привитого поголовья на 2019 год составляет 4,4%, на 2020

В 2021 году было иммунизировано 2 423 350 голов крупного рогатого скота, что составляет 7,3% от общего поголовья скота. Относительное количество привитого поголовья на 2019 год составляет 4,4%, на 2020.




Рисунок 2 – Динамика вакцинации и ревакцинации мелкого рогатого скота

В 2019 году вакцинировано 48 000 голов мелкого рогатого скота (рис. 2). Самое большое количество привитого поголовья приходится на Абайский район – 4,000 голов,

Жарминский – 2,200 голов, Катон-Карагайский – 2,000 голов, Курчумский – 2,160 голов, Кокпектинский районов – 2,450 голов (рис. 2). Всего было иммунизировано.

В 2020 году было иммунизировано 41 785 голов мелкого рогатого скота и 3 613 940 голов в 2021 году. Животных иммунизировали вакциной против ящура сорбированной моно- и поливалентной (из вируса выращенного в клетках ВНК-21 тип А, О, Азия-1) разработчик ФГБУ «ВНИИЗЖ» г.Владимир. Количество иммунизированного мелкого рогатого скота за 2019-2021 год составляет 3 703 725 голов.

Таблица 1 – Количество исследованных животных на ящур в ВКО

№ п/п	Исследовано (тысяч голов)			
	2019 год	2020 год	2021 год	Всего
Крупный рогатый скот	20 000	11 950	242 335	274 285
Мелкий рогатый скот	48 000	41 785	3 613 940	3 703 725
Итого:	68 000	53 735	3 856 275	3 978 010

Таким образом, всего по ВКО было вакцинировано 3978010 голов, в том числе 274 25 голов крупного рогатого скота и 3703 723 голов мелкого рогатого скота (табл. 1).

#### **Факторы риска возникновения ящура**

Факторы риска возникновения ящура на территории Восточно-Казахстанской области:

- природно-климатические условия, географическое расположение области благоприятно влияют на распространение вируса ящура на территории области;
- эффективность использования бюджетных средств в области ветеринарии;
- на протяжении более 1500 км, ВКО граничит с Китайской Народной Республикой, где ветеринарные мероприятия в данном направлении не проводятся;
- по территории области протекает река Иртыш, истоками которой является КНР, которая служит одним из каналов проникновения возбудителя ящура;
- имеются два пограничных поста с КНР (Майкапчагай, Бахты), ввиду чего через 8 районов области проходит международный транспортный путь Китай-Казахстан-Россия. Транспортные средства также являются механическими переносчиками вируса ящура;
- на эпизоотическую обстановку при ящуре может влиять приграничная торговля и миграция населения. Наиболее интенсивная приграничная торговля в нашей области осуществляется КНР;
- согласно официальным сообщениям Всемирной Организации здоровья животных, на территории КНР, на 02 апреля 2015г. зарегистрировано 3 очага с типом А и один очаг – с типом О;
- на территории ВКО высокая плотность восприимчивых животных (крупный и мелкий рогатый скот) на единицу площади -15,1 гол/кв.км;
- на территории ВКО имеются другие восприимчивые животные в небольшом количестве – свиньи, верблюды;
- прекращение вакцинации против ящура может стать серьезным фактором риска;
- использование неэффективных вакцин;
- несвоевременное поступление вакцины и нарушение условий ее хранения;
- халатное отношение ветеринарных врачей к проведению вакцинации животных;
- убой скота вне убойных площадок.

#### **Литература:**

1. Джупина, С.И. Об использовании теории эпизоотологического процесса для определения облигатного возбудителя ящура / С.И. Джупина // Ветеринария сегодня. – 2014. – № 2(9). – С. 18-23.
2. Макаров, В.В. Зоопатогенные ортобуньявирусы (Orthobunyavirus, Випуаушәе) / В.В. Макаров, М.И. Гулюкин, Д.К. Львов // Вопр. вирусологии. – 2016. – № 61(2). – С. 53-58.



3. Султанов А.А., Кентбаев Б.Б., Калыкова К.А., Ешмухаметов А.Е., Шампиева К.Д., Сытник И.И., Мамбетов З.А. // Особо опасные болезни животных в Республике Казахстан: напряженность эпизоотической ситуации, оценка риска и прогнозирование на 2010 Рекомендации. Астана 2010 г. 60 с.
4. <https://primeminister.kz/>
5. <https://doi.org/10.21055/0370-1069-2019-2-111-116>
6. <https://doi.org/10.29326/2304-196X-2020-4-35-249-25> Куников С.А., Фомина С.Н. Анализ распространения вируса ящура типа Азия-1 в мире с 1999 по 2019 год. Ветеринария сегодня. 2020.

МРНТИ: 68.41.47

**О.Н. Зайковская, Д.С. Каратаев, Т.С. Семенова**  
НАО «Университета имени Шакарима г.Семей»

## **ИННОВАЦИОННЫЙ МЕТОД ОВАРИОГИСТЕРЭКТОМИИ КОШЕК**

### **INNOVATIVE METHOD OF CAT OVARIOGISTERECTOMY**

На сегодняшний день одной из самых востребованных операций в ветеринарной клинике является так называемая стерилизация кошек. Так как половая охота у кошек зачастую приносит массу неудобств владельцам (изменение поведения, крики), лишение кошки этой способности – простой и доступный выход.

Стерилизацию кошек осуществляют четырьмя основными способами: трубная окклюзия, гистерэктомия, овариоэктомия и овариогистерэктомия.

Трубная окклюзия – перевязка маточных труб. Не является эффективным методом, так как со временем есть вероятность рассасывания шовного материала и репродуктивные функции восстанавливаются. Немаловажным недостатком является также то, что у кошки после этой операции происходят очень длительные течки, в результате чего часто возникают осложнения (заболевания матки).

Гистерэктомия – удаление матки. Данный метод заключается в том, что кошке удаляют только матку, оставляя при этом яичники. Таким образом у кошки продолжается выработка половых клеток и гормонов, она впадает в половую охоту. Фактически этот метод не решает главной проблемы – изменение поведения кошки во время половой охоты. Также большим недостатком является то, что после проведения данной операции очень часто наблюдаются заболевания на фоне гормонального расстройства, новообразования молочной железы.

Овариоэктомия – удаление яичников. Эта операция заключается в том, что кошке удаляют яичники. Но удаление только яичников оказывается не всегда эффективным методом. В будущем у кошки может появиться заболевание матки.


На практике доказано, что именно овариогистерэктомия является наиболее эффективным методом стерилизации кошек.

Овариогистерэктомия – это удаление яичников и матки у кошек. В связи с чем кошка лишается не только возможности к зачатию, но и половой охоты. Половой аппарат кошки состоит из: 1 – парных яичников, 2 – рогов матки, 3 – матки, 4 – влагалища, 5 – вульвы. При овариогистерэктомии удаляются яичники и рога матки до начала тела матки (рис. 1).

Несмотря на то, что овариогистерэктомия фактически не вредит здоровью животного и переносится им довольно легко, не все владельцы решаются на данную операцию.

Традиционный метод овариогистерэктомии лапаротомией (по белой линии живота) требует тщательного послеоперационного ухода и контроля, без которых может возникнуть масса осложнений – выпадение кишечника при разлизывании швов, образование грыж,

вторичная инфекция и так далее. Многие владельцы кошек боятся не столько самой операции, сколько осложнений после нее.



А-В область отсечения – от тела матки до яичников

Рисунок 1 – Овариогистеректомия кошек


Поэтому возникает необходимость изыскания нового метода извлечения матки и яичников, при котором послеоперационные осложнения сводятся к минимуму.

Изучая анатомо-топографические особенности строения полового аппарата самок мы обнаружили что наиболее доступным местом операционного доступа является боковая линия, расположенная на расстоянии 3 см от последнего ребра и 2 см от позвоночника.

Овариогистерэктомия через боковой доступ – инновационный метод лишения самок половой охоты и репродуктивной функции.

Преимуществом данной операции являются многие факторы:

– Разрез длиной 1-2 см исключает обсеменение внутренних органов различного рода микрофлорой. Через этот небольшой разрез извлекается исключительно матка и яичники, другие органы остаются в брюшной полости и не имеют контакта с внешней средой. При лапаротомии размеры разреза могут достигать 5-8 см. При этом обнажаются все внутренние органы брюшной полости (кишечник, мочевой пузырь и т.д.) и нарушается их стерильность (рис. 2). В связи с чем очень частым осложнением после лапаротомии является возникновение вторичной инфекции, воспаление шва.



По белой линии (лапоротомия) через боковой разрез

Рисунок 2 – Оперативное поле при овариогистеректомии в сравнении

– Разрез находится в труднодоступном для кошки месте, поэтому животному будет очень трудно и болезненно достать до шва и разлизать его.

– Расположение разреза – полностью исключаются такие послеоперационные осложнения как образование грыжи и выпадение кишечника. При лапаротомии шов находится на животе и животное имеет доступ к нему. Поэтому приходится тщательно следить за тем, чтобы кошка ни в коем случае не разлизала шов. Это может привести к выпадению внутренних органов. В послеоперационный период при лапаротомии животное

не стоит перекармливать и необходимо следить за количеством принимаемого корма, так как излишнее давление на шов со стороны брюшной полости может вызвать образование грыжи.

– Шов находится на открытом месте, быстро подсыхает и заживает. Снятие швов обычно осуществляется не позднее чем на 7 день после операции. При лапаротомии шов находится на животе и при ходьбе может травмироваться. Также часто у упитанных кошек шов заворачивается в жировую складку, исключается доступ воздуха, шов мокнет и заживление происходит гораздо дольше. Снятие швов осуществляется на 14 день.

Однако у этого метода есть и недостатки.

Данную операцию можно произвести только на здоровой небеременной матке. Это связано с маленьким размером разреза (1-2 см). Через такое маленькое отверстие невозможно вытащить беременную увеличенную в размерах матку, либо больную, заполненную гноем матку при пиометрите. Именно поэтому огромное значение имеет клинический осмотр животного перед операцией и диагностика заболеваний матки и беременности.

С целью выяснения беременности кошек в нашей клинике мы проводим ультразвуковое исследование (УЗИ).

Для диагностики болезней матки в клинике проводится клиническое исследование кошек с термометрией, а также общий анализ крови для выяснения количества лейкоцитов (на наличие воспаления).

В целом овариогистерэктомия не несет никакого вреда здоровью животного. Научно установлено, что стерилизованные кошки живут на 2-3 года дольше. Также у стерилизованных кошек крайне редко встречаются новообразования молочной железы, гнойное воспаление матки (пиометрит) и другие заболевания на фоне расстройства гормональной системы.

Аяғы ауыр және емізулі баласы бар әйелдер кальций мен басқа да микроэлементтерге бай сүзбені жиі қолданғаны жөн. 5-7 айлық сәбиге де сүзбе беруге болады. Балалар үшін сүттен жасалған, ұзақ уақыт қайнатылмаған майсыз сүзбе тиімді. Сүзбе ағзадағы ұлпаның өсуіне және қалыпқа келуіне жақсы әсер етеді. Сонымен қатар, жүйке жүйесі мен қан айналым және жүрек қызметіне пайдалы [4].

Ірімшік тек қана балалар үшін ғана емес, егде адамдарға да аса қажет. Ол бауырды, атеросклерозды және гипертониялық ауруларды емдеу кезінде диетаның құрамына енгізіледі.

Ірімшік асқазандағы және ұлтабардағы жараны, созылмалы гастритті, өт қабындағы созылмалы ауруларды, панкреатитті, ішек ауруларын емдеуге көмектеседі. Ірімшік кез келген диета құрамына енеді.

Сүзбедегі кальцийдің молдығы туберкулез кезінде, сүйек сынғанда, рахит кезінде, бүйрек пен жүрек ауырғанда жақсы әсер етеді [5].

Жаңа сүт өнімдері түрлерінің технологиясын жетілдіру сүт – өсімдікті композицияның оптималдық қатынасына негізделген. Ірімшік десертті өндірісінің технологиялық процесі ірімшіктің дәстүрлі технологиясы негізінде дайындалады. Толықтырғыштар ретінде итмұрын жемісінің еzbесі қолданылды.

Ірімшік өндірісінде сүтті ашыту процесі негізгі операциялардың бірі болып саналады, ол ақуыз коагуляциясына және ұйытындының пайда болуына әкеледі. Осыған байланысты коагуляцияның екі әдісі бар: қышқылды және қышқылды-мәйекті.

Осы ірімшік массасының өндірісінде ақуыз коагуляциясының қышқылды-мәйекті әдісі ұсынылды. Қышқылды-мәйекті әдісті қолданғанда казеин коагуляциясы мен ұйытындының пайда болуы сүт қышқылымен мәйекті ферменттің және пепсиннің әсерімен өтеді. Мәйекті фермент ұйытындының синерезис процессін күшейтеді, осының нәтижесінде сарысудың бөлінуі жақсарады.

Қышқылды – мәйекті әдіс кезінде ірімшік массасы өндірісінде майсызданған сүт қышқылдығы  $65 \pm 5^\circ\text{T}$  ұйытқы алынғанға дейін ашытылады. Ашыту уақыты  $28-30^\circ\text{C}$  температура (жылы кезде) және  $30-32^\circ\text{C}$  (суық кезде) ашытқы енгізген сәттен бастап 6-8 сағатты құрайды. Ұйытындының дайын болғанын сынамамен анықтайды. Ол үшін, ұйытқыға шпательдің шетін қисайтып кіргізеді және оны абайлап көтеру қажет.

Дайын ұйытқы тегіс, ашық жасыл түсті сарысу береді. Егер ұйытқы дайын болмаса, онда сынама тегіс емес және сарысу бұлыңғыр болады. Ұйытқының дайын болғанын дұрыс анықтамау ірімшік сапасының нашарлауына және көлемінің азаюына әкеліп соғады. Ұйытқының дайындығын қышқылдығына қарап дәлірек анықтауға болады, майлы емес сүзбеде  $58-60^\circ\text{T}$  болуы қажет. Ұйытынды 6-8 сағатта пайда болады.

Сүзбе массасына тәтті дәм беру мақсатында өсімдікті толықтырғыш ретінде қосымша сүт өнімдері рецептурасына итмұрын жемісінің езбесі енгізіледі. Итмұрын жемісінен езбе дайындау үшін піскен итмұрын жемістерін бөгде массалардан тазалайды, суық суда жуып, жемісін екіге бөліп ортасынан кеседі және дәнінен тазалайды. Содан кейін қайнап тұрған суда 5-10 мин жұмсарғанға дейін буда ұстайды, кейін суын төгіп, кептіреді және 70 % концентрациялы қант шәрбатын құяды. Езбені  $6-8^\circ\text{C}$  температураға дейін салқындатамыз.

Қант шәрбатын итмұрын жемісі буланған суда дайындаймыз. 1 кг итмұрынға 1,5 кг қант және 500-600 г су алынады. Қоспаны қант ерігенге дейін қыздырады, 3-4 қабатты марліден өткізеді, содан кейін қайнағанға дейін қыздырып езбеге құямыз.

Зертханада ірімшіктің органолептикалық қасиеттері, физика-химиялық құрамы, микробиологиялық көрсеткіштері анықталды. Органолептикалық қасиеттерін МЕМСТ 3625-84 «Сүт және сүт өнімдері. Органолептикалық қасиеттерін анықтау әдістемесі» бойынша анықталды (1 кесте).

1 кесте – Органолептикалық көрсеткіштері

Сүт өнімі	Органолептикалық көрсеткіштері			
	Сыртқы түрі	Консистенциясы	Дәмі және иісі	Түсі
Ірімшік	Біртекті масса	Жұмсақ және біртекті, жағылмалы	Таза, сүтқышқылды дәм, бөгде иіссіз	Ақ, сарғыштау, ақшыл-кремді

1- кестеде сүтқышқылды өнімдердің органолептикалық көрсеткіштері ТР ТС 033/2013 техникалық регламент талаптарына сәйкес екені анықталды.

Физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау кезінде жалпы қабылданған әдістемелер МЕМСТ 3624-92, МЕМСТ 3625-84, МЕМСТ 5867-90 арқылы қышқылдығы, тығыздығы, майлылығы анықталды (2 кесте).

2 кесте – Физика-химиялық көрсеткіштері

Сүт өнімі	Физика-химиялық көрсеткіштері		
	Қышқылдығы, Т	Тығыздығы, (кг/м), кем емес	Майлылығы, %, кем емес
Ірімшік	65	1032	1,8

2 кестеде сүт және сүтқышқылды өнімдердің физика-химиялық көрсеткіштері мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес келді.

Микробиологиялық көрсеткіштерді МЕМСТ 9225-84 «Сүт және сүт өнімдері. Микробиологиялық зерттеу әдістемесі» және СанПиН 2.3.2.1078-01. бойынша анықталды (3 кесте).

Кестеде зерттеу жұмыстары нәтижесінде сүт және сүт қышқылды өнімдер құрамында КМАФАнМ, БГКП мөлшері СанПиН 2.3.2.1078-01 талабынан ауытқыған жоқ.

3 кесте – Микробиологиялық көрсеткіштері

Сүт өнімі	Микробиологиялық көрсеткіштері	
	КМАФАнМ, КОЕ/см <sup>3</sup> (г)	БГКП (колиформы)
Ірімшік	$1 \cdot 10^6$	0,01

Сүт қышқылды өнімдердің органолептикалық, физика-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері стандарт және СанПиН 2.3.2.1078-01 талаптарына сәйкес екені көрсетілді.

Жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, соңғы кездері Қазақстанда сүт өнеркәсіптері саны артуда. Кәсіпорындар ИСО 9000, 22000 және НАССР принципті стандарттар негізінде сапа менеджментінің қазіргі заман жүйесін енгізуге қызығушылық танытып отыр. ISO 9000 сериялы сапаны басқару жүйесі ең алдымен сапа менеджменті жүйесін жасауға бағытталған. Осындай жүйені енгізудің басты мақсаты – сапалы және қауіпсіз өнімді шығару, ол нарықта көшбасшы болуға, өнімдерін экспортқа шығаруды жеңілдету және оны беделді, тұтынушылар сеніміндегі ИСО 9001, ИСО 22000 және НАССР жүйелерімен маркировкаға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

1. Донченко Л.В. Безопасность пищевой продукции: учебное издание/ второе переработанное и дополненное/ Донченко Л.В., Надыкта В.Д. — М.: ДеЛи принт, 2007. — 539 с.
2. Нечаев А.П. Пищевая химия: учебник для студентов вузов, обучающихся по направлениям: 552400 «Технология продуктов питания»/ 2-е издание, переработанное и исправленное/ Нечаев А.П., Траубенберг С.Е., Кочеткова А.А. – СПб.: ГИОРД, 2003. – 479 с.
3. Никифорова Т.Е. Безопасность продовольственного сырья и продуктов питания: учебное пособие/ ГОУ ВПО «Иван.гос. хим.-технол. ун-т», Иваново, 2007. – 132 с.
4. Позняковский В.М. Гигиенические основы питания, безопасность и экспертиза продовольственных товаров. – 5-е изд., испр. и доп. – Новосибирск: Изд-во Сиб. унив., 2007. – 455 с.
5. Асенова Б.К. Контроль качества молока и молочных продуктов/ Асенова Б.К., Ребезов М.Б., Топурия Г.М., Топурия Л.Ю., Смольникова Ф.Х. – Алматы: Халықаралық жазылым агенттігі, 2013. – 212 с.

ҒТАХР: 65.59.31

**А.А. Даутова, К.Ж. Амирханов, С.К. Касымов, Ж.Б. Асиржанова, А.О. Майжанова**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, aska\_nur@mail.ru

### ТӨМЕН КАЛОРИЯЛЫ ПІСІРІЛГЕН ШҰЖЫҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

#### RESEARCH OF SAFETY INDICATORS OF LOW-CALORIE BOILED SAUSAGE

Мемлекеттің тамақтану саласындағы саясаты халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталуы тиіс. Бұл тапсырманы орындау үшін қол жетімді жоғары сапалы тамақ өнімдерін өндіру қажет.

Соңғы жылдары Қазақстанда халықтың тамақтану құрылымында терең сапалық өзгерістер болды. Дұрыс тамақтанудың негізі академик А.А. Покровскийдің тиісті тұжырымдамасында көрініс табатын барлық тағамдық заттар бойынша диетаның теңгерімділігі болып табылады. Технологиялық өңдеу, химиялық құрамы бойынша төмен азық-түлік шикізатын пайдалану, басқа себептердің әсері нәтижесінде адам ағзасы алмастырылмайтын компоненттердің қажетті мөлшерін алмайды [1].

Тапшы жағдайларды жою және ағзаның қолайсыз қоршаған орта факторларына төзімділігін арттыру тәсілдерінің бірі емдік әсерінің кең спектрі бар биологиялық белсенді қоспалар кешенімен байытылған тамақ өнімдерін жүйелі пайдалану болып табылады [2].

Халықтың дұрыс тамақтануында функционалды компоненттермен байытылған жаңа, теңдестірілген өнімдерді құру жетекші рөл атқарады. Күнделікті қолданылуы денсаулықты сақтауға және жақсартуға ықпал ететін осындай компоненттері бар тамақ өнімдері әдетте *функционалды* деп аталады. Еуропада бұл жаңа өнімдер «жаңа» өнімдер мен тағамдық ингредиенттер ретінде белгіленді [3].

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ «Тамақ өндірістерінің технологиясы және биотехнология» кафедрасында калориясы төмен ет шикізаты және дәстүрлі емес өсімдік шикізаты киноа жармасының ұнтағы негізінде «Сұлтан» пісірілген шұжығының технологиясы мен рецептурасы әзірленді.

«Сұлтан» пісірілген шұжығы 1-кестеде көрсетілген рецептура бойынша дайындалған.

Кесте 1 – «Сұлтан» пісірілген шұжығының рецептурасы кг/100кг

Тұздалмаған шикізат, кг (100 кг шикізатқа)	
Шикізат, дәмдеуіштер мен материалдар атауы	
Жоғары сұрыпты сиыр еті	45
Жоғары сұрыпты жылқы еті	20
Құс еті-күркөтауық еті	20
Өсімдік қоспасы (гидратацияланған киноа тұқымының ұнтағы)	10
Тауық жұмыртқасы немесе жұмыртқа меланжы	2
Өсімдік майы	5
Жиыны	<b>100 кг</b>
Дәмдеуіштер мен материалдар, г (100 кг тұздалмаған шикізатқа)	
Тағамдық теңіз тұзы	1100
Натрий нитриті	6
Хош иісті қара бұрыш	85
Мускат жаңғағы немесе кардамон	55
Құмшекер	110
Сарымсақ	120
Қабықшалар	Диаметрі 80-120 мм жасанды қабықшалар

Дайын бұйымдарда келесі көрсеткіштер анықталды: органолептикалық (сыртқы түрі, кесіндідегі түрі, дәмі мен иісі, түсі) - сипаттау әдісімен; физикалық-химиялық (ылғалдың, ақуыздың, майдың, ас тұзының массалық үлесі) – стандартты әдістемелер бойынша; қауіпсіздік (өнімнің осы санатына КО ТР 021/2011 талаптарымен белгіленген) – жалпы қабылданған әдістемелер бойынша.

Гидратацияланған киноа тұқымының ұнтағы қоспасы қосылған пісірілген «Сұлтан» шұжығының органолептикалық көрсеткіштері сипаттамалық әдіспен анықталды, нәтижелері 2-кестеде келтірілген.

Зерттеулер көрсеткендей, пісірілген шұжықтың құрамына дәстүрлі емес өсімдік қоспасын енгізу консистенцияны, сыртқы түрін, дәмі мен иісін жақсартуға көмектеседі.

Кесте 2 – «Сұлтан» пісірілген шұжығының органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Сипаттамасы	
	Бақылау үлгісі	Тәжірибелік үлгі
Сыртқы түрі және кескіндегі көрініс	Беті таза, құрғақ, қабықшасы зақымдалмаған шұжық батондары, бір-біріне жабыспаған	
Дәмі мен иісі	Шикі түрінде — сапалы шикізатқа тән	
	Термиялық өңдеуден кейін өнімге тән хош иіс, дәмдеуіштердің жағымды хош иісі бар. Дәмі жағымды, айқын ет дәмді	Өнімнің осы түріне тән, орташа тұзды, дәмдеуіштердің хош иісі бар, сыртқы дәмі мен иісі жоқ

Зерттелетін «Сұлтан» пісірілген шұжығының физика-химиялық көрсеткіштерінің нәтижелері 3-кестеде келтірілген.

Шұжық өнімдеріне арналған «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 021/2011 КО ТР регламенттейтін қауіпсіздік көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың рұқсат етілген деңгейлерін анықтау нәтижелері 4-кестеде келтірілген.

Кесте 3 – «Сұлтан» пісірілген шұжығының физикалық-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Көрсеткіштің мәні	
	Әдістерге арналған НҚ	Тәжірибелік үлгі
Блғалдың массалық үлесі, %	ГОСТ 9793-2016	71,3
Ақуыздың массалық үлесі, %, кем емес	ГОСТ 25011-2017	16,2
Майдың массалық үлесі, %, артық емес	ГОСТ 23042-86	9,7
Ас тұзының массалық үлесі, %	ГОСТ 9957-2015	1,4
Нитриттің массалық үлесі, %	ГОСТ 8558.1-2015	0,0037
Қышқыл фосфатазаның қалдық белсенділігі, %	ГОСТ 23231-2016	0,0032

Кесте 4 – «Сұлтан» пісірілген шұжығының қауіпсіздік көрсеткіштері

№	Көрсеткіштердің атауы, өлшем бірліктері	Сынау әдістері бойынша НҚ	НҚ бойынша нормалар	Нақты алынған
1	Уытты элементтер мг/кг, артық емес: Қорғасын Мышьяк Кадмий Сынап Бенз (а) пирен	ГОСТ 30178-96 ГОСТ 31266-2014 ГОСТ 30178-96 МУК 4.1.1472-03 СТРК 1502-2006	0,5 0,1 0,05 0,03 0,001	Табылған жоқ Табылған жоқ Табылған жоқ Табылған жоқ Табылған жоқ
2	Пестицидтер мг/кг, артық емес: Гексахлорциклогексан (ε, β, γ-изомерлер) ДДТ және оның метаболиттері	ЭН 2142-80 ЭН 2142-80	0,1 0,1	Табылған жоқ Табылған жоқ
3	Нитрозаминдер: НДМА және НДЭА сомасы	МУК 4.4.1.011-93	0,004	Табылған жоқ
4	Антибиотиктер, мг/кг, артық емес: Левомецетин Тетрациклин тобы	СТ РК ИСО 13493-07 СТ РК 1505-2006	Жол берілмейді Жол берілмейді	Табылған жоқ Табылған жоқ
5	Радионуклидтер Бк / кг, артық емес: Цезий -137	СТ РК 1623-2007	200	4,6

Жүргізілген зерттеулер гидратацияланған киноа тұқымының ұнтағының қоспасы бар пісірілген шұжықтарды өндірудің тиімділігін көрсетеді. Шұжықтың осы түрін өндіру қосымша күрделі салымдарды қажет етпейді және ұсынылған технологияны ет өнеркәсібі кәсіпорындарында енгізуге болады.

#### Әдебиеттер

1. Verbeke, W., Pérez-Cueto, F. J. A., de Barcellos, M. D., Krystallis, A., & Grunert, K. G. (2010). European citizen and consumer attitudes and preferences regarding beef and pork. *Meat Science*, 84, 284–292.
2. The European Parliament and the Council of the European Union (1997). Regulation (EC) No 258/97 of the European Parliament and of the Council of 27 January 1997 concerning novel foods and novel food ingredients. *Official Journal of the European Communities*, 43, 1–7.
3. Ellinger, S., Ellinger, J., & Stehle, P. (2006). Tomatoes, tomato products and lycopene in the prevention and treatment of prostate cancer: Do we have the evidence from intervention studies? *Current Opinion in Clinical Nutrition and Metabolic Care*, 9(6), 722-727.

**Н.А. Еріш, Е.К. Төлеуов**

«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КАҚ, [erish.nurbol@mail.ru](mailto:erish.nurbol@mail.ru)

**НАН-ТОҚАШ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНА БАЛ ҚҰРАМЫНЫҢ  
ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

**INVESTIGATION OF THE INFLUENCE OF HONEY COMPOSITION ON THE  
TECHNOLOGY OF BAKERY PRODUCTS PRODUCTION**

Әлемде және біздің елімізде наубайхана өндірісін дамытудың маңызды бағыты – нан-тоқаш өнімдерінің тағамдық құндылығын арттыру. Бұған негізінен өнімдерді өмірлік маңызды компоненттермен байыту арқылы диеталық өнімдердің ассортиментін кеңейту арқылы қол жеткізуге болады.

Адам мен ұлттың денсаулығы едәуір деңгейде тамақтану рационымен анықталады. Біздің елдің тұрғындары үшін нан-тоқаш өнімдері энергия мен тағамдық заттардың негізгі көздері болып табылады. Олар адамның ақуызға – 25-30%, көмірсуға – 30-40%, дәрумендерге (ең бірінші В тобы), минералдық заттар мен тағамдық талшықтарға – 20-25% деген қажеттілігінің қаматамасыз етеді. Нан өнімдерінің сіңімділігі адам ағзасының күйіне, нан жұмсағының химиялық құрамы мен құрылымына және басқа да факторларға байланысты [1].

Нан дайындаудың технологиялық процесі келесі кезеңдерден тұрады: қамыр мен басқа да жартылай фабрикаттарды илеу, жартылай фабрикаттарды ашыту, қамырды белгілі бір массаға бөлу, қамыр дайындамаларын қалыптастыру және толықсыту, нан өнімдерін пісіру, салқындату және сақтау.

Бал сұйық түрінде оны су моншасында еріту арқылы енгізіледі. Қамырды ұннан, судан, ашытқыдан, тұздан және балдан илеу кезінде белгілі бір құрылымы мен физикалық қасиеттері бар біртекті масса алынады.

Нан пісіру өндірісінің негізгі шикізаты – бидай мен қара бидай ұны, су, ашытқы, тұз. Қосымша шикізатқа наубайханада қолданылатын барлық басқа өнімдер кіреді, атап айтқанда өсімдік және жануар майы, маргарин, сүт және сүт өнімдері, бал және т.б. Нанның белгілі бір түрін жасау кезінде қолданылатын шикізаттың жекелеген түрлерінің тізімі мен қатынасы рецептура деп аталады. Рецептурада негізгі және қосымша шикізаттың мөлшері әдетте 100 кг ұнға кг түрінде көрсетіледі.

Нан және тоқаш өнімдерінің бірқатар сұрыптарының рецептураларында қосымша шикізаттың басқа да түрлері (жұмыртқа, мейіз, сүт, сүт сарысуы, майсыздандырылған құрғақ сүт, көкнәр, бал және т.б.) көзделеді. Бұдан нан өнімдерінің әртүрлі түрлері мен сорттары үшін қамырдағы шикізаттың тізімі мен қатынасы әртүрлі болуы мүмкін деген қорытынды шығаруға болады [2]. Бал қосылған тәжірибелік нанның рецептурасы 1 кестеде келтірілген.

1 кесте – Бал қосылған жоғары сұрыпты ұннан жасалған бидай нанының рецептурасы

Шикізат	Мөлшері
Жоғары сұрыпты ұн	100 кг
Ашытқы	1 кг
Тұз	1,25 кг
Бал	3 кг
Өсімдік майы	0,15 л
Су (ылғал сыйымдылығы бойынша)	52-54 л


Зерттеу материалы МЕМСТ 19792-2017 талаптарына сәйкес келетін 2020 жылғы түсімнің егіннің гүлді ара балы, сондай-ақ бал қосылған және балсыз жоғары сұрыпты бидай ұнынан (МЕМСТ 26574-2017) жаңадан пісірілген нан болды [3,4]. Зерттеулер келесі схема бойынша жүргізілді (1-сурет).






1 сурет – Зерттеу схемасы

Балды қолданған кезде қамырдың сұйылуы бал құрамына кіретін көмірсулардың ыдырауы кезінде қалыптасатын төмен молекулалы декстриндердің жиналуына байланысты болады. Бұл жағдайда астық массасы алмасатын қанттармен байытылады, бұл суда еритін пентозандардың жиналуына әкеледі. Балды қолдану кезінде ұнның газ түзілу жылдамдығының өзгеруі 2 – суретте көрсетілген.



2 сурет – Балдың газ түзілуге әсері

Балда өзіндік амилolitikалық ферменттердің болуына байланысты ұндағы полисахаридтер мен олигосахаридтердің неғұрлым қарқынды деполимеризациясы жүреді. Көмірсулардың деградациялық өнімдері ашытқы үшін қосымша тамақтану көзі болып табылады, бұл ашыту мен газдың пайда болу процесін күшейтуге ықпал етеді. Бал құрамына астық массасының сапасына және осылайша нанның сапалық көрсеткіштеріне әсер ететін полифенол, минералдар, органикалық қышқылдар кіреді. Бал қосылған ашытқылы қамыр белсенді қасиеттерін 6 сағатқа дейін, ал бал қосылмаған 3 сағат сақтайды. Ара балын енгізу кезінде нанның кеуектілігінің өзгеруі 3-суретте көрсетілген.




3 сурет – Нанның кеуектілігіне балдың әсері

Бал пайдаланылған нан үлгісі бақылау үлгісінен кеуектіліктің дамыған құрылымымен және жұмсағының икемділігімен ерекшеленеді. Бақылау үлгісінде кеуектілік 48%, ал тәжірибелік үлгіде 53% болды, бұл 5% жоғары [5].


Балды қолдану нәтижесінде нанның үлесті көлемінің өзгеруі 4-суретте көрсетілген.

Табиғи шикізатты енгізу нанның сапалық көрсеткіштеріне әсер етеді, өйткені олардың құрамынан сапасының физика-химиялық көрсеткіштерін өзгертетін полифенол, минералдар, органикалық қышқылдар кіреді. Бақылау үлгісінің салыстырмалы көлемі 164%-ды, ал тәжірибелі күлгі 187%-ды құрайды, бұл 13%-ға жоғары [6].



4 сурет – Нанның үлесті көлемінің өзгеруіне балдың әсері

Жұмыста балдың пісіргеннен кейін 2, 16, 24 және 48 сағаттан кейін АП-4/2 пенетрометр автоматтандырылған құрылғысында нанның балғындылығын сақтау дәрежесіне әсерін зерттеу жүргізілді. Сығылудың жалпы деформациясының сақтау ұзақтығына тәуелділік графигі 5-суретте көрсетілген.



5 сурет – Нанның балғындығын сақтау дәрежесіне балдың әсері

Балды қолдану нанның балғындығын сақтау мерзімін ұзартады. Бұл гидролитикалық ферменттер гидрофильді қабілеті жоғары моносахаридтердің пайда болуымен жасуша қабырғаларының полисахаридтерінің гидролизіне ықпал етеді, нәтижесінде крахмалдың ретроградтау процесі баяулайды. Балды құрайтын органикалық қышқылдар нанның гидрофильді қасиеттерін арттыра отырып, төмен молекулалы декстриндер түзе отырып, дәннің жасушалық қабырғаларында крахмалды емес полисахаридтердің деградация процесін белсендіреді. Бақылау үлгісін сақтау ұзақтығының азаюы 16 сағат сақтаудан басталады, ал тәжірибелік үлгіде төмендейді, бірақ бақылау үлгісімен салыстырғанда жоғары болып қалады және 48 сағат сақтау кезінде сығылудың жалпы деформациясы АП 4/2 аспабында бақылау үлгісінде 10 бірлік, тәжірибеліде 22 бірлікті құрайды [7].

Осылайша, зерттеулер нан өндірісінде балды қолданудың тиімділігін көрсетті. Балды қолдану ұнның микробиологиялық ластануының төмендеуіне, нанның органолептикалық қасиеттерінің жақсаруына, жұмсағының кеуектілік құрылымының жақсаруына, сонымен қатар нанның нақты көлемінің жоғарылауына және оның балғындығының сақтау мерзімінің жоғарылауына ықпал етті.

### Әдебиеттер

1. Мизанбекова С.К. Инновационные технологии как фактор повышение качества продукции хлебопекарного производства. / Мизанбекова С.К., Богомолова И.П., Богомолов А.В. // Техника и технология пищевых производств. – 2017. – №2. – С. 142-147.
2. Ауэрман Л.Я. Технология хлебопекарного производства. / Л.Я. Ауэрман. – 9-е изд., перераб. и доп. – М.: Профессия, 2009. – 416 с.
3. ГОСТ 19792-2017. Мед натуральный. Технические условия
4. ГОСТ 26574-2017. Мука пшеничная хлебопекарная. Технические условия
5. ГОСТ 5669-96. Хлебобулочные изделия. Метод определения пористости
6. ГОСТ 27669-88. Метод определения удельного объема готового изделия
7. Горячева, А.Ф. Сохранение свежести хлеба. / А.Ф. Горячева, Р.В. Кузьминский. М.: Легкая и пищевая промышленность, 1983. – 240 с.

**Ш.К. Жакупбекова, Ж.К. Молдабаева, А.О. Майжанова, А.А. Даутова,  
Л.М. Мухамеджанова**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, siyanie\_\_88@mail.ru

## **ҰЛТТЫҚ СҮТ ӨНІМІ-ҚҰРТ**

### **NATIONAL DAIRY PRODUCT-KURT**

Сүт қышқылды өнімдер сүтке қарағанда диеталық қасиеті және емдік қасиеті жағынан құнды өнім болып келеді.

Сүт қышқылды өнімдердің диеталық және емдік қасиеттері адам ағзасына микроағзалармен және биохимиялық процесс нәтижесінде пайда болып, заттармен пайдалы әсер етуімен түсіндіріледі. Бұл биохимиялық процесстер сүттің ашуы кезінде жүреді.

Сүт және сүт өнімдері адамзаттың тамақтануында ерекше маңызы бар тағам. Сүт және сүт өнімдерін күнделікті тұтыну, рационына қосу оның толықтылығын арттырады, басқа да тағамдық компоненттердің жақсы сіңуіне ықпал жасайды. Алайда сүт қышқылды өнімдер емдік және диеталық тамақтануда өзінің функционалдық құрамы жағынан сүттен асып түседі, себебі сүттің барлық құрама бөліктері сүт қышқылды өнімдерде жеңіл сіңетін түрде болады. Сүт қышқылды өнімдер асқазанның секреторлық қызметіне әсер етеді және тағамның қорытылуын тездететін ферменттердің жылдам бөлінуіне әсер етеді, ішектің қызметін тұрақтандырады және жүйке жүйесіне жақсы әсер етеді [1].

Бүгінгі таңда сүт және сүт өнімдері өндірісінде аймақтық тағамдарға, әр түрлі майлылықтағы тағамдар, жеміс-жидекпен араласқан жаңа өнімдер және де ақуыздармен, дәрумендермен, минералды заттармен байытудың арқасында нарықта сан алуан тың идеялар пайда болуда.

Осыған байланысты сүт өндірісінде перспективалы бағыттарының бірі өсімдіктекті қосылыстарды, жаңа ферменттерді және биопрепараттарды қолдана отырып ұлттық сүт өнімдерінің жаңа түрін шығару болып табылады.

Құрт өз бойына дайындау кезінде пайдаланылған сүттің ең пайдалы минералдары мен дәрумендерін алады. Оның құрамында Е, D дәрумендері және А дәрумені, сонымен қатар кальцийдің жоғары құрамы байқалған. Аталған өнімде 25% ақуыз бар. Құрттың тағы да маңызды қасиеттерінің бірі жүрек айнуын баса білу қабілеті, сондықтан оны жолда, теңізде жүрегі айнытатын адамдарға жеуге ұсынылады. Өнімнің химиялық құрамына кіретін дәрумендер адамның көру қабілетін жақсартады, жасушалардың жаңаруына әсер етеді, адамның иммундық жүйесін арттырады, адам ағзасының қорғаныштық қабілетін жоғарылатады және адам ағзасындағы онкологиялық аурулардың даму қаупін төмендетеді [2].

Кальцийдің құртта көп мөлшерінің болуы тері қабатының жасаруына қажет және ағзадағы зат алмасудың жақсаруына қажет коллагеннің түзілуіне қатысады. Құрт тамаша сергітетін өнім қанның аздығы кезінде және физикалық ауыртпалық кезінде пайдалану ұсынылады.

Құртты негізінен тұздалып ашытылған сүттен, престелген және күнге кептірілген қатты ірімшік десек те болады. Құрт Орта Азия елдерінің, оның ішінде Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің ұлттық тағамы болып келеді. Батыс Азия елдерінде де (Грузия, Азербайджан және Армения) құрттың танымалдығы аз емес. Сондай-ақ, оны Татарстанда, Башкирияда және Монголияда да әзірлейді. Құрт дайындау рецептурасының әр елде өзіне тән ерекшеліктері бар. Дәстүр бойынша құртты сиыр, ешкі және қой сүтінен жасайды. Алайда кейбір елдер экзотикалық өнімдер қолданады. Мысалы, Монғолия мен Башкирия да құртты бие сүтінен дайындайды, Арменияда бұғы сүтінен, ал Қырғызстанда – түйе сүтінен дайындайды.

Ұлттық сүт қышқылды өнім құрттың қазіргі таңда көптеген түрлері бар. Дәстүрлі әдіспен өндірілген құрт, әр түрлі тағамдық қоспалар, түсін түрлендіру үшін табиғи

бояғыштар, дәмін және тағамдық құндылығын арттыру үшін дәнді дақылдардың ұнтақталған түрі қосылған құрт түрлері белгілі.

Зерттеу жүргізу барысында «Құрт өнімдерін өндіретін арнайы зауыт-фермалар бар ма?», «Қала халқы көбінде қандай құрт өнімін тұтынады?» деген сұрақтарға жауап іздедік. Үй жағдайында жасалынатын құрт өнімдері қандай санитарлық жағдайда өндірілетіні белгісіз екендігі, сонымен қатар сырт елдерден нарықтан төмен бағада тасып алып келіп сататын күнделікті тұтынып жатқан қара базардағы құрттың сапасы күмән туғызғаны өтірік емес. Сырттан келген құртқа қарағанда арнайы ферма немесе жеке кәсіпкерлердің жасаған өнімдерінде жауапкершілік көбірек болады деп арнайы өндіріушілерге сараптама жасалынды. Нарықтағы құртқа қарағанда, елімізде жасалынатын өнімнің гигиеналық тұрғыдан да таза болатынына сенімдіміз.

Зерттеу жұмысымызды зерделей келе, Қазақстан Республикасы бойынша құрт өнімін қамтамасыз етушілер мен жеткізіушілердің тізімін анықтадық, олар:

- 1) «Yokurt Legend Nomads» брендіне жататын «Tri Gold» компаниясы (құрт өнімінің салмағы 20 г., 40 г., 70 г.);
- 2) «Kurt» ЖШС сауда компаниясы;
- 3) «Қазақстан Сүт Сауда» ЖШС;
- 4) «Tri Gold» ЖШС;
- 5) «Дастархан» ВІО KURT ЖШС;
- 6) «Арай» ЖШС;
- 7) «IRODA PRODUCT» ЖШС.

Алайда бұл кәсіпорындарда, болашақта құрттың тек классикалық түрін жасап қана қоймай, жаңа құрт өнімін нарыққа жаңа серпіліс етіп жасап шығаратын өндірістік желі құру жоспарланып отыр.

Тістің бұзылуына әкелетін, құрамында қант пен консерванттары көп кәмпит орнын, кальцийге бай құрт алмастыру қажет. Құрт пен ірімшік көшпенділер ойлап тапқан тағам. Бұл қазақ халқының жеке меншік ұлттық тағам түрі, бұны қазақтың дәстүрі мен тұрмыс-салты дәлелдейді.

Қазіргі мақсатымыз құртты ұлттық брендке айналдыру, оның жасалу технологиясын жоғалтпау. Технологиясын жетілдіріп, түрлі құрт түрлерін жасап жетілдіру.

#### **Әдебиеттер**

1. Гаврилова Н.Б. Щетинин М.П., Гречук Е.Ю. Технология цельномолочных продуктов. Барнаул-Омск: Изд-во АГТУ, 2003. – 249 с.
2. Есиркеп Г.Е., Кожабергинова С.М. Казахские национальные блюда. – Астана: Фолиант, 2006. – 138 с.

ҒТАХР: 65.59.29

**А.Е. Ешмұхаметов, Ж.С. Тұрсынова**

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КЕАҚ,  
Нұр-Сұлтан қ., amangeldy\_67@mail.ru, zh.turs@mail.ru

#### **ЖАНУАРТЕКТЕС ӨНІМДЕРДЕН ДАЙЫНДАЛАТЫН СУБӨНІМДЕР КОНСЕРВІЛЕРІНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕССТРЕДІҢ ӘСЕРІ**

#### **EFFECTS OF TECHNOLOGICAL PROCESS ON CANNED SUPPLEMENTS OF ANIMAL TYPE PRODUCTS**

Бүкіл әлем тұрғындарын жеткілікті тамақтандыру – тұрақты және үздіксіз тағам өнеркәсібі үшін басты міндеттердің бірі. Жануарлардан алынған тағамдар көптеген маңызды қоректік заттар бар тағамдардың бірі болып табылады. Тағам өнеркәсібі жарамдылық мерзіміне байланысты көптеген өнімдерді шығару үшін әр түрлі технологияларды қолданады. Осы мақалада субөнімді консервілердің тағамдық қауіпсіздігі оның шикізат

кезінде және дайын өнім түрінде құрамындағы заттардың мөлшерінің ауытқуына сәйкес анықталады.

Кез келген технологияның негізгі тиімділігі – технологиялық процесс кезінде қолданылатын шикізат қасиеттерінің өзгеруін реттейтін барлық заңдылықтарды білу. Ет өнімдерінің технологиясында функционалды технологиялық көрсеткіштері ең маңызды параметрлер болып табылады [1].

Азық-түлік құрамындағы ауыр металдардың аналитикалық бақылауы өте маңызды, себебі бұл ластаушы заттар табиғаты бойынша кумулятивтік қасиетке ие болып табылады, сондықтан адам организміне улы болып келеді. Қазіргі кезде ауыр металдардың тағам құрамында анықтауы үлкен қызығушылық тудыруда [2]. Денсаулыққа зиянды әсер ететін металдар сынап, қорғасын, кадмий, қалайы және мышьяк болып табылады. Соның ішінде ең зиянды – сынап пен қорғасын [3]. Бұл металдар тағам өнімдерінде табиғи түрде немесе ауылшаруашылық пен өнер кәсіптік процесстердің нәтижесінде пайда болады.

Ет пен субөнімді консервілерінің сапасы шикізат пен ыдыстардың сапасына, сонымен қатар технологиялық процесстердің сақталуына байланысты. Консервілерді зарарсыздандыру нәтижесінде қалайының мөлшері дайын өнімде жоғарлайды. Ақ қаңылтыр құтыларында лакталған қаңылтырға қарағанда қалайы шамамен екі есе көп жиналады [4].

**Кілттік сөздер.** Субөнімді консерві, шикізат (қой еті, қой бауыры, қой бүйрегі, қой жүрегі, қой өкпесі), ауыр металл, антибиотик.

**Мақсаты.** Субөнімді консервілерінің сапасына технологиялық процесстер әсерін зерттеп, контаминанттарға ветеринариялық-санитариялық сараптауды жүргізу және туындаған мәселе бойынша МЕМСТ қарастырып, ұсыныстарды беру.

**Методологиясы.** Зерттеуге материал ретінде «Кублей» компаниясының қой қуырдағы алынды. Субөнімді консервіні зерттеу жұмысында теориялық және эмпирикалық (практикалық) әдістер қолданы. Өнімдегі антибиотиктердің (хлорамфеникол, бацитрацин, тетрациклин) қалдық мөлшерлерін иммуноферментті анализ ELISA арқылы, ауыр металдардың (сынап, мышьяк, қорғасын, кадмий, қалайы) қалдық мөлшерлері Agilent 7700 Series ICP-MS индуктивті байланысқан плазмалы масс спектрометр көмегімен анықталды.

**Зерттеу нәтижелері.** 1, 2, 3, 4 кестелерде салыстырмалы түрде шикізатпен дайын өнімнің химико-токсикологиялық, микробиологиялық, иммуноферменттік, радиологиялық зерттеу көрсеткіштерінің деректері көрсетілген.

Төменде көрсетілген кесте деректерін салыстыра отырып, субөнімді консерві құрамында цезий-137 мен ауыр металдардың қалдық мөлшері технологиялық процесстерден кейін жоғарлағаны байқалды. Қалайының ең жоғарғы көрсеткіші субөнімді консервідегі қой етінде  $0,1750 \pm 0,0003$  мөлшерде байқалды.

Дайын өнімде антибиотиктердің мөлшері төмендегені көрсетілді. Микробиологиялық зерттеу кезінде қой етінде спора түзетін мезофильді аэробты және факультативтік – анаэробты микроорганизмдер топтары *V. subtilis*, 1 г (см<sup>3</sup>) өнімде 2 КТБ көрсетті.

Қорытынды. «Кублей» ЖШС компаниясының қой қуырдағы химико-токсикологиялық, иммуноферменттік, радиологиялық, микробиологиялық көрсеткіштері бойынша шектік жіберілетін мөлшерілерінен аспады. Алайда, келесі өзгерістер байқалды:

1. Сынаптың, қорғасынның және қалайының жоғары көрсеткіштері субөнімді консервідегі қой етінде;
2. Күшәләннің, кадмийдің жоғары көрсеткіштері субөнімді консервідегі қой бүйрегінде;
3. Хлорамфеникол мен тетрациклин антибиотиктердің жоғары қалдық мөлшерлері қой бауырында;
4. Бацитрациннің жоғары қалдық мөлшері қой етінде;
5. Цезий-137 радионуклидтің белсендігі субөнімді консервідегі қой өкпесінде;
6. Спора түзетін мезофильді аэробты және факультативтік-анаэробты микроорганизмдер топтары *V. subtilis* қой етіннің 1 г (см<sup>3</sup>) өнімде 2 КТБ байқалды.

Зерттеу нәтижелері өнімнің қауіпсіз екенін көрсетті.

1 кесте – Шикізат пен субөнімді консервінің химико-токсикологиялық зерттеу көрсеткіштері

	сынап мг/кг	ШЖК г/кг	күшәлә мг/кг	ШЖК г/кг	қорғасын мг/кг	ШЖК г/кг	кадмий мг/кг	ШЖК г/кг	қалайы г/кг	ШЖК г/кг
қой еті	0,0017 ± 0,0001	<0,03	0,001 ± 0,002	<0,1	0,003±0,002	<0,1	0,002 ± 0,001	<0,05	-	<200
субөнімді консервіндегі қой еті	<b>0,0023±0,0001</b>		0,003 ± 0,001		<b>0,004±0,001</b>		0,001 ± 0,001		<b>0,1750±0,0003</b>	
қой бауыры	0,0021±0,0001	<0,1	0,002±0,001	<1,0	0,001±0,002	<0,5	0,002±0,003	<0,5	-	
субөнімді консервіндегі қой бауыры	<b>0,0023±0,0002</b>		0,003±0,001		0,002±0,001		0,003±0,002		0,1673±0,0001	
қой бүйрегі	0,0018±0,0003	<0,2	0,005±0,002		0,003±0,002		0,005±0,001	<1,0	-	
субөнімді консервіндегі қой бүйрегі	0,0019±0,0001		<b>0,006±0,001</b>		0,002±0,001		<b>0,007±0,002</b>		0,1614±0,0001	
қой жүрегі	0,0011±0,0002	<0,1	0,003±0,001		0,002±0,003		0,006±0,002	<0,3	-	
субөнімді консервіндегі қой жүрегі	0,0014±0,0003		0,002±0,001		0,002±0,001		0,003±0,001		0,1735±0,0002	
қой өкпесі	0,0012±0,0001		0,003±0,002		0,001±0,003		0,004±0,001		-	
субөнімді консервіндегі қой өкпесі	0,0013±0,0001		0,005±0,001		0,002±0,001		0,005±0,003		0,1692±0,0002	

2 кесте – Шикізат пен субөнімді консервінің иммуноферменттік зерттеу көрсеткіштері

	хлорамфеникол мкг/кг	ШЖК мкг/кг	бацитрацин мкг/кг	ШЖК мкг/кг	тетрациклин мкг/кг	ШЖК мкг/кг
қой еті	0,0001±0,00002	<0,0003	<b>0,004 ±0,001</b>	<0,02	0,0002± 0,00001	<0,006
субөнімді консервіндегі қой еті	0,0001± 0,000001		0,002 ±0,0003		0,0001 ± 0,00005	
қой бауыры	<b>0,0002± 0,00001</b>		0,001±0,001		<b>0,0003± 0,00001</b>	
субөнімді консервіндегі қой бауыры	0,0001± 0,00001		0,0004±0,0001		0,00001± 0,00002	
қой бүйрегі	0,0001±0,00002		0,002±0,001		0,0001±0,0005	
субөнімді консервіндегі қой бүйрегі	0,00002±0,00001		0,0001±0,0002		0,00005±0,00002	
қой жүрегі	<b>0,0002±0,00001</b>		0,001±0,003		0,0002±0,0001	
субөнімді консервіндегі қой жүрегі	0,0001±0,00002		0,0005±0,0001		0,00003±0,00001	
қой өкпесі	0,0001±0,00001		0,003±0,001		0,0001±0,0003	
субөнімді консервіндегі қой өкпесі	0,00003±0,00001		0,0002±0,0001		0,00001±0,0002	

3 кесте – Шикізат пен субөнімді консервінің радиологиялық зерттеу көрсеткіштері

	цезий-137, Бк/кг	ШЖК	стронций-90, Бк/кг	ШЖК
кой еті	68±2,7	<200	-	жіберілмейді
субөнімді консервідегі кой еті	73±3,5		-	
кой бауыры	60±1,5		-	
субөнімді консервідегі кой бауыры	69±2,2		-	
кой бүйрегі	57±1,3		-	
субөнімді консервідегі кой бүйрегі	62±2,1		-	
кой жүрегі	55±0,6		-	
субөнімді консервідегі кой жүрегі	59±1,8		-	
кой өкпесі	74±2,5		-	
субөнімді консервідегі кой өкпесі	77±1,3		-	

4 кесте – Шикізат пен субөнімді консервінің микробиологиялық зерттеу көрсеткіштері

	ішек таяқшалары, г/см3	ШЖК	Спора түзетін мезофильді аэробты және факультативтік-анаэробты микроорганизмдер топтары <i>B. subtilis</i> , 1 г (см3) өнімде	ШЖК
кой еті	-	1,0 г/см3	2	1 г (см3) өнімде 10 КТБ аспау керек
субөнімді консервідегі кой еті	-		-	
кой бауыры	-		-	
субөнімді консервідегі кой бауыры	-		-	
кой бүйрегі	-		-	
субөнімді консервідегі кой бүйрегі	-		-	
кой жүрегі	-		1	
субөнімді консервідегі кой жүрегі	-		-	
кой өкпесі	-		-	
субөнімді консервідегі кой өкпесі	-		-	

**Әдебиеттер**

1. Иванкин, А.Н. Современные методы оценки качества и безопасности мясного сырья и мясопродуктов / А.Н. Иванкин, Т.Г. Кузнецова // Все о мясе. 2005. – № 4. – 26 б.
2. Sanaa K. Shanan. Estimation of Selenium and Toxic Metals (Mercury, Lead) in Some Type of Canned and Fresh (Meat and Fish) / Sanaa K. Shanan, Nadhum A. Awad, Bassam A.B. Alabdul Aziz // Indian Journal of Forensic Medicine & Toxicology. January – March 2021. Vol. 15. – No. 1
3. Isibor PO / Heavy metals, nutrients, total hydrocarbons and zooplankton community structure of Osse River, Edo State, Nigeria. Jordan J Biol Sci. 2017;10(2):109–16
4. Криштафович В.И. Товароведение и экспертиза мясных и мясосодержащих продуктов / В.И. Криштафович, В.М. Позняковский, О.А. Гончаренко, Д.В. Криштафович // Учебник. 2020. – № 4. 320 б.

ҒТАХР: 65.59.31

**Ж.Ш. Қамбарбек, Г.Н. Нұрымхан, А.О. Майжанова, А.А. Даутова,  
Ш.К., Жакупбекова**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАК, zhanerke\_kambarbek98@mail.ru, gulnu-n@mail.ru, fquekm2710@mail.ru, aska\_nur@mail.ru, siyanie\_\_88@mail.ru

**ЖАРТЫЛАЙ ЫСТАЛҒАН ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ  
ТАҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ЗЕРТТЕУ**

**QUALITY ASSESSMENT AND FOOD SAFETY STUDIES OF SEMI-SMOKED SAUSAGE PRODUCTS**

Қазіргі уақытта тұтыну нарығында шұжық өнімдерінің алуан түрлері ұсынылған. Алайда, жеке түрлердің сапасы жақсартуды қажет етеді. Сондықтан өндіруші кәсіпорындар әрқашан тұтынушыға сапалы және қауіпсіз өнімдерді ұсыну ғана емес, сонымен қатар бәсекеге қабілетті болу үшін бәрін жасау маңызды екенін есте ұстауы керек [1].

Осыған сүйене отырып, осы зерттеулердің мақсаты Семей қаласындағы бөлшек сауда кәсіпорындарында сатылатын жартылай ысталған шұжықтардың сапасын, қауіпсіздігі мен бәсекеге қабілеттілігін бағалау болды.

Зерттеу жүргізу үшін біз әртүрлі өндірушілер дайындаған жартылай ысталған шұжықтың бес үлгісін таңдадық: № 1 үлгі – дайындаушы "Патша" ЖШС; № 2 үлгі – дайындаушы "Нур Алтын" ЖШС; № 3 үлгі – "Арай-East Food" ЖШС; № 4 үлгі – "Айтас МП" ЖШС; № 5 үлгі - "Қарағанды ет комбинаты № 1" ЖШС.

Шұжық өнімдері батондарында таңбалауды зерттеу кезінде тұтынушы үшін ақпарат МЕМСТ 51074 – 2003 талаптарына сәйкес берілгені, яғни жеткілікті, қолжетімді және шынайы болғаны анықталды [2].

"Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" ҚР Заңына сәйкес дайындаушы өнімнің көрсетілген жарамдылық мерзімі ішінде қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Азық-түлік қауіпсіздігі-бұл жалпы қабылданған мөлшерде тұтынылған кезде тамақ өнімдерінің адам ағзасына уытты, канцерогенді, мутагенді немесе басқа да жағымсыз әсерінің болмауы.

Қазіргі уақытта шығарылатын өнімнің қауіпсіздігі: өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша оның ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы декларациялаумен; кәсіпорынның сапа жүйесінің ИСО 9000 сериялы стандарттарына сәйкестігін ерікті сертификаттаумен; отандық әдебиетте ХАССП деп аталатын НАССР халықаралық жүйесі бойынша ерікті сертификаттаумен қамтамасыз етілуі мүмкін [3].

Барлық зерттелген үлгілерде олардың ұлттық стандарттар талаптары мен қауіпсіздік көрсеткіштеріне сәйкестігі туралы декларация болды.

Зерттелетін үлгілердің сапасын «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, «Тамақ өндірістерінің технологиясы және биотехнология» кафедрасының зертханаларында 5 адамнан тұратын сараптамалық топ бағалады, жартылай ысталған шұжықтың органолептикалық сапа көрсеткіштерін сипаттайтын 5 көрсеткіш анықталды: сыртқы түрі, түсі, консистенциясы, дәмі, иісі.

МЕМСТ 53588-2009 талаптарына сәйкес өндірілген сапаның органолептикалық көрсеткіштерін бағалау жартылай ысталған шұжықтардың зерттелетін үлгілерінің барлық батондарының таза, құрғақ беті, тығыз консистенциясы, дәмі мен иісі бар, тек "Патша" ЖШС дайындаған шұжық үлгісін қоспағанда, себебі өнімнің осы түріне тән иісі тым айқын екенін көрсетті [4].

Жартылай ысталған шұжықтың зерттелетін үлгілерінің сапасын физикалық - химиялық көрсеткіштері бойынша бағалау 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Физикалық-химиялық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	Талаптар МЕМСТ 53588-2009	Нақты деректер				
		Тәжірибелік үлгі № 1	Тәжірибелік үлгі № 2	Тәжірибелік үлгі № 3	Тәжірибелік үлгі № 4	Тәжірибелік үлгі № 5
Ылғалдың массалық үлесі, %	43 көп емес	41,0	42,0	42,0	42,0	42,0
Майдың массалық үлесі, %	45 көп емес	42,0	41,0	41,0	41,0	41,0
Ақуыздың массалық үлесі, %	14 көп емес	14,0	14,0	14,1	14,0	14,0
Натрий хлоридінің массалық үлесі, %	3,2 көп емес	3,0	3,0	2,9	3,0	3,0
Натрий нитритінің массалық үлесі, %	0,005 көп емес	0,004	0,005	0,005	0,004	0,005

Жүргізілген физика-химиялық зерттеулер негізінде "Small" супермаркетінде және "Нива" дүкенінде сатылатын жартылай ысталған шұжықтың барлық үлгілері МЕМСТ 53588-2009 талаптарына сай екендігі анықталды.

Кез-келген өнімнің бәсекеге қабілеттілігі индикаторлар жүйесін қолдана отырып толық сипатталуы мүмкін сапалы және құнды және басқа критерийлермен анықталатыны белгілі.



Азық-түлік көрсеткіштерінің бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің жиынтығы өнім түріне, бағалау жүргізу шарттарына, сондай-ақ позициясынан тауардың бәсекеге қабілеттілігі бағаланатын субъектіге байланысты болады.

Сонымен, өндірушінің позициясынан бәсекеге қабілеттілік өзіндік құнды, болжамды бағаны және басқа көрсеткіштерді есептеу үшін өнімді әзірлеу сатысынан басталады. Бәсекеге қабілеттілікті тұтынушы тұрғысынан бағалау өте маңызды, ол үшін өнімнің тартымдылығы әр түрлі талаптардың жиынтығын қанағаттандыру деңгейімен анықталады, олардың басымдығы өнім түріне де, оны тұтыну түріне де байланысты болады.

Жартылай ысталған шұжықтың зерттелетін үлгілерінің бәсекеге қабілеттілігін есептеу және талдау үшін талдауға жататын және тұтынушы тұрғысынан маңызды параметрлер номенклатурасын анықтау міндеті шешілуі керек. Осыған сүйене отырып, біз әлеуметтік зерттеулер жүргіздік, нәтижесінде нарықтың осы сегментінде сатып алушылар "Арай-East Food" ЖШС дайындаған жартылай ысталған шұжықты осы дүкендердегі ең жақсы жартылай ысталған шұжық деп санайтындығын анықтады.

Сауалнама нәтижелері бойынша сатып алушылар үшін жартылай ысталған шұжықтарды таңдау кезінде дәмі мен иісі, қимадағы түсі, сыртқы түрі, консистенциясы, балғындық дәрежесі, қаптамасы мен таңбалануы, қауіпсіздігі, сауда маркасының имиджі мен бағасы ең маңызды болып табылатыны анықталды.

Әр түрлі өндірушілер жасаған жартылай ысталған шұжықтың зерттелген үлгілерінің тұтынушылық қасиеттері 5 балдық шкала бойынша бағаланды.

Кесте 2 – Жартылай ысталған шұжықтың тұтынушылық қасиеттерін бағалау (балдар)

№	Көрсеткіштер	Белгінің салмақ коэффициенті	Үлгілердің атауы				
			Тәжірибелік үлгі №1	Тәжірибелік үлгі №2	Тәжірибелік үлгі №3	Тәжірибелік үлгі №4	Тәжірибелік үлгі №5
1	Дәмі және хош иіс	0,3	3,8	5,0	5,0	4,0	5,0
2	Түс және кесу	0,2	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0
3	Сыртқы түрі	0,1	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0
4	Консистенциясы	0,05	4,6	5,0	5,0	5,0	5,0
5	Балғындық дәрежесі	0,2	4,6	4,8	5,0	4,0	4,0
6	Буып-түю және таңбалау	0,03	4,4	4,4	5,0	5,0	4,0
7	Қауіпсіздік	0,07	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0
8	Сауда маркасының имиджі	0,05	4,5	4,0	5,0	4,0	4,0
9	Жиыны	1					
10	Тұтыну бағасы		426	437	468	460	437

Жоғарыда айтылғандардың негізінде жалпы түрде нарықтың таңдалған сегменті үшін өнімнің бәсекеге қабілеттілігі анықталады деп айта аламыз:

- тауар сапасының тұтынушының қалыптасқан немесе болжанатын талаптарына сәйкестігі;
- бірдей сапа деңгейінде тұтынудың неғұрлым төмен бағасымен;
- тұтынушының өнім беруші мүмкіндігіне деген сенімділігі сапаның тұрақтылығын ғана емес, сонымен қатар өндірілетін өнімнің қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді.

### Әдебиеттер

1. Технология хранения, переработки и стандартизации животноводческой продукции: Учебник / В.И. Манжесов, Е.Е. Кучаева, М. Г. Сысоева и др. – СПб.: Троицкий мост, 2012.
2. МСТ 51074-2003 Тамақ өнімдері. Тұтынушыға арналған ақпарат. Жалпы талаптар
3. ХАССП для производства колбасных изделий <https://rostestural.com/sistemy-menedzhmenta-kachestva/hassp-dlya-proizvodstva-kolbasnyh-izdelij/>
4. МЕМСТ 53588-2009 Жартылай ысталған шұжықтар. Техникалық шарттар

**А.С. Кузеубаева, А.Е. Усенбаев, Ж.Ж. Аканова**  
НАО «Казахский агротехнический университет им.С. Сейфуллина»,  
г.Нур-Султан, anarsabirbaevna@mail.ru

## **КОНТАМИНИРОВАННОСТЬ БАКТЕРИЯМИ СЕМЕЙСТВА ENTEROBACTERIACEAE РОЗНИЧНЫХ СЫРОВ В ГОРОДАХ НУР-СУЛТАН И СЕМЕЙ (КАЗАХСТАН)**

### **CONTAMINATION OF RETAIL CHEESES WITH ENTEROBACTERIACEAE BACTERIA IN THE CITIES OF NUR-SULTAN AND SEMEY (KAZAKHSTAN)**

Рынок молока и сыра – один из самых массовых мировых продовольственных рынков. Так, ежегодное потребление сыра в Казахстане на душу населения, в среднем, составляет 2,5 кг [1].

Однако, молоко и продукты его переработки следует рассматривать не только с точки зрения удовлетворения потребности человека в питательных и биологически активных веществах, но и как источники возможных потенциально опасных веществ и микроорганизмов [2,3]. Поэтому микробиологический контроль этих продуктов на всех этапах их производства, транспортировки и хранения уменьшает риск контаминации патогенными микроорганизмами [4].

Сыроделие имеет ряд особенностей, которые делают сыр потенциально опасным продуктом с точки зрения микробиологических рисков [2]. Основной риск связан с низкой температурой пастеризации молока в сыроделии [5]. Нарушение правил санитарии и гигиены является причиной микробного обсеменения сыра через воду, воздух, оборудование, одежду и руки персонала [6]. Эта микрофлора попадает в молоко или сырную массу после тепловой обработки и в процессе выработки сыра не обезвреживается. В состав данной микрофлоры могут входить бактерии группы кишечной палочки (БГКП) семейства *Enterobacteriaceae* (синоним: *Coliformes* – колиформы), энтеротоксигенные стафилококки, сальмонеллы и другие опасные микробы.

Известно, что большинство эпидемиологически значимых возбудителей пищевых инфекций относится БГКП, поэтому в молочной промышленности обсемененностями, в том числе *E.coli*, является основным нормируемым показателем безопасности продуктов [3]. Следует отметить, что изучение микробной контаминации сыров патогенными бактериями в Казахстане ранее не проводили.

Целью работы была оценка микробной контаминации патогенными и условно патогенными БГКП сыров, реализуемых в торговой сети центрального и восточного Казахстана.

#### **Материал и методы**

Исследования проводили в Казахско-китайской лаборатории биобезопасности Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина и Национальном центре биотехнологии. В качестве объектов изучения были отобраны пробы сыров «Гауда», «Костромской», «Голландский», «Озерский», «Моцарелла», «Качотта», молочный сыр «Казачий» и сыров домашнего приготовления, реализуемые в розничной торговле городов Нур-Султан и Семей. Анализу подвергнуто 17 проб сыра разных производителей.

Для микробиологической оценки сыров на БГКП семейства *Enterobacteriaceae* применяли коммерческие пластины Compact Dry EC (R-Biopharm AG, Германия) в соответствии с инструкцией. Количество колоний учитывали с помощью программы VactLAB.

Видовую идентификацию микроорганизмов проводили на масс-спектрометре MALDI-TOF Biotyper (Bruker, Германия). Пробоподготовку осуществляли с применением в

качестве матрицы  $\alpha$ -циано-4-гидроксикоричной кислоты (НССА) в растворе 50% ацетонитрила с 2,5% трифторуксусной кислотой. Идентификация видов бактерий осуществлялась на основе программы flexControl, содержащей информацию о спектрах микроорганизмов.

### **Результаты и обсуждение**

Исследования показали обсеменение большинства сыров колиформами. После термостатирования при температуре  $(37\pm 1)^\circ\text{C}$  в течение  $(24\pm 2)$  ч. отмечали рост колоний красно-фиолетового и синего цвета. Бактерии формировали синие и красные колонии благодаря хромогенным субстратам Magenta-GAL и X-GLUC (рисунок 1).

Высокая интенсивность, яркость и специфичность цветов искомым колоний на таких средах существенно упрощает подсчет микроорганизмов.

Общий уровень загрязнения образцов сыра бактериями составил 76,5%, а в исследуемых регионах опасные микроорганизмы встречались на 90,1% продукции производителей и предприятий.

В результате исследований, проведенных с использованием пластины Compact Dry EC, установили, что в сырах, произведенных в вакуумной упаковке, и в продукции, реализуемой без упаковки БГКП выросли на одном уровне. При этом сыры, изготовленные кустарными способами, имели самые высокие показатели обсемененности *E.coli*.

В результате исследования в прямом, автоматическом режиме на масс-спектрометре MALDI Biotyper колоний микроорганизмов, выросших в МПА из культур на пластине Compact Dry EC, были идентифицированы четыре вида бактерий группы кишечной палочки, принадлежащие к семейству Enterobacteriaceae, в том числе *E.coli*, *Enterobactercloacae*, *Citrobacterfreundii* и *Citrobacterbraakii*.

Загрязнение молочной продукции БГКП может вызывать пищевые отравления, опасные для здоровья людей. Так, токсикоинфекции шига-токсин продуцирующими штаммами *E.coli* (STEC) являются актуальной проблемой здравоохранения. Наибольшую опасность представляют вспышки инфекций, связанные со штаммом *E.coli* O157:H7, зафиксированные в США, Канаде, Японии, других европейских странах [7,8]. Чаще всего случаи отравления *E.coli* O157:H7 регистрируются от потребления сыров из сырого молока [2, 9, 10].

Аналогичная ситуация в последней декаде отмечается в странах СНГ. Так, в Санкт-Петербурге зафиксирована острая кишечная инфекция в форме геморрагического колита с проявлением гемолитико-уремического синдрома людей после употребления сырого молока, загрязненного *E.coli* [11]. БГКП обнаружены в сыре, кефире в различных регионах России, [12]. В Казахстане также выявлены колиформы в сырах торговых сетей г. Нур-Султан [13].

Результаты нашего микробиологического анализа сыров показали значительную обсемененность разных сортов сыра БГКП, причем контаминация мягкого сыра была выше, чем полутвердого. Приведенные данные свидетельствуют о сохраняющейся актуальности пищевых инфекций и интоксикаций, ассоциированных с микробиологической контаминацией пищевой продукции в нашей стране. Поэтому считаем, что дальнейшее исследования по выявлению пищевой безопасности сыров отечественных производителей в отношении патогенных штаммов *E.coli* и других микроорганизмов семейства Enterobacteriaceae представляет научный и практический интерес.

**Заключение.** Уровень контаминации образцов сыров полутвердых и мягких сортов патогенными и условно патогенными бактериями видов *E.coli*, *Enterobactercloacae*, *Citrobacterfreundii*, *S.braakii* составил 76,5%, которые были обнаружены у 90,1% производителей продукции Северного, Центрального и Восточного Казахстана.

### **Литература**

1. Мазина З. К. Анализ рынка сыра в Казахстане и прогноз объема продаж // Оценка инвестиций. – 2018. – №. 1.

2. Kyoung-Hee Choi, Heeyoung Lee, Soomin Lee, Sejeong Kim, and Yohan Yoon Cheese Microbial Risk Assessments – A Review//Asian Australas. J. Anim. Sci.– 2016. – Vol. 29. – No. 3. – P.307-314.
3. Свириденко Г.М. Теоретическое обоснование и практическая реализация системы мониторинга микробиологических рисков в сыроделии// автореф. дис... д-ра вет.наук. Вологда-Молочн. 2012.-С.-3-30.
4. Ганина В.И., Гриневиц А.И., Лойко Н.Г., Гучок Ж.Л. Микробиологическая безопасность молочного сырья//Молочная промышленность. – 2015. – №11. – С.22-23.
5. Курбанова М.Н., Сураева Н.М., Самойлов А.В. Сезонная оценка безопасности молочных продуктов по микробиологическим показателям// Проблемы развития АПК региона №3 (39), 2019. – С.233-237.
6. Kyungmi Kim<sup>1</sup>, Heeyoung Lee, Soomin Lee, Sejeong Kim, Jeeyeon Lee, Jimyeong Ha, and Yohan Yoon. Microbial Risk Assessment of Non-Enterohemorrhagic *Escherichia coli* in Natural and Processed Cheeses in Korea// Korean J. Food Sci. An. 37(4): 579~592 (2017)
- бауырды токсиндерден тазарту, холестеринді кетіру және ішек жұмысын оңтайландыру мүмкіндігі.

Қарақұмық ботқасының ағзаға баға жетпес пайдасы гемопоз мен метаболизм процестеріне оң әсер етуде көрінеді. Өнім қан тамырларының қабырғаларын нығайтады, капиллярлардың өткізгіштігін жақсартады, C витаминінің сіңу тиімділігін арттырады.

Сұлы – тамақ өнімі болып табатын бір жылдық дақыл түрі, бүкіл ағзаны жалпы нығайтатын қасиетке ие. Оның құрамында дәрумендер мен минералдардың үлкен тобы бар. А, Е дәрумендері шаш пен тырнақтың өсуіне, саулығына, терінің серпімділігіне пайдалы болса, В, F дәрумендері жүйке жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне әсер етеді, асқазан-ішек жолдарына оң ықпал етеді, күрделі көмірсуларды глюкозаға айналдырады. Қан құрамындағы қант деңгейін азайтады, сондықтан сұлыны қант диабетіне шалдыққан адамдардың тұтынғаны жөн. Сұлының пайдалы қасиеттерінің бірі ол организмдегі артық сұйықтықты шығарады, ісінулермен қоса зиянды заттарды да шығарады. Бұл жағынан, сұлыны ұзақ медикаментозды емнен кейін пайдаланған жақсы. Сонымен қатар, ол несеп-тас ауруыменде күресуге көмектеседі. Холестеринді түсіруге әсер етеді. Асқазан-ішек жолының қызметіне оң әсер етеді: тыныштандырады, бүкіл ас қорыту жүйесін қалыпқа келтіреді. Сұлының ішекке пайдасы – ол іш қатумен күреседі.

Арпа – астық тұқымдасына жататын бір және көп жылдық өсімдіктердің тегі. Ядроны өңдеу әдісіне байланысты інжу арпа мен арпа жармасы бөлінеді. Арпа тамақ өнімі ретінде таптырмас өнім болып саналады. Адамның денсаулығын жақсартуда арпаның пайдасы өте көп. Біріншіден, арпа дәні 10% ақуыздан, 65% көмірсулардан тұрады, сондықтан таңертең арпа ботқасын жесе, адам күні бойы сергек болып жүреді. Малдың ақуызына қарағанда, өсімдік ақуызы адам ағзасына толық сіңімді болып келеді. Құрамындағы 5-6% өзектер ас қорытуды жақсартады. Ал минералдар мен дәрумендер жиынтығы адам таңқаларлық: кальций, калий, мырыш, марганец және темір минералдарына өте бай болса, дәрумендерден А, Д, Е, РР, В тобының бәрі бар. Сондықтан химиялық минералды дәрумендерді жегенше, құрамында табиғи минералдар мен дәрумендері бар арпа жеудің пайдасы зор. Сонымен қатар арпа ағзаны токсиндер мен шлактан тазартады [2].

К.С. Ладодо, И.Я. Конь, В.И. Круглик, Г.Ю. Сажинов, Н.Г. Шацкая, В.В. Чумаковалардың жұмысында негізгі өнім ретінде жоғарыда келтірілген өнімдерді және қант алмастырғышы ретінде қант ұнтағын ала отырып, маңызды ерекшелігі оларды ұнтақтап яғни түрінде алып құрғақ әрі тез дайындалатын ботқа технологиясын жасаған. Ұн ретінде күріш, қарақұмық, сұлы, бидай ұны немесе қарақұмық немесе сұлы қосылған күріш ұнының қоспасы немесе 50:50 қатынасында қарақұмық немесе сұлы қосылған бидай ұнының қоспасы қолданылады; немесе күріш, қарақұмық және сұлы ұнының қоспасы немесе 40:40:20 немесе 40:20:40 немесе 20:40:40 қатынасында бидай, қарақұмық және күріш ұнының қоспасы. Сахарозаның көзі ретінде қант немесе қант ұнтағын алу арқылы қарастырған [1].

Қорыта келгенде, өндіріске өсімдік тектес шикізаттың қосымша көздерін тарту міндеті мен өсімдік шикізаттарын пайдаланудың ең тиімді әдісі болып табылатын аралас, көпкомпанетті ботқа өнімдерін жасау арқылы шешуге болады. Өсімдіктер мен құрғақ жемістердің ақуыздары аминқышқылдарының құрамы бойынша бір-бірін толықтырады және осылайша дайын өнімдердің биологиялық құндылығын арттырады.

### Әдебиеттер

1. К.С. Ладодо, И.Я. Конь, В.И. Круглик, Г.Ю. Сажинов, Н.Г. Шацкая, В.В. Чумакова // Сухая молочная каша быстрого приготовления 2017.07.28
2. Е.И. Бурцева, диссертация «Разработка технологии растительный кулинарный продукции функционального назначения // Технология и товароведение пищевых продуктов функционального и специализированного назначения». 05.18.15
3. А.Д. Лодьгин, А.В. Банникова, И.А. Евдокимов – Патент РФ RU2313995 // Сухая зерно-молочная каша быстрого приготовления. 2016.04.07



**М.В. Темербаева<sup>1</sup>, Н.Б. Гаврилова<sup>2</sup>, Е.Б. Никитин<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Инновационный Евразийский университет, г. Павлодар, marvik75@yandex.ru

<sup>2</sup>Омский государственный аграрный университет им. П.А. Столыпина

## **ПОКАЗАТЕЛИ БЕЗОПАСНОСТИ ТВОРОЖНОГО ПРОДУКТА НА ОСНОВЕ КОЗЬЕГО МОЛОКА**

### **SAFETY INDICATORS OF A CURD PRODUCT BASED ON GOAT'S MILK**

В настоящее время в связи с непростым положением в экономике и перемен в международной обстановке рассматриваются новые подходы, которые могут обеспечить качественный рост в отраслях агропромышленного производства, в том числе в молочной отрасли. Молочное животноводство и молочная промышленность являются одной из важнейших подсистем агропромышленного комплекса Республики Казахстан.

В настоящее время молочное козоводство в Республике Казахстан – небольшой и медленно растущий сегмент молочного рынка. Выпуск молочных продуктов из козьего молока в Казахстане недостаточен и не соответствует рекомендуемым нормам потребителя. Длительное время большую нишу молочных продуктов из козьего молока в торговых организациях занимали импортные, позволявшие сгладить диспропорцию между производством и потребляемыми продуктами. Поэтому увеличение производства молочных продуктов из козьего молока – одна из основных задач молочной промышленности на современном этапе [1].

Анализ современной научно-технической литературы показал, что проблемы теоретической разработки и практического внедрения технологий кисломолочных продуктов функциональной направленности из козьего молока на территории Республики Казахстан реализованы не в полной мере и требуют дальнейшего изучения. Поэтому разработка молочных продуктов из козьего молока с повышенной биологической ценностью, отличающихся оригинальным вкусом и внешним видом, упаковкой соответствующей требованиям Европейских стандартов качества, по праву можно считать одним из востребованных направлений.

В Казахстане также возрос интерес производителей молочной продукции и фермеров к технологии кисломолочных продуктов на основе козьего молока. Совершенствуется нормативное обеспечение технологии их производства. С 1 мая 2015 г. введен в действие новый межгосударственный стандарт на козье питьевое молоко – ГОСТ 32259-2013. Молоко цельное питьевое козье. Технические условия.

М.М. Нурпеисова провела анализ рынка молочной продукции в Республике Казахстан и пришла к заключению, что основной причиной сдерживающей развитие производства молочных продуктов в Казахстане, особенно молокоёмких, заключается в дефиците сырья, который, в свою очередь, обусловлен отсутствием культуры кормопроизводства и ухода за животными, слабой селекционно-племенной работой, сложностью сбора молока (большие расстояния сбора и доставки молока) [2].

Одним из путей решения проблемы, по мнению специалистов по агробизнесу инвестиционного центра ФАО (FAO – Food and agriculture organization) – является разработка и реализация стратегии развития молочного фермерства, которая сможет улучшить сырьевую базу молокоперерабатывающих предприятий и повысить степень использования молока различных сельскохозяйственных животных на производство полноценных молочных продуктов, как для массового, так и для специализированного питания населения [3].

Аналогичная ситуация связанная с развитием козоводства и расширением ассортимента производства молочной продукции на основе использования козьего молока наблюдается и в России [4].

Всё вышеизложенное позволяет считать актуальным направление совместных исследований проводимых в Инновационном Евразийском университете и Омском государственном аграрном университете им. П.А. Столыпина по разработке инновационных технологий продуктов на основе козьего молока.

Важной характеристикой пищевой и биологической ценности творожного продукта являются количество и качество белков, а также лактозы, кальция, фосфора. Результаты их определения приведены в таблице 1

Исследование химического состава опытных образцов творожного продукта в сравнении с контрольным образцом позволяет считать опытные образцы соответствующими нормативным требованиям, предъявляемым к творогу и творожным продуктам по пищевой и биологической ценности по основным показателям, представленными в таблице 1.

Таблица 1 – Химический состав образцов творожных продуктов

Наименование образца	Массовая доля белка, %	Общий азот, %	Небелковый азот, %	Массовая доля лактозы, %	Содержание, мг/100 г	
					Ca	P
Творожный продукт (контроль)	15,40±1,10	2,05±0,12	0,120±0,005	1,50±0,40	173	220
Творожный продукт (опыт 1)	13,05±1,00	1,87±0,05	0,103±0,055	0,31±0,02	159	188
Творожный продукт (опыт 2)	14,82±1,05	1,98±0,20	0,115±0,045	1,60±0,50	164	210

В соответствии с ГОСТ Р 52349-2005. Изм. № 1 функциональный пищевой продукт получается добавлением одного или нескольких функциональных ингредиентов.

В данных исследованиях в качестве функционального пищевого ингредиента использована закваска DVS культур в активизированной форме на стерильном гидролизованном обезжиренном молоке, которая содержит пробиотические культуры: *L. acidophilus*, *Str. thermophilus*; *B. longum*, *B. bifidum*, *B. infantis*, которая вносилась в количестве (2,5±0,1) % от массы нормализованного молока или смеси перед свёртыванием. Микробиологические показатели творожных продуктов приведены на рисунке 1.




Рисунок 1 – Микробиологические показатели творожных продуктов

Данные, представленные на рисунке 1, позволяют заключить, что как опытные, так и контрольные продукты содержат следующие объёмы пробиотических микроорганизмов, позволяющих отнести их к разряду (классу) продуктов пищевых функциональных: молочнокислых, в том числе ацидофильной палочки не менее  $10^8$  КОЕ/г, бифидобактерий не менее  $10^7$  КОЕ/г. При этом, в опытах 1 и 2 объём пробиотической микрофлоры несколько выше, чем в контрольном образце, что можно объяснить наличием более благоприятной питательной среды, в которой присутствует больше сывороточных белков, содержащих незаменимые аминокислоты, необходимые для роста пробиотической микрофлоры.

Ассортиментный ряд творожных продуктов будет расширяться путём использования специальных ингредиентов и биологически активных пищевых добавок на основе натуральных источников растительного сырья. На новые творожные продукты разработан проект нормативной документации.

## Литература

1. Нурпеисова М.М. Анализ рынка молочной продукции в Республике Казахстан / М.М. Нурпеисова // Изденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. 2016. – № 3(71). – С. 325-329.
2. Ишекенова Б. Казахстану нужна стратегия развития молочного фермерства // Сайт LS – Финансовый журнал [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://lsm.kz/moloko> (дата обращения: 10.12.2016).
3. Темербаева М.В. Подбор полисахаридного комплекса для стабилизации структуры биойогурта на основе козьего молока / М.В. Темербаева // Аграрная наука сельскому хозяйству: X междунар. науч.-практ. конф. Алтайский ГАУ, 2014. – Т. 3. – С. 205-207.
4. Майоров А.А. Расширение ассортимента сыров в Алтайском крае / А.А. Майоров, Е.М. Щетинина // Ползуновский вестник. 2013. – № 4-4. – С. 55-59.

ҒТАХР: 65.13.23

**Т.М. Жамансарин<sup>1</sup>, Д.Т. Тоқтар<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>«Қазақ ұлттық аграрлық университет» ҰАҚ, Алматы қ., toktar1948@mail.ru

<sup>2</sup>«Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Алматы қ., didar.toktar@mail.ru

### ТАҒАМ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫН КЕМІРГІШТЕРДЕН ҚОРҒАУ

### PROTECTION OF FOOD PRODUCTION FACILITIES FROM RODENTS

Ең басты ауру таратушылардың қайнар көзі егеуқұйрықтар мен тышқандар. Зерттеулерге жүгінсек олар 200-ден астам ауру қоздырғынгарынтаратады және бұл қоздырғыштар адам мен малға бірдей жұғады. Бүкіл дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сай: дүние жүзі бойынша кеміргіштер әсіресе егеуқұйрықтар жылына 33 млн астықты жеп бүлдіріп жарамсыз етіп тастайды. Астықтан басқа олар көкөністерді, жеміс-жидекті, ет, сүттағамдарын, балықты, жұмыртқаны жеп, жас балапандарды, торайларды, терісі бағалы аңцардың күшіктерін жарақаттап жейді.

Бұдан 30 жыл бұрын кемірушілердің саны адам санымен бірдей деп есептелінген, ал жер жүзінде олардың саны адамнан көп. Бүкіл дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек Индияның өзінде 8 млрд. кемірушілер өмір сүреді деген деректер келтірілген.

Ұзақ жылдар бойы кеміргіштерге қарсы қолданылған улы дәрілерге олардың ағзасы үйреніп, қалыптаса ешқандай нәтижелі әсер бермеді. Сол себепті біздің алға қойған мақсатымыз бен міндетіміз мынадай:

- 1) кеміргіштерге қарсы қолданылатын улы дәрілердің жаңа түрін шығару,
- 2) олардың пайдалы жануарларға зиян келтірмеуі;
- 3) дәрілерді ауыспалы түрде қолдану;
- 4) дәрілердің өндіріске жетіп бірден-бір жою құралы ретінде пайдалануы.

Осы мақсаттардан қорытынды жасай келе көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізінде жаңа құрамдар пайда болып көптеген аймақтарда, жақын шетелде кең көлемде сынақтан өтіп өндіріске енгізіліп қолданылып жүр.

Алматы қаласы мен облысының кеміргіштер мекендеу деңгейі (кесте 1).

Бұрынғы одақ көлемінде ең бір үлкен ғылыми-зерттеу ұжымы, Бүкілодақтық аластау және тазалау ғылыми-зерттеу институтының директоры В.И. Вашков қорытындылай келе, болашақ жұмыстардың бағытын болжай келе мына жағдайларға көңіл аударады. Бірінші кезеңде көп мөлшерде дезинфекция, дезинсекция, дератизация құрал-жабдықтарын жасап ел арасына тарату, арнайы мекемелерге енгізу.

Кесте 1

№	Нысандар мен аудандар	Алынған кеміргіштер саны	Оның ішінде кеміргіштер түрле					
			Сұр егеуқұйрық		Үй тышқаны		Дала тышқаны	
			Саны	%	Саны	%	Саны	%
1.	Құс қоралары	876	822	93,8	54	6,2	-	-
2.	Шошқа қоралар	754	733	97,2	21	2,8	-	-
3.	Жем қоймалары	120	112	93,3	7	5,8	1	0,9
4.	Астық қоймалары	633	629	99,4	2	0,3	2	0,3
5.	Азық-түлік қоймалары	315	296	94	19	6	-	-
6.	Ет комбинаты	327	301	92	26	8	-	-
7.	Көмекші нысандар	67	62	92,5	5	7,5	-	-
8.	Азық-түлік сақтау контейнерлері	63	56	88,9	7	11,1	-	-
9.	Базарлар аумағы	531	510	96	18	3,4	3	0,6
	Барлығы	3686	3521	95,5	159	4,3	6	0,2

Әсіресе пистолет түрінде, арнайы тозаңдатқыш түрінде, аэрозоль балондары сияқты қолайлы жабдықтарға назар аударған жөн.

Сонымен қатар сұйық алдартқыштарды қолдану туралы нұсқаулар аяғына дейін жетпеген. Ол үшін орнықты, құламайтын ыдыстар қолдану, ең бірінші оған су құйып, үстін суға еритін улар зоокумарин мен криси́д сеуіп қою қажет делінген.

Шетел фирмалары, бұл жағдайда арнайы суарғыштар мен дайын дәрілер түрлерін ұсынады. Сондықтан бізге де осы тәжірибені қолға алып суға жақсы еритін улар мен оларды қолданатын құрал жабдықтар төңірегінде жұмыс істеген жөн [1].

В.Г. Полежаевтың есептеуінше сұйық алдартқыштарды қолдану әдістерін жеткіліксіз деп санайды. Біздің ойымызша бұл әдістеме жағынан ғана кем болып қалмай, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістігі. Кеміргіштерге арналған улардан басқа біздің елге бактериялық препараттарды қолдануға рұқсат етілген, әсіресе үй тышқандарымен күресте қолданылады.

Айтылғандарды қортыңдылай келе, мынаны айта кету керек, шетелде іс жүзінде мына төменгі препараттар қолданылады: варфин, шовалерин, варфаринның натрий тұзы, пивал, пивалин, диацин, дандион (РМР) РЛЛР-дің натрий тұзы, фумарин, фурмазол, натрий фторацетаты, мырыш фосфиді таллий сульфаты, қызыл теңіз сарымсағы, цианистік кальций, күкіртқышқыл стрихнины, ақ мышьяк, барий бикарбонаты, 50% дуст ДДТ, кумахлор, промурит, тетрамин, сары фосфор, т.б. Жою әдістерінің ішінде улы жемтіктерді тағаммен, сумен қосып беру. Кең түрде тозаңдату әдісі қолданылады.

Улы көбік және басқа газ сияқты заттарды түзе шығатын санаулы фирмалар ұсынады. Көптеген жарнамаларда дайын алдартқыш жемдер және арнайы жабдықтар келтірілген,

Біздің елімізде өндіріс орындары суда еритін немесе дайын алдартқыштарды немесе жабдықтардың бірде-бірін шығармайды. Кең көлемде қолдануға паста да жоқ, қысқаша айтқанда бұл жағдайды жолға қою үшін бірталай жұмыстар жүргізу қажет. Біздің елде мал шаруашылығында әр түрлі, бір-бірімен өзгешеліктері бар, әр түрлі сипаттағы дәрі-дәрмектер қолданылады. Бұлардың барлығын екі топқа топтастыруға болады:

1. өте улылығы жоғарылары,
2. біртіндеп әсер ететін улар.

Бірінші топқа: «криси́д», мырыш фосфиді, натрий фторацетаты, монофторуксус қышқылы, қызыл теңіз сарымсағы.

Бұлар тез уақытта уландырады, бірақ тез уландыру кеміргіштердің сақтығын туғызып, улы жемтіктерді қайталап жемеуге әкеп соғады. Удың 2-ші тобына антикоагулянттар жатады: зоокумарин, ратиндан, фентолацин, этил феназин және басқадай кумарин, индандиол қатарының қосындылары бұлар ағзада біртіндеп жиналып күшейе түсу қасиетіне ие және де улы жемтіктерге аз мөлшерде 0,005% болады да улану процесі біртіндеп өрбиді. Мұндай әдіс біріншіден өте ақырын әсер етуі кеміргіштердің сақтығын туғызып, аурумен улы жемді жеу арасында байланысты елеусіз етіп, қайта қайта улы жемтікті жеудің

жеткілікті мөлшерін қамтамасыз етеді. Осы ерекшелігіне байланысты антикоагулянттар сонғы 30 жылда бастаушы роль атқарып келеді.

Ал алдартқыштарды жеу мөлшері арнайы лабораториялық ақ егеуқұйрықтар мен жабайы егеуқұйрықтарға тәжірибе жасау арылы зерттедік. Ол үшін арнайы Т сияқты жасалған клеткада ұстадық, оның ішін 4 секцияға бөлдік. Бірінші секцияда уланбаған жем беру науалары орналастырылды және су, ал ішінде алдартқыш жем мен су қалтырылды, ал төртінші бөлік кеміргіштерге ұя ретінде қалдырылды, ал екінші байланыс орны ретінде қалдырылды. Бұл секция арқылы барлық секцияларға өтуге болады.

Сонымен егеуқұйрықтар у қосылмаған сапалы жемді жеуге мүмкіндіктері бар және уланған жемге де жете алатындай жағдай жасалған. Тәжірибені өндіріс жағдайында ұстап, сұр егеуқұйрықтарға жүргіздік. Оларды екі жұма карантинде ұстадық. Бұл уақыт ішінде оларды тәжірибеге қолданылатын жемдерді жеуге үйреттік. Тәжірибедегі егеуқұйрықтарды ұстау үшін кәдімгі клеткаларды үйлестіріп пайдаландық, бұл клеткаларда бұрын тауықтар ұсталған [2].

Бірінші бөлігі егеуқұйрықтарға ұя ретінде пайдаланды, екінші тамақ жейтін бөлігі ретінде. Әрбір бөлімде тамақ салатын ыдыс пен бір су қондырғысы орнастырылды. Екі жем салғыштың біріне таза жем, екіншісіне уланған жем салынды. Жем үшін (бидай, арпа, жарма, құрама жем) бірдей жем түрін пайдаландық. Жемдердің желіну мөлшерін күнделікті анықтап тұрдық. Алдартқыш нәтижесін жалпы сынауға қойылған егеуқұйрықтың санымен, өлгендерінің санын салыстырып пайызға шағып анықтадық [3].

Препаратты алдартқыштар жасау арқылы төмендегі пайыздарға сынауға өткіздік. Бір рет берген жағдайда 0,003%; 0,004%; 0,005%; 0,006%; 0,008; 0,009%; 0,001% төрт еселеп 0,0005%; 0,0006%; 0,0007% және 0,0008%. Әрбір пайыздағы алдартқышты: зерттеу үшін 5 егеуқұйрықтан алдық.

Кестедегі мәліметтер көрсетілгендей препаратты қосып жасаған алдартқыштарды егеуқұйрықтар тазасын да жеген. Ал удың пайызын 0,0005%-тен 0,0006 аралығында жемді жеу деңгейін төмендетпеген.

Өндірістік тәжірибеде көрсетілген нәтижеге қарасақ жемді жеу деңгейі таза. Жем мен уланған жемнің желіну мөлшері бірдей.

#### Әдебиеттер

1. Айзенштад Д.С. Расселение серых крыс вдоль железнодорожного полотна. – Природа, № 4, – 2010.
2. Архипианц Х.Д. Практические руководства по дератизации, изд. 2, – 2011.
3. Вашков В.И. Избирательное токсическое действие препарата «крысид-ЦНИДИ» (альфанафтилтиомочевины) на некоторых животных. Тр. ЦНИДИ, в. 2,2006.

МРНТИ: 65.63.33

С.С. Толеубекова, А.Т. Кабденова, А.Д. Жолжаксина, М.Г. Смагулова  
НАО «Университет имени Шакарима города Семей», saltosha-sandu@mail.ru

#### **ИССЛЕДОВАНИЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ БЕЗОПАСНОСТИ КИСЛОМОЛОЧНЫХ ПРОДУКТОВ, РЕАЛИЗУЕМЫХ В ТОРГОВЫХ СЕТЯХ Г. СЕМЕЙ НА СООТВЕТСТВИЕ ТРЕБОВАНИЯМ ТЕХНИЧЕСКИХ РЕГЛАМЕНТОВ ТАМОЖЕННОГО СОЮЗА**

#### **THE RESEARCH OF SAFETY INDICATORS OF DAIRY PRODUCTS SOLD IN RETAIL CHAINS IN SEMEY FOR COMPLIANCE WITH THE REQUIREMENTS OF TECHNICAL REGULATIONS OF THE CUSTOMS UNION**

Молочная продукция, находящаяся в обращении на таможенной территории Таможенного союза в течение установленного срока годности, при использовании по назначению должна быть безопасна.

Молочная продукция должна соответствовать требованиям ТР ТС 033/2013 «О безопасности молока и молочной продукции» и других технических регламентов Таможенного союза, действие которых на нее распространяется [1].

Молочная продукция, предназначенная для реализации, должна быть расфасована в упаковку, соответствующую требованиям технического регламента Таможенного союза «О безопасности упаковки» (ТР ТС 005/2011) и обеспечивающую безопасность и сохранение потребительских свойств молока и молочной продукции требованиям данного технического регламента в течение срока их годности [2].

Молоко и молочная продукция должны сопровождаться информацией для потребителей, соответствующей требованиям технического регламента Таможенного союза «Пищевая продукция в части ее маркировки» (ТР ТС 022/2011) и дополнительным требованиям данного технического регламента [3].

Для исследования качества кисломолочных продуктов (в частности кефира) различных товаропроизводителей, реализуемых в торговой сети г. Семей, были взяты следующие образцы:

**Образец 1.** Кефир, жирность 1% производителя АО «Сүт» («FoodMaster»), В 142620, Республика Казахстан, Павлодарская обл., г. Павлодар, ул. академика Бектурова, 139. СТ 885-1907-12 АО-03-2011.

Пищевая ценность продукта (содержание в 100 г): жир – 1; белок – 3,2; углеводы – 4,6. Энергетическая ценность (калорийность) в расчете на 100 г продукта составляет 40 ккал. Количество молочнокислых микроорганизмов на начало срока годности продукта не менее  $1 \times 10^7$  КОЕ/г. Количество дрожжей на конец срока годности продукта не менее  $1 \times 10^4$  КОЕ/г.

Состав продукта: нормализованное молоко, кефирная закваска.

Масса нетто 1000 грамм, дата изготовления продукта 02.02.18, срок годности 23 суток при температуре  $(4 \pm 2)$  °С.

Образец кефира упакован в «Tetra-Pak» с крышечкой.

**Образец 2.** Кефир, жирность 2,5% производителя АО «Сүт» («FoodMaster»), В 142620, Республика Казахстан, Павлодарская обл., г. Павлодар, ул. академика Бектурова, 139. СТ 885-1907-12 АО-03-2011.

Пищевая ценность продукта (содержание в 100 г): жир – 2,5; белок – 3,1; углеводы – 4,6. Энергетическая ценность (калорийность) в расчете на 100 г продукта составляет 53 ккал. Количество молочнокислых микроорганизмов на начало срока годности продукта не менее  $1 \times 10^7$  КОЕ/г. Количество дрожжей на конец срока годности продукта не менее  $1 \times 10^4$  КОЕ/г.

Состав продукта: нормализованное молоко, кефирная закваска.

Масса нетто 1000 грамм, дата изготовления продукта 02.02.18, срок годности 23 суток при температуре  $(4 \pm 2)$  °С.

Образец кефира упакован в «Tetra-Pak» с крышечкой.

**Образец 3.** Кефир, жирность 1,5% производителя ТОО «Эмиль», Республика Казахстан, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. имени А. Протозанова, 5. ГОСТ 31454-2012.

Пищевая ценность продукта (содержание в 100 г): жир – 1,5; белок – 3,0; углеводы – 4,2. Энергетическая ценность (калорийность) в расчете на 100 г продукта составляет 42 ккал. Количество молочнокислых микроорганизмов на начало срока годности продукта не менее  $1 \times 10^7$  КОЕ/см<sup>3</sup>. Количество дрожжей на конец срока годности продукта не менее  $1 \times 10^4$  КОЕ/см<sup>3</sup>.

Состав продукта: молоко нормализованное, закваска на кефирных грибах.

Масса нетто 1000 грамм, дата изготовления продукта 07.02.18, срок годности 20 суток при температуре  $(4 \pm 2)$  °С.

Образец кефира упакован в «ТетраРекс» с крышечкой.

**Образец 4.** Кефир, жирность 2,5% производителя ТОО «Эмиль», Республика Казахстан, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. имени А. Протозанова, 5. ГОСТ 31454-2012.

Пищевая ценность продукта (содержание в 100 г): жир – 2,5; белок – 2,9; углеводы – 3,9. Энергетическая ценность (калорийность) в расчете на 100 г продукта составляет 53 ккал.

Количество молочнокислых микроорганизмов на начало срока годности продукта не менее  $1 \times 10^7$  КОЕ/г. Количество дрожжей на конец срока годности продукта не менее  $1 \times 10^4$  КОЕ/г.

Состав продукта: нормализованное молоко, закваска из микроорганизмов и дрожжей.

Масса нетто 1000 грамм, дата изготовления продукта 03.02.18, срок годности 15 суток при температуре  $(4 \pm 2)$  °С.

Образец кефира упакован в «ТетраРекс» с крышечкой.

**Образец 5.** Кефир, жирность 2,5% производителя ТОО «МолКОМ-Павлодар», Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, Центральный промышленный район.

Пищевая ценность продукта (содержание в 100 г): жир – 2,5; белок – 2,9; углеводы – 3,9. Энергетическая ценность (калорийность) в расчете на 100 г продукта составляет 53 ккал. Количество молочнокислых микроорганизмов на начало срока годности продукта не менее  $1 \times 10^7$  КОЕ/г. Количество дрожжей на конец срока годности продукта не менее  $1 \times 10^4$  КОЕ/г.

Состав продукта: нормализованное молоко, закваска из микроорганизмов и дрожжей.

Масса нетто 500 грамм, дата изготовления продукта 03.02.18, срок годности 15 суток при температуре  $(4 \pm 2)$  °С.

Образец кефира упакован в «ТетраРекс» с крышечкой.

**Образец 6.** Кефир, жирность 3,2% производителя ТОО «МолКОМ-Павлодар», Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, Центральный промышленный район.

Пищевая ценность продукта (содержание в 100 г): жир – 3,2; белок – 2,8; углеводы – 4,1. Энергетическая ценность (калорийность) в расчете на 100 г продукта составляет 56 ккал. Количество молочнокислых микроорганизмов на начало срока годности продукта не менее  $1 \times 10^7$  КОЕ/г. Количество дрожжей на конец срока годности продукта не менее  $1 \times 10^4$  КОЕ/г.

Состав продукта: нормализованное молоко, закваска из микроорганизмов и дрожжей.

Масса нетто 0,9 литров, дата изготовления продукта 03.02.18, срок годности 15 суток при температуре  $(4 \pm 2)$  °С.

Образец кефира упакован в пластиковую бутылку.

Исследования показателей безопасности кисломолочных продуктов (в частности кефира) шести образцов различных товаропроизводителей проводились в испытательной лаборатории по испытаниям продукции филиала «Семей» АО «Национальный центр экспертизы и сертификации».

В таблице 1 приведены показатели безопасности исследуемых шести образцов кефира.

Таблица 1 – Показатели безопасности качества кефира шести различных производителей

Наименование показателя	Свинец	Мышьяк	Кадмий	Ртуть
Допустимые уровни, мг/кг (л, дм3), не более	0,1	0,05	0,03	0,005
Кефир 1 % жирности производителя АО «Сүт» («Food-Master»)	0,0059	0,0089	0,011	0,0015
Кефир 2,5 % жирности производителя АО «Сүт» («Food-Master»)	0,006	0,008	0,011	0,001
Кефир 1,5 % жирности производителя ТОО «Эмиль»	0,006	0,009	0,01	0,0019
Кефир 2,5 % жирности производителя ТОО «Эмиль»	0,0053	0,008	0,012	0,001
Кефир 2,5 % жирности производителя ТОО «МолКОМ-Павлодар»	0,0059	0,009	0,01	0,0012
Кефир 3,2 % жирности производителя ТОО «МолКОМ-Павлодар»	0,0061	0,01	0,019	0,001




Рисунок 1 – Содержание показателей безопасности в исследуемых образцах

Динамика показателей безопасности показывает, что образец кефира 2,5% жирности производителя ТОО «Эмиль» содержит меньшее количество свинца, чем в остальных образцах (рис. 1). По результатам исследований показателей безопасности кефира шести образцов различных товаропроизводителей отклонений от норм регламентируемых ТР ТС 021/2011 «О безопасности пищевой продукции» выявлено не было [2].

### Литература

1. ТР ТС 033/2013 «О безопасности молока и молочной продукции»
2. ТР ТС 005/2011 «О безопасности упаковки»
3. ТР ТС 022/2011 «Пищевая продукция в части ее маркировки»

ГТАХР: 65.01

**А.Т. Серікова, А.Б. Балғабайқызы, Д.С. Асылхан**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,  
aiser\_71@mail.ru dariyaassylkhan@mail.ru

## **РАДИОПРОТЕКТОРЛЫҚ ҚАСИЕТІ БАР БРИКЕТТЕР ҚҰРАМЫН ІЗДЕСТІРУ**

### **SEARCH FOR THE COMPOSITION OF BRIQUETTES WITH RADIOPROTECTIVE PROPERTIES**

Халық денсаулығын сақтау – мемлекеттің басты маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Адам өмір сүру үшін, ең бастысы дені сау болуы керек. Мемлекет қоғам денсаулығы үшін өз саясатында тағамтану жүйесін жүйелі түрде қарастырады.

Қазақстан территориясында қуатты ядролық сынақтардың ең көп мөлшері жасалды. Семей полигонында 1949 жылдан 1989 жылға дейін 470 ядролық жарылыс, оның 90-ы ауада, 354-і жер астында және 26-ы жер бетінде жүргізілген. Олар Қазақстан территориясының біраз бөлігінің радиациялық ластануына әкелді. Шығыс Қазақстан тұрғындары Хиросима-Нагасаки мен Чернобыльдан кейінгі ең үлкен йондаушы сәулелену дозасын алған [1].

Радиациялық бөлшектер мен шығарылған сәулелер адамның организміне түскенде жасушаларды (клеткаларды) бұзады, соның нәтижесінде түрлі аурулар пайда болады [2].

Адам денсаулығын радиациядан қорғаудың үш негізгі тұғыры қарастырылады: радионуклидтердің топырақтан өсімдікке өтуін төмендету (жайылымдар мен шабындықтарды өсіру, минералды тыңайтқыштарды енгізу, ауыл шаруашылығы алқаптарында топырақты әктеу және т. б.); жануарларға сорбенттері бар құрама жемдерді беру радионуклидтер құрамының төмендеуі; организмнің жалпы резистенттілігін арттыратын және организмінен радио нуклидтердің, ауыр металдар мен нитраттардың шығарылуын жеделдететін таза тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету [3].

Радиоактивті заттардан қорғаудың тағы да бірнеше жолдары бар. Олар: физикалық, химиялық және биологиялық болып бөлінеді. Осылардың ішіндегі радиациядан қорғанудың химиялық және биологиялық тәсіліне жататын, радиацияға қарсы қолданатын радиопротекторлар деп аталатын препараттар бар. Олар ағзаларды радиациядан сақтап қалу мақсатында, радиоактивті элементтердің бөлшектерін ағзалардан шығару үшін қолданылады [4].

Радиопротекторлық қасиеті бар брикеттер – радиациядан қорғануда аса маңызға ие болып отыр.

Организмнен радионуклидтерді шығаруды жеделдету үшін табиғи өнімдерге жататын және денедегі зат алмасу үрдісін қалыпқа келтіруге ықпал ететін, физиологиялық белсенді заттарды жасау үшін пектин қосылған қоспалар жиі қолданылады.

Пектин организмнен радионуклидтердің, ауыр металдардың тұздарының, басқа да улы заттардың шығарылуына ықпал етеді, холестерин алмасуын жақсартады. Пектин организмдегі радионуклидтердің абсорбциясын (цезий-137 және Стронций-90) едәуір



азайтуға мүмкіндік беретін, олардың ағзадан шығарылуын жақсартатын тағамдық қоспаларды әзірлеу саласындағы зерттеулер қоғамдық гигиенаның іргелі зерттеулеріне жатады.

Пектин әртүрлі улар мен зиянды заттардан, пестицидтерден, ауыр металл иондарынан, радиоактивті элементтерден ұлпаларды тазартады.

Пектиннің құрылымдық қасиеттері емдік препарат ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Украина Ғылым академиясының энтеросорбенттер ғылыми-зерттеу институтында, тамақтану гигиенасы ғылыми-зерттеу институтында ғалымдарының зерттеулері диеталық талшықтардың қасиеттері бар пектинді диеталық қасиетіне байланысты қолдануға болатындығын көрсетті.

Пектиннің пайдасы заттардың ағзадағы метаболизмге әсер етуімен байланысты: ол тотығу процестерін тұрақтандырады, перифериялық қан айналымын, ішек қозғалғыштығын жақсартады, сонымен қатар қандағы холестеринді төмендетеді. Пектин іс жүзінде еритін талшықтардан тұратын ағзаның асқорыту жүйесі арқылы сіңірілмейді. Пектин басқа өнімдермен бірге ішек арқылы өтіп, зиянды заттар мен холестеринді сіңіреді, оларды организмнен шығарады[5].

Қанда айналатын радионуклидтердің шығарылуы едәуір дәрежеде ішек арқылы жүретінін ескерсек, ал пектиндер асқазанға түскен радионуклидтермен байланысқа түсіп, ыдыратады, сондықтан да, пектинді профилактикалық препараттар түрінде қолданса радионуклидтердің қан арнасынан бөлінуі тездетіледі.

Пектиндердің әсерінен ағзалар мен тіндерге бұрын сақталған, қордаланып қалған радионуклидтердің организмнен шығу үрдісі жылдамдайды.

Бұрынғы Семей полигоны аумағында орналасқан елді-мекендерде ұсталынатын, бағылатын жануарлар үшін радиопротекторлық қасиеттері бар заттарды қолдану өте қажетті шара. Ет және ет өнімдерінің, сүт және сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі ветеринария саласында өзекті мәселе, сондықтан да,, радиопротекторлық қасиеті бар қоспаларды, брикеттерді ойластырып, қолданысқа енгізіп, мал жемі ретінде қолданса, радионуклидтердің азаюына біршама себеп болар еді.

#### **Әдебиеттер**

1. Амирбеков Ш.А., Дюсембаев С.Т., Амирханов К.Ж. және басқалары «Научный центр радиоэкологических исследований. Современная радиоэкологическая обстановка на территориях, прилегающих к Семипалатинскому испытательному ядерному полигону» Монография. – Алматы, 2013. – 358 с. – 157-259 бет.
2. Д.А Харкевич, «Фармакология», Мәскеу, 2014 ж.
3. <https://mylektsii.ru/1-105885.html>
4. [https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic\\_biology/4739/РАДИОПРОТЕКТОРЫ](https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_biology/4739/РАДИОПРОТЕКТОРЫ)
5. <https://kk.pobedidijabetes.org/3503-pectin-what-is-it-the-benefits-and-harms-of-pectin-fo.html>

ҒТАХР: 65.59.03

**А.Т. Серікова**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

### **ЕШКІ ЕТІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

#### **BIOLOGICAL AND NUTRITIONAL VALUE OF GOAT MEAT**

Ешкі етінің тағамдық құндылығы ылғалдың, белоктың, майдың, алмаспайтын аминқышқылдарының мөлшеріне, толыққұнды қаныққан май қышқылдарына, В тобының дәрумендеріне, микро және макроэлементтердің сандық және сапалық арақатынасына, сонымен қатар еттің органолептикалық көрсеткіштеріне байланысты. Сондықтан да еттің

сапасын су – белок, май – белок, су – май арақатынасына және басқа да заттардың бар-жоғына байланысты да анықтайды.

Ешкі етінің химиялық құрамы өте күрделі; оның құрамында белоктар, экстрактивті және минералды заттар, майлар, су және белгілі бір мөлшерде дәрумендер енеді [1].

Ешкінің еті дәмдік сапасы жағынан қой етінен төмен емес. Ешкінің еті құрамындағы белогы бойынша, ауылшаруашылығының басқа жануарларына ұқсас, бірақ оның құрамында су көп және май аз болады. Майдың басым бөлігі ішкі мүшелерінде жиналады. Алайда ол тағамдық құндылығы бойынша сиыр етінен асып түседі және қой етіне жақын болады. Құрамындағы негізгі май қышқылдары бойынша ешкі етінің майы қой және сиыр етіне ұқсас, бірақ олардан айырмашылығы еру температурасының төмендігі және түсінің ақ болуында; иісі немесе дәмі болмайды. 6 айлық лақтың еті асханалық сапасы бойынша ересек ешкі етінен жоғары. Құрамындағы А (ретинол), В (тиамин), В (рибофлавин) дәрумендері бойынша ешкі еті ауылшаруашылығының басқа жануарларынан асып түседі.

А. Mowlem айтуы бойынша, ет базарындағы ешкі етінің қажеттілігі оның тамаша дәмдік қасиетімен сипатталады. Басқа жануарлар түрлерінің етінен айырмашылығы сол, қой етіне қарағанда майының аз болуымен, ылғалдылығының және сутегі иондарының жиынтық көрсеткішінің жоғары болуымен ерекшеленеді [2].

Бұлшық еттің химиялық құрамы өте күрделі. Оның құрамындасу (70-77%), белок (18-22%), май (2-3%), экстрактивті заттар (1,5-2%) бар. Ешкі етінің құрамында А (ретинол), В1 (тиамин) және В2 (рибофлавин) витаминдері болғандықтан ауыл шаруашылық жануарларының басқа түрлерінің етінен ешкі еті сапалы болып саналады. [3,4].

А.Ф. Крисанов мәліметінше, ет биологиялық құнды белоктардың көзі. Жеңіл сіңетін белоктардың негізгі бөлігі бұлшық ет тінінде жинақталған. Оларға суда еритін саркоплазма белоктары – миоген, миоальбумин, глобулин және миоглобин жатады. Миоген сумен жеңіл түрленеді де, сорпа бетінде ұйығаннан кейін көбік түзеді. Миоглобин хромопротейінінде темір болғандықтан қызыл түсті, ол етті қызыл түске бояйды.

В.А. Сечиннің келтірген дерегі бойынша құрамында холестерин мөлшері аз ешкі еті сапалы ет болып саналады. Қой етімен салыстырғанда аминқышқылдарының мөлшерінің көптігімен сипатталады. Онда гистамин мөлшерінің көп және эластин мен коллагеннің мөлшерінің аз болуына байланысты тез піседі және ағзаға тез сіңеді [5].

М.В. Батясова, Э.Б. Битуева және Мунхцэцэг Чулуунбаатар айтуынша, ешкі еті төмен қуатты тағамдық шикізат болып есептеледі және энергетикалық құнарлылығы 97,49 ккал құрайды. Аминқышқылының, майқышқылының және минералдық құрамын зерттеу көрсеткіштері ешкі етінің биологиялық құндылығының жоғары екендігін көрсетеді [6].

Еттің тағамдық құндылығы белоктардың сандық және сапалық құрамына және ондағы май мөлшеріне байланысты болады.

Аминқышқылдардың құрамына байланысты белок толыққұнды немесе құндылығы толық емес болуы мүмкін. Алмаспайтын аминқышқылдары адам ағзасында түзіле алмайды, сондықтан міндетті түрде тағамдардың белоктары арқылы енуі тиіс. Егер тағамдық белоктардың құрамына барлық алмаспайтын аминқышқылдары кірсе, онда бұндай белок толыққұнды болып есептеледі.

Еттің тағамдық құндылығын бағалайтын ең маңызды қасиеттердің бірі - ол нәзіктілігі мен шырындылығы. Еттің нәзіктілігіне жануардың түрі, тұқымы, жынысы, жасы, сонымен қатар, байланыстырушы тіндердің саны, бұлшық ет талшығының диаметрі үлкен әсерін тигізеді. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, еттің шырындылығы ондағы май мөлшеріне байланысты. Неғұрлым бұлшық ет ішіндегі және бұлшық ет арасындағы май көп болса, соғұрлым ет шырынды болады.

Құрамындағы негізгі май қышқылының әсерінен ешкі етінің майы қойдың және сиырдың майына ұқсас. Ешкі майы иіссіз және дәмсіз болады, күнгірт, қатты, еру температурасы 46-55 °С. Сонымен қатар, көп мөлшерде стеаринді және аз мөлшерде пальмитинді және полиқаньққан қышқылдардан тұрады [7].

В.М.Сахноның мәліметі бойынша ешкі етінің морфологиялық және химиялық құрамына малдың тұқымы, жынысы, жасы және басқа факторлар әсер етеді. Етті тұқымды ешкілерден жақсы дамыған бұлшық ет және май ұлпалары бар аса бағалы ет алынады. Мұндай ет нәзік, шырынды және дәмді болады..

Малдың жасына байланысты ешкілердің организмінде әр түрлі өзгерістер байқалады: тері асты және бұлшық ет аралық майының бұлшық ет ұлпасының құрамы жақсаратыны байқалады [8].

Т.С. Преображенская өзінің зерттеуінде ешкі еті ауыл шаруашылығында қосымша өнім болып табылатындығын баяндаған. Бірақ та, ешкі еті диеталық өнім болатындықтан, әсіресе, майсыз ешкі еті семіздікпен, диабетпен және басқа да ауруларынан зардап шегетін адамдар үшін таптырмас құнды ет болып есептеледі.

V.S. Prasad пен N.K. Bhattacharyya (1990) айтуы бойынша басқа ауыл шаруашылық жануарларының еттерімен салыстырғанда ешкі етінде А дәрумені көбірек болады [9].

A. Mazumber мәліметі бойынша ешкі еті өзінің құрылымының ерекшелігіне байланысты басқа жануарлардың еттеріне қарағанда жеңіл сіңіріледі [10].

П. Коваленконың зерттеулері бойынша ешкі еті тағамдық, дәмдік және сіңімділік қасиеттері бойынша қой етіне ұқсас келеді. Жасы ұлғайған сайын малдардың тірі салмағы жоғарылайды, сойыс салмағы және сойыс шығымы май жиындыларының есебінен жоғарылайды, ал протеиннің мөлшері сол кезде төмендейді. Бағалы, бөгде иісі мен дәмі жоқ ешкі етін пішпелерді немесе ешкілерді жайып семірткеннен кейін күзде алады [11].

П.В.Житенконың дерегі бойынша бұлшық еттің минералды заттары көптеген макро және микроэлементтерге бай. Арық етте 0,20-0,22% фосфор, 0,32-0,35 % калий, 0,05-0,08% натрий, 0,020-0,022% магний, 0,002-0,003% темір, 0,003-0,005% цинк және өте аз мөлшерде мыс, стронций, барий, бор, кремний, қалайы, қорғасын, молибден, фтор, иод, марганец, кобальт, никель болады. Адам тағамдануына микроэлементтердің ішінде гормондар, ферменттер мен биологиялық белсенді заттардың құрамына енетіндерінің физиологиялық құндылығы жоғары болады. Етте 50-ден астам ферменттер бар[12].

Ешкі еті негізгі май қышқылдарының мөлшеріне қарай қой және сиыр етіне ұқсас және жоғары тағамдық құндылыққа ие және адам ағзасына қажетті амин қышқылдарына өте бай. Ешкі етінің құрамында А, В<sup>1</sup> және В<sup>2</sup> дәрумендері болғандықтан ауыл шаруашылық жануарларының басқа түрлерінің етіне қарағанда сапалы. 100 г өнімнің энергетикалық құндылығы: дәрумендер: В<sup>6</sup> – 20%, В<sup>12</sup> – 66,7%, РР-39,9%, макро және микро элементтер: фосфор – 25%, күкірт – 23%, темір – 16,7%, мырыш – 25%, мыс – 18%, хром – 20%, молибден – 17,1%, кобальт – 70%. Сиыр және шошқа етіне қарағанда, ешкі етінің құрамында холестерин мөлшері бірнеше есеге аз.

Ешкі етінде 3%-ке жуық майлар мен май тәріздес заттар және 1,08-2,2% экстракты заттар бар. Бұлшық ет ұлпасы минералды заттарға бай, олардың ішінде кеңінен таралғандары натрий, калий, магний, мырыш, темір, кобальт, фосфор, марганец, йод деп саналады [13].

Ешкі етінің биологиялық және тағамдық құндылығы жайлы біршама құнды деректер болғанымен, әркездегі ғалымдар әртүрлі пікірлер айтады. Жалпы алғанда, көпшілік ғалымдардың пікірі бойынша ешкі еті құнды тағам ретінде саналуда. Қазіргі заманғы әдістемеліктермен зерттеулерді тереңдете жүргізіп, ешкі етінің сапасын әлі де болса, тыңғылықты, мұқият түрде ғылыми деректерге негізделген әдістермен және қазіргі заманға сай қондырғылармен тереңдете зерттеу қажет.

### Әдебиеттер

1. Бурамбаева Н.Б., Бексеитов Т.К., Темиржанова А.А. және т.б. Ешкі шаруашылығы, ет, сүт, түбіт, жүн өндіру технологиясы. Кереку баспасы, Павлодар, 2012, 20 бет
2. Mowlem, A. Milk and meat production from goats / A. Mowlem // Goat Veter. Soc. J. – 1985. – V. 6. – P. 32-37.

3. Серикова А.Т. Морфологический и химический состав мяса коз // Халық аралық ғылыми тәжірибиелік конференцияның материалдары: «Экономиканың жаһандануы жағдайында азық – түлік өнімдерін өндірудің өзекті мәселелері». – Семей, 2009. – Б.15-16.
4. Житенко П.В. Технология продуктов убоя животных // М «Колос» 1984. – Б.102-143.
5. Сечин, В.А. Использование питательных веществ и энергии рационов козовалухами в зависимости от уровня протеинового питания / В.А. Сечин, Б.С. Нуржанов // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – 2007. – Т.1. – №13-1. – С. 128-129.
6. Батясова, М.В. Биологическая ценность мяса коз монгольского экотипа / М.В. Батясова, Э.Б. Битуева, Мунхцэцэг Чулуунбаатар // Вестник Бурятской государственной сельскохозяйственной академии им. В.Р. Филипова. – 2012. – № 4(29). – С. 82-88.
7. USDA. (2002). Nutritive Value of Foods. Home and garden bulletin, no. 72. Agricultural Research Service. Retrieved August 27. – 2008.
8. Сахно В.М. Мясо животных. Энтропос, 2004. – 166-167с.
9. Дүйсенбаев С.Т., Әмірханов К.Ж., Серікова А.Т. Ет, сүт өнімдерін өндіру технологиясы, гигиенасы және ветеринариялық-санитариялық сараптау. «Семей» – 2008. – Б.110-138.
10. Prasad V. SS., Bhattacharyya N.K. Goat a rotential animal for meat and milk // Asian Livestock. 1990. – 15. – 10. – P. 116-120.
11. Mazumber A. Effect of physiological status of the animals on the yield of pure pashinina in Indian goats // Ind J. anim. Sci. 1991 – 49. – 9. – P. 721-724.
12. Коваленко П. Козы и овцы: содержания, разведения, переработка мяса, шерсти и молока. Москва: Феникс. Ростов-на-Дону, 1999 – 14-15 б.
13. Житенко П.В. Технология продуктов убоя животных. М: Колос, 1984. 102 – 143 б.

МРНТИ: 65.59.03

**А.Б. Жексенаева, С.Т. Дүйсембаев**

НАО «Университет имени Шакарима города Семей», asel1980@inbox.ru

## **РОЛЬ МЯСА В РАЦИОНЕ ЧЕЛОВЕКА И ЕЕ ПИЩЕВАЯ ЦЕННОСТЬ**

### **THE ROLE OF MEAT IN THE HUMAN DIET AND ITS NUTRITIONAL VALUE**

Экспорт мяса в дальнее и ближнее зарубежья является одной из главных возможностей развития экономики Республики Казахстан. В том числе, актуальная задача работников сельского хозяйства – повышение уровня качества и количества мясных продуктов из говядины. Во многих странах говядина составляет наибольшую долю (50% и выше) всего используемого мяса в целом. Для экспорта говядины установлен ряд требований, регулируемый специальными нормативами. В рамках данного норматива поставлены очень высокие требования к органолептическим, биохимическим и качественным показателям [1].

Определение качества мяса проводится комплексным методом, а в некоторых случаях органолептические исследования могут стать решающим фактором. Органолептические исследования – оценка качества продукта с помощью органов чувств. Есть строго определенные стандарты требования для определения органолептических показателей мяса [2].

Биохимические и микроскопические анализы основаны на значениях рН, реакциях пероксидаза, реакциях формалина, показателях первичного расщепления белка, показателях кислот летучих масел, численных показателях активности пероксидазы [3].

Инородными веществами в мясе считаются тяжелые металлы и радиоактивные вещества. Ухудшение экологического состояния, а так же ядерных взрывов на территории

ядерного полигона города Семей, стали причиной повышения инородных веществ в составе мяса. В следствии данных взрывов с 1949 года в атмосфере начали распространяться различные радиоактивные изотопы, в том числе и долгосрочные радиоактивные вещества. Они опускаются из атмосферы на земельный покров, надземные и подземные воды, океаны и моря, а так же на растения и живые организмы. Радиационные вещества на протяжении долгого промежутка времени отравляют окружающую среду и вредят всему живому, в т.ч. людям и животным. Загрязнения продуктов сельского хозяйства радионуклидами – является очень важным и актуальным вопросом, поэтому требует постоянного контроля определение уровня, объема и состава на влияние мясо животных, в том числе и на говяжье мясо. [4].

Определение безопасности продовольствия и продуктов местного скотоводства, а так же привозного мяса говядины – в связи с влиянием техногенных и экологических факторов окружающей среды – является актуальным вопросом для современного Казахстана, учитывая его подготовки к вступлению в ВТО. Так как безопасность и качество продуктов питания – важная проблема между потребителями и производителями [5].

**Цель исследования.** Основываясь на органолептические и биохимические показатели, определить продовольственную безопасность говядины.

В процессе проведения органолептического исследования мяса определены: внешний вид и цвет, консистенция, запах, жир, костный мозг, сухожилия, мышцы; в ходе готовки метода определяется качество бульона. Проведены бактериоскопические исследования, классические методы биохимического исследования, уровень рН, реакция пероксидаза, реакция  $\text{CuSO}_4$ , реакция формалина, определено количество кислот летучих масел. То есть, в процессе определения уровня безопасности мяса с помощью 5% пероксида водорода взятый 1 мл мясного сока, в соотношении 1:10 был разбавлен с 5 каплями 5% пероксида водорода и наблюдалась реакция.

Для определения инородных веществ в мясе: взяли 30-50 г мяса без жира, пробы с 4-5 шеи. Общий объем пробы 0,2-0,3 кг. В фарфоровую посуду поместили 20-100 объема пробы и выпарили объем в водяной бане. После, пробу из посуды переместили в муфельную печь с нагревом выше  $300^\circ \text{C}$  для превращения в золу. Опыт считается завершенным, когда проба преобразуется в белый или серо-белый цвет. Проба золы вынимается с муфельной печи, остужается и переносится в эксикатор. Остудили пробу в комнатной температуре, измельчили и взвесили.

### **Результаты исследования**

Органолептические показатели мяса крупного рогатого скота, взятого в жилых местностях Долонь и Мостик: мясо ярко красного цвета, запах соответствующий, плотная консистенция, бульон прозрачный, запах так же соответствующий. Сухожилия тянутся, плотные, лицевая сторона гладкая и блестящая, синовиальная жидкость прозрачная. Говядина, взятая в жилых местностях Сарапан, Жанан и Саржал красного цвета, запах соответствующий, консистенция более мягкая, бульон мутный, аромат бульона немного особенный – присутствует едва уловимый кислый запах.

Согласно биохимическим показателям: уровень рН в говяжьем мясе приобретенном в жилых местностях с чрезвычайной радиацией – 5,9, результаты реакции пероксидаза – положительные. Результат реакции  $\text{CuSO}_4$  – положительный, результат реакции формалина – цвет бульона не изменился, то есть в начальных стадиях образования белков изменений нет. Количество кислотности летучих масел в мясе – 1-2 мг. Во время бактериоскопических исследований на мясе встречаются пары штук палочек и кокков.

